



ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ ҮШІН ОРНЫ ТОЛМАС ҚАЗА

Мұхтар Шаханов бар ғи-
ратты ғұмырын кастерлі сөз
өнеріне арнап, қазақ поэзиясын
жаңа белеске көтерген, төл әде-
биетіміз бен мәдениетіміздің
көкжиегін кеңейтуге елеулі үлес
қосқан қоғамымыздың тұғырлы
тұлғасы еді. Әрқашан тіл жа-
нашыры ретінде игілікті істер-
дің бастауында болды. Шығар-
малары көптеген шет тілдеріне
тәржімаланды, жалынды жыр-
ларын қалың оқырман сүйіп
оқыды. Өнегелі өмір сүріп,
соңына мол әдеби мұра қал-
дырған Мұхтар Шахановтың
жарқын бейнесі халқымыздың
жадында мәңгі сақталады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті

ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕН БІР ДӘУІР КӨШКЕНДЕЙ БОЛДЫ

Құрметті Қасым-Жомарт Ке-
мелұлы!

Қадірлі қазақ ағайындар!

Қазақ халқының ұлы перзенті,
Қырғыз елінің халық ақыны, бел-
гілі мемлекет және қоғам қай-
раткері, Қазақстанның Қырғыз-
стандағы тұңғыш елшісі, Шыңғыс
Айтматовтың және бүкіл қырғыз
халқының досы Мұхтар Шаха-
новтың дүниеден өткені туралы
суық хабарды аса ауыр қабылдадым.

Мұхтар аға бауырлас қазақ
халқының ғана емес, көпмил-
лионды қырғыз халқының да руха-
ни тірегі, ақылшы ағасы еді. Бүгінде
қырғыз жұртшылығы тағы бір асқар
тауынан, тағы бір рухани тірегі-
нен айырылып, жүрегі қанжылап
тұрғандай күй кешуде. Халықта
мұндай ұлы тұлғалардың өмірден
өтуі туралы «Оның кетуімен тұтас
бір дәуір кетті» дейді. Шынында да,
Мұхтар ағаның өмірден озуымен
бүкіл түркі әлемінен бір дәуір көш-
кендей болды.

Отанына адал осындай дарынды
ұлынан айырылып отырған қаралы
күні бауырлас қазақ халқына және
ақынның туған-туыстарына қай-
ғырып көңіл айтамын.

Садыр ЖАПАРОВ,
Қырғыз Республикасының
Президенті

ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЗАҢҒАР АҚЫНЫ МҰХТАР ШАХАНОВ ӨМІРДЕН ОЗДЫ

Алматыда Абай атындағы Қазақ
ұлттық опера және балет
театрында Халық жазушысы,
Қазақстанның Еңбек Ері,
көрнекті ақын және мемлекет
қайраткері Мұхтар Шахановпен
қоштасу рәсімі өтті.

Ұлт рухының жыршысын ақтық са-
парға шығарып салуға мемлекет және
қоғам қайраткерлері, зиялы қауым
өкілдері, замандастары мен ақын шығар-
машылығының қалың табынушылары
келді. Бұған қоса, ақынмен қоштасуға Қа-
зақстан Парламенті Сенатының төрағасы
Мәулен Әшімбаев, премьер-министрдің
орынбасары — мәдениет және ақпарат
министрі Аида Балаева, Алматы қал-
асының әкімі Дархан Сатыбалды және
басқа да мемлекет қайраткерлері келді.
Мемлекет басшысының көңіл айту

АЛМАТЫДА ҚАРАЛЫ ЖҰРТ АҚЫНМЕН ҚОШТАСТЫ

жеделхатын оқыған Қазақстан Пар-
ламенті Сенатының төрағасы Мәулен
Әшімбаев бұл қаза қалың оқырманның
қабырғасын қайыстырған ауыр қаза
болғанын атап өтті.

Сондай-ақ ақынмен қырғызстандық
жазушы Шолпонбек Абыкеев қо-
штасып, Қырғызстан Президенті Садыр
Жапаровтың көңіл айту сөзін жеткізді.

Қаралы жиынды жүргізген Қазақ-
стан Жазушылар одағы Басқармасының
Төрағасы Мереке Құлкенов Мұхтар
Шахановтың қазаққа қалтқысыз қызмет
еткен, руханиятқа өлшеусіз еңбек сіңір-
ген сирек тұлғалардың бірі екенін айтты.

— Мұхтар Шаханов — Махамбет
Өтемісұлынан кейін шындықты тайсал-
май айтқан, ешкімнен қаймықпаған
сирек ақындардың бірі. Оның аза-
маттық үні әрдайым халық жағын-
да болды. Марқұмның жаны жән-
наттың төрінде шалқысын! — деді
Мереке Әбдешұлы. Сонымен қатар
белгілі ақын Ұлықбек Есдәулет, Қазақ-
стан Республикасы Парламенті
мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшім-
жан, Алматы қаласының әкімі Дархан
Сатыбалды ақынмен қоштасу сөзін
жеткізді.

**Қазақстан Жазушылар
одағының баспасөз қызметі**

Мұхтар ШАХАНОВ

Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек ері, көрнекті ақын, драматург, мемлекет қайраткері Мұхтар Шаханов 84 жасқа қараған шағында өмірден озды. Ол 1942 жылы 2 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы Шілік ауылында дүниеге келген. Жеті жылдық мектепті бітірген соң облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректор, әдеби қызметкер, «Лениншіл жас» газетінде Оңтүстік облыстар бойынша меншікті тілші, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшысы, республикалық «Жалын» журналының бас редакторы, т.б. қызметтер атқарды. КСРО халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, ҚР Халық депутаты, 1993 — 2003 жж. Қазақстан Республикасының Қырғыз республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметінде, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, сондай-ақ әлем ойшылдарының басын біріктіретін «XXI ғасыр және Руханият» атты халықаралық элита клубының Президенті болды.

Мұхтар Шаханов қазақ поэзиясына өзіндік қолтаңбасын қалдырған көрнекті қаламгер ретінде әдеби жыр жинақтарымен әдебиетсүйер қауымның жүрегінен орын алды. Оның баллада-лары мен поэмалары дүниежүзі халықтарының 20-дан астам тілдеріне аударылған. «Махаббат заңы», «Сенім патшалығы», «Сократты еске алу түні» атты драмалары республикамызда және шетел театрларында қойылған. Ш.Айтматовпен бірлесіп жазған «Күз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабы мен «Сократты еске алу түні» драмасы көптеген тілдерге аударылған. «Шыңғыс ханның пенделік құпиясы» драмалық туындысы негізінде Украинаның Довженко атындағы киностудиясы екі

сериялы телефильм шығарды. «Уақыт бедерлері», «Зерде кітабы» атты жинақтары орыс тілінде шықты. Қырғыз Республикасының халық ақыны (1994), Қазақстан Республикасының халық жазушысы (1996), БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы сыйлығының, Қазақстан және Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлықтарының, Түрік Республикасының «Түрік дүниесіне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының және Қырғыз Республикасы халықаралық «Руханият», түрік дүниесі жазушылар бірлестігінің «Шахрияр», ЮНЕСКО-ның «Боорукер» клубы сыйлықтарының иегері. 2002 жылы «Жазагер жады космоформуласы» шығармасы үшін Калифорния Ғылым, индустрия, білім және өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы алтын медалі, Түркияның Гебзе қаласында «Түркітілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» сыйлығы берілген. «Тың және тынайған жерлерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған. «Нобель» сыйлығының 100 жылдығына орай Тамбов қаласында өткен «Нобель» сыйлығы лауреаттары мен нобельшілердің халықаралық конгресінде «Нобель» акпарат орталығы, «Нобель» қоры, Ресей жаратылыс ғылымдары академиясы бірлесіп бекіткен «Нобельдің Алтын медалімен» марапатталды. 2022 жылы ақынға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, «Отан» ордені табыс-талды.

Ұлттық рухты жандандырып, ел руханиятына өлшеусіз үлес қосқан қаламгердің жарқын болмысы халқының жадында сақталады.

**Қазақстан Жазушылар одағы
Басқармасының хатшылығы**

ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫНА СЕРПІН БЕРГЕН ҚАЙРАТКЕР

Мұхтар Шаханов — саналы ғұмырын ұлттың рухын көтеруге, отаншылдықты дәріптеуге және жас ұрпақтың бойына дұрыс құндылықтарды сіңіруге арнаған бірегей тұлға. Оның жалынды жырлары мен өткір ойлары талай буынның дүниестанымына әсер етіп, ұлттық сананың жаңғыруына серпін бергені анық.

Қайраткер қаламгер Парламент депутаты бола жүріп, ел мүддесін бәрінен биік қойды. Халыққа адал қызмет етудің озық үлгісін көрсетті. Оның азаматтық ұстанымы мен қайсар мінезі қашан да кейінгі толқынға өнеге болып қалады және жарқын бейнесі мен ел үшін атқарған еселі еңбегі халық жадында мәңгі сақталады.

Мұхтар Шахановтың қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын. Ағамыздың иманы саламат, жаны жәннатта болсын.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
ҚР Парламент Сенатының Төрағасы

ҚОҒАМЫМЫЗДЫҢ ТҰҒЫРЛЫ ТҮЛҒАСЫ ЕДІ

Мұхтар ағамыз — елдің алғысына, халықтың құрметіне бөленген тұлға. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың да оған деген ықыласы ерекше. Ұлттық құрылтайдың Ұлытауда өткен алғашқы отырысында Президент қайраткерге еліміздің ең жоғары марапаты — «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын тапсырған болатын. Бұл көпшілік асыға күткен әрі айрықша қабылдаған елеулі оқиға болды.

Мұхтар Шаханов көзі тірісінде-ақ есімін ел тарихына алтын әріптермен жазды. Әрдайым мемлекет мүддесіне жұмыс істеді. Қайраткерлігімен қоғамды алға жетеледі. Мемлекеттік тілдің мәртебесі үшін тынбай күресті. Ал шығармашылық еңбегі руханиятымызға қосылған асыл қазына екені даусыз.

Мұхтар ағамызбен бірге тұтас бір дәуір көшкендей күй кешіп отырмыз. Ардақты ағамыздың жақындарына, барша отандастарға ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтамын. Қадірлі ағаның иманы саламат болсын.

Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі



ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ АЛДАСПАНЫ

Ұлтына адал қызмет еткен біртуар тұлға, әйгілі ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Шахановтың дүниеден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстарына және халқымызға орны толмас ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтамын.

Бұл — ұлт руханияты үшін ауыр қайғы. Мұхтар Шаханұлы азаматтық үнімен, бірегей болмысымен, рухты шығармаларымен қазақ әдебиетіне, қоғамдық ойға зор сілкініс әкеліп, мол олжа салған айтулы ақын, тұғырлы тұлға еді. Тарих тереңінен бастау алған, ұлттық рухпен суарылған жалынды жырларын, жүрек қылын тербейтін әсерлі әндерін жұртшылық жылы қабылдап, жатқа айтты, ерекше ықылас білдірді.

Тіл мен діл, адалдық пен ар-намыс, әділдік пен шындық, тарих пен тағылым секілді асыл құндылықтар негізгі өзегін құраған ақын туындылары — қазыналы қазақ әдебиетіне қосылған зор үлес.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қарымды қаламгердің шығармашылығын, руханиятқа қосқан еңбегін жоғары бағалайды. Осыны ескеріп, бұдан бірнеше жыл бұрын Мұхтар Шахановты еліміздегі ең жоғары марапат — «Қазақстанның Еңбек Ері» атағымен марапаттады.

Ұлттық рухтың алдаспанына айналған асыл тұлғаның жарқын бейнесі халқымыздың жүрегіне мәңгі сақталып, салған ізі, өшпес өнегесі жалғасын таба беретіні сөзсіз. Мұхтар ағамыздың иманы саламат болсын, жатқан жері жарық, топырағы торқа, жаны жәннатта болғай.

Ерлан ҚОШАНОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

Ардақты ағайын!

Қазақ әдебиетінің абыз ақсакалы, Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, аяулы азамат Мұхтар Шаханов жарық жалғаннан өтті. Барша қазақ еліне, ағамыздың әулеті мен ағайын-бауырларына қайғыра көңіл айтамын.

Мұхтар Шаханов шоқтығы биік шығармалары арқылы көзі тірісінде-ақ күллі халықтың ыстық ықыласына бөленіп, алты алаштың ардақтысына айналған біртуар азамат еді.

Ұлт тағдыры сынға түскен елдік істерде азаматтық ұстанымынан таймай, елжандылық пен парасаттылықтың озық үлгісін көрсетті. Қаламгердің өлең әлеміне өрісті өрнек, жанаша тыныс әкелген тағылымы мол туындылары руханиятымыздың құнды қазынасы болып қала берері анық. Мұхтар ағамыздың отты да ойлы өлеңдері, қайсар мінезі, әділет жолындағы табандылығы мен елдік мүдде алдындағы адалдығы жұрт жадында мәңгі сақталады.

Ағамыздың жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын! Рухы пейіште шалқысын! Алла тағала ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін!

Қош болыңыз, ұлтымыздың ұлы перзенті!

Аида БАЛАЕВА,
*ҚР Премьер-министрінің орынбасары —
Мәдениет және ақпарат министрі*

ТАБИҒАТ ПЕН АДАМЗАТ ТАҒДЫРЫНЫҢ БІРТҰТАСТЫҒЫН ДӘЛЕЛДЕДІ

Көрнекті акын, қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, ұлт руханиятының ірі тұлғасы Мұхтар Шаханов дүниеден өтті. Бұл біз үшін орны толмас ауыр қаза.

Мұхтар Шаханов тек поэзия әлемінде ғана емес, ұлт тағдырына қатысты ең күрделі мәселелерде де қайсар үнін жоғалтпаған тұлға еді. Ол ел тағдыры сынға түскен кезеңдерде әрдайым алдыңғы шептен табылып, елдік мүдде жолында табанды күрес жүргізді. Әсіресе Желтоқсан оқиғасы ақиқатын ашудағы қайсарлығы мен әділет жолындағы батыл үні халық жадында мәңгі сақталады. Оның Арал қасіреті жөніндегі жанайқайы — адамзат алдындағы үлкен жауапкершіліктің көрінісі.

1991 жылғы 5 қазанда құрылған Қазақстанның халық конгресі партиясы ел тағдырына бей-жай қарамайтын, либералды-демократиялық бағытты ұстанған саяси күш болды. Бұл қозғалыс кездейсоқ пайда болған жоқ, ол халықтың шынайы үніне айналу үшін дүниеге келді. Сол тұста Мұхтар Шаханов екеуміздің осы партияға төрағалық етуіміз үлкен жауапкершілік еді. Осы тұрғыдан алғанда, Шаханов — нағыз саясаткер. Оның әрбір сөзі халықтың мұнымен үндесіп, жүрегінен шыққан шынайы ой ретінде қабылданды.

Мен «Невада-Семей» қозғалысы арқылы ядролық сынақ полигонын жабуға үн көтерсем, Мұхтар Шаханов Арал трагедиясын токтатуға шақырып, табиғат пен адамзат тағдырының біртұтастығын дәлелдеді.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, барша қазақстандықтарға қайғырып көңіл айтамын.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері

ХАЛЫҚТЫҢ АСЫЛ ПЕРЗЕНТІ

Қазақ руханияты мен әдебиеті орны толмас ауыр қазаға ұшырады. Дүниеден ұлы ақынымыз Мұхтар Шаханов өтті. Шахановпен бірге тұтас бір дәуір кеткендей әсер қалдырады. Ол — қазаққа қалтқысыз қызмет еткен, руханиятқа өлшеусіз еңбек сіңірген сирек тұлғалардың бірі.

Ол өткен ғасырдың сексенінші жылдары оқырман қауымға «Танакөз» поэмасымен танылып, әдебиетке ә дегеннен-ақ ерекше құбылыс болып енді. Бұл шығарма сол кездегі «Лениншіл жас» газетінде екі нөмірге толық жарияланып, оқырманға үлкен серпіліс әкелді. Содан бері Шаханов қазақ поэзиясының биік бір белесіне айналды.

Қазақ әдебиетінде мықты ақындар аз емес. Алайда олардың бәрі бірдей қайраткерлік деңгейге көтеріле бермегені рас. Ал Мұхтар Шаханов әрі акын, әрі ірі қоғам қайраткері болды. Әсіресе оның тәуелсіздікке дейінгі және одан кейінгі кезеңдерде ел мүддесі жолындағы еңбегі айрықша.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы тұсында, қазақ жастарының тағдыры кыл үстінде тұрған шақта, Шаханов Мәскеуде үлкен поэзиялық кеш берді. Бұл сол кездегі тоталитарлық жүйеге қарсы жасалған батыл рухани қадам еді. Ақынның

бұл кеші бірнеше сағатқа созылып, ол жерде ұлт, ел, жер туралы өршіл жырларын оқыды. Бұл Жамбыл Жабаевтың Кремльде қазақша жыр оқыған тарихи сәтінен кейінгі ірі поэзиялық оқиға ретінде бағаланды.

Мұхтар Шаханов — Махамбет Өтемісұлынан кейін шындықты тайсалмай айтқан, ешкімнен қаймықпаған алдаспан ақындардың бірі. Оның азаматтық үні әрдайым халық жағында болды.

Ақын адамзат тағдырына жырлары ақылы ғана алаңдаушылық білдірмегені тарихтан белгілі. Арал теңізінің тағдырына бей-жай қарамай, экологиялық мәселені көтеруде де белсенділік танытты. Мемлекет деңгейіндегі талқыларда да өз ойын ашық айтып, ел мүддесін қорғады. Әрдайым халықтың жағында шындықты ту етумен жүрді. Тайсалмады, тартынып қалмады. Егемендікке дейін де, егемендік жылдары да Ана тілінің айбынын көтеріп, абыройы үшін аз күрес жүргізбеді. Мұнысына мұкым қазақ куә. Сөйте-сөйте ұлтының асыл перзентіне айналып кетті.

Марқұмның жаны жәннаттың төрінде шалқысын!

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағы
Басқармасының Төрағасы

ШЫҒАРМАЛАРЫ ХАЛҚЫМЕН ЖАСАЙ БЕРМЕК

*Отырардың түлегі,
Жыр жолының жүрегі,
Мұхтар аға Шаханов —
Батыр жанның бірі еді. . .*

Тағы бір асыл азаматымыз дүниеден өтті. Мұхтар ағамыз туындыларымен ғана емес, өр даусымен, қайтпас қайсарлығымен, табандылығымен, күрескерлік қасиетімен халық рухының, дәстүрі мен салтының жаңғыруына аянбай еңбек етті. Ел басына төнген қатерлі сәттерде де қастерлі жолынан

танбай, қазақ жұртының, ұлт руханиятының өрлеуі үшін барын салды. Ерлікті, ізгілікті, сұлулық пен асқақ болмысты жырға қосты. Ақын есімі, шығармалары елімен бірге жасай бермек.

Қалың елге, Мұхтар ағамыздың отбасы мен туғандарына, барша жырсүйер қауымға қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын.

Бақтықожа ІЗМҰХАМБЕТОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,
Қазақстанның Еңбек Ері

ҒҰМЫРЫН ҰЛТ МҮДДЕСІНЕ АРНАҒАН БИІК РУХ ИЕСІ

Мұхтар ағамыз қазақ әдебиеті мен руханиятына өлшеусіз үлес қосқан заңғар тұлға еді. Оның шығармашылығы ұлттық сөз өнерінің көкжиегін кеңейтіп, терең мазмұны және биік азаматтық ұстанымымен ерекшеленді. Ақын еңбектері әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, қазақ руханиятын халықаралық деңгейде танытты. Ол саналы ғұмырын ұлт мүддесіне, әділет пен ақиқат жолына арнап, қайсар мінезі мен биік рухының арқасында халық жадында мәңгі сақталатын өнегелі із қалдырды. Орны толмас қайғыларыңызға ортақпын, марқұмның иманы саламат, жаны жәннаттан болсын. Алла Тағала баршаңызға сабыр берсін!

Саясат НҮРБЕК,
ҚР Ғылым және жоғары білім министрі

МҰХТАРЛАР ӘЛЕМІНІҢ АЛЫБЫ

Әй, жалған дүние-ай!.. Бір кездері Мұхтар Шахановпен қазақ радиосында бір кабинетте отырып, қызмет еткен жылдар көз алдымда. Менен 6 жас кіші еді. Текті тұқымнан екенін ақыл-парасатынан, үлкен-кішіге деген ізет-құрметінен сезетін едім.

Бір күні маған: «Аға, бір керемет радиопьеса жаздым. Бұл кешегі соғыста мерт болған жауынгердің өсіп-жетілген ұлының әкенің ерлік даңқын көтерген жас жігіттің азаматтық келбеті еді. Соған сіздің ғана терең толғанысты әніңіз керек», — деді. Өзім де сол соғыстың қасіретін көп ойлай беретінмін. Әкем сол қырғыннан сегіз жерінен жараланып елге құр жаны жетті ғой. Мұхтар Шахановтың сол радиопьесасына «Әке даңқы» деген әнді жаздым. Осы пьеса эфирден

берілген күннен бастап, әкелері соғыстан қайтпаған азаматтардың хаттары радиоға көп келе бастады. Сол хаттардың бірін өз аулымыздағы Аманжол Сәрсекеев деген азамат жазыпты. Ақырында сол Аманжол әкесі соғысқан жерге барып, әкесінің бейітін тапты. Топырағын әкеліп, елдің қорымында ескерткішін орнатты. Міне осы жайтқа себепші болған, өмірге ғашы көзбен қарап, әділет, шындық үшін жеңілмей, шегінбей, берілмей күрескен қайратты азаматтың жалынды жүрегі тоқтапты.

Жазмыш ісіне не дауа, бақұл бол, бауырым. Баки дүниеде де жүзін жарқын. Сенің отты жырларың еш уақытта өшпейді, елдің жүрегінде.

Ілия ЖАҚАНОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері

ӘР СӨЗІ ДӘУІРДІҢ ҚАНТАМЫРЫНА АЙНАЛҒАН АҚЫН

Ұлттың ұлылығын, терең мәнін, жаны мен дауысын әлемге жеткізген, ойлары оқырманының өзегін өртеген ақын өмірден өтті. Бірақ бір таза шындық бар, әлем ауысып, ғалам жаңарса да, дәуір өзгерсе де ақын өлмейді! Ол ақын сөзінің түбірінде мәңгілік өмір сүреді... Ақынның тазалығы — мәңгілік тазалық! Білетіндер мен түсінетіндер үшін Мұхтар Шаханов шындықтың символы, ұлы даланың қыраны, биіктіктің ұлы болды. «Дәуір өтіп барады, ақымақтардың ғасыры келе жатыр!» деп Евгений Евтушенко жазғандай, әрбір сөзі, тынысы, ойы, көзқарасы дәуірдің қантамырына айналған Мұхтар Шаханов жалған әлемнен кетіп, шындық әлеміне енді... Мұхтар ағамыз қазақтың жаны еді, соңғы сөзіне дейін шындықпен өмір сүрді, шындықпен сөйледі, шындықтың жолында ұлы адамдардың әлеміне айналды... Қырғыз халқын сүйетін және оған бар махаббатын арнайтын адам болса, ол Мұхаң ағамыз сияқты болады, бүгін біздің де туымыз төмен қарап тұр!

Жаныңыз жұмақта болсын, Мұхтар аға!

Сұлтан РАЕВ,
ТУРКСОЙ-дың Бас хатшысы

ҰЛТТЫҢ ЖАНАЙҚАЙЫ БОЛЫП ӨМІРДЕН ӨТТІ

Бүкіл ғұмырын халқына сарп еткен Мұхтар Шаханов та өтті өмірден. Ол ұлт үшін ұлы күрес үлгісін көрсетті. Оның бүкіл болмысы ұлттың жанайқайы еді. Ұлттың жанайқайы болып өмірден өтті. Ұлттың жанайқайы болып жанды. Өртенді. Өлмей тұрып жұрттың жүрегіне жерленген неткен бақытты елін, Мұқа! Өзін барда еліңе қызмет еттің, енді өзің жоқта елің өзіңе қызмет еткей! Алла алдыңнан жарылқап, жаның жәннат төрінде шалқығай!

Смағұл ЕЛУБАЙ

ҚАЙРАТКЕРЛІКТІҢ ҮЛГІСІ БОЛДЫ

Ұлы адам өмірден өткенде онымен бірге бір дәуір қоса кеткендей болады. Өйткені таудың құлауы — тастың құлауы емес. Оның орны бөлекше, ерекше. Опырайған, үнірейген орны ешқашан толмас шығын.

Мұхтар ағамыз еш ақынға ұқсамайтын өлеңдер жазды. Қашан да өз жолымен жүрді. Наурызды тірілтем деп, қайта оралтам деп жүгірді. Аралды толтырам деп арпаласты. Желтоқсан шындығын ашты. Қоғамдағы кемшіліктермен айқасты. Тіл үшін тартысты. Жер

үшін жандасты. Кеден одағына қарсы күресті. Бір адамның ғұмыры жетпейтін мылтықсыз майданның алғы шебінде мерт болды. Қайтпас қайсарлықпен жүріп, қайтпас сапарға аттанды. Қайраткерліктің үлгісі бола білді. Шындық пен әділдікті өмірінің темірқазығына айналдырған ақын!

Қиямет-қайымның қиын-қыстауына қайырылмай, жұмақтың жайлауын мәңгілік жайлаңыз, Мұхтар аға!

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ

ӨЗ ДАҢҚЫ ӨЗІНЕ ЖЕТЕТІН

Сөз зергері Ғабит Мүсірепов «Адам атақ-даңқымен емес, өз даңқымен атақты болсын» деп жазған екен.

Мұхан — аты мен атағы алысқа кеткен акын, қоғам қайраткері, аңыз адам. Бәлкім, оған даңқы тірі күнінде зіл батпандай жүк те болған шығар. Бірінші қара сөзінде дана Абай жазғандай, «алысты, жұлысты, айтысты, тартысты». Бұл фәниде мінсіз пенде, мүлтіксіз іс болған ба? Ақындық арқасы бар адам кейде асып, енді бірде тасып сөйледі. Іші оттай лаулады, соның жалыны жүрегін шарпыған кездері де болған шығар. Қайткенде де өзі теңдес жақсылардың арасында бұғып қалмады.

Ал оған жері — өмірінің соңына дейін мемлекеттік тілдің тағдырына, болашағына алаңдап, жанашырлық танытуы, әділдікке болысуы, ұлт рухына терең тамыр жіберген жастарға сенуі, биік сана дәрежесіндегі сезімді аялап, оны қорғаштай білуі. Өз ұстанымын Құдайдың

берген бағындай бағалады. Қандай мақсат көздесе де, не амал кылса да, ол қарақан бастың емес, халқының қамын күйттеді. Ұлықтардың құрметінен гөрі, қалың қазағының құшағын абзалырақ, артығырақ санады.

Жүрегінен жыр жазылған, дүр төгілген талант иесі еді. Тынымсыз шығармашылық ізденісі нәтижесінде қазақ әдебиетінің поэзия, драматургия, проза жанрларына олжа салды. Досы Шәмші Қалдаяқовпен бірге жазған оның әуезді әндері де жұршылыққа кеңінен танымал.

Бұл фәниден не жақсылар өтпеді, не жақсылар кетпеді? Мұхтар Шаханұлы ерекше туған ер еді. Игі істері үшін Алла жарылқасын! Ақынның ақыреті абат болып, мәңгі мекені жұмақ гүлзарынан бұйырсын!

Дархан МЫҢБАЙ



**Әрмиябек
САҒЫНДЫҚҰЛЫ,**

*Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі, сыншы,
Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының иегері*

Төрт жылдың алдында ғана қай-тыс болған, қазаққа есімі мәшһүр жазушымыз болды. Ол өзі өмір сүрген заманда қазақ қоғамында әлеуметтік өмірді айқындайтын, ағымға айналған негізгі көзқарастар мен ұстанымдар жағында болсын, өз оқырмандарының ойы мен көзқарасына ықпал етуі жағында болсын, өз Отанының руханият кеңістігіне үлкен ықпал жасаған адам еді.

Ол «Қазақ қара сөзінің дарабозы» атанған, аса көрнекті жазушымыз Қабдеш Жұмаділов болатын. Алайда өздерін әдебиет пен руханияттың көшін бастап, туын ұстаушылармыз деп білетін, ат төбеліндей топтар мен оның дұшпандары ұзақ уақыт оның есім-сойын менсінбей, қолдарынан келгенше кішірейтіп атауға тырысып келгені де шындық. Отаршылдардың тәрбиесімен суарылған және солардың адал шәкірті болып өмір сүрген, былайғы тоғышар қауым оның тау асып, тас басып, бір қиырдан келген өзгеше тағдырын да оның бойындағы мініне санап, жазушының есім-сойын тізеден төмен ұстап, үнін өшіруге тырысып баққаны белгілі. Басқасын айтпағанда, кезінде «бұл өзі қытайдан келген дей ме?», «осындай күмәнді адамдар партиялық баспасөзге қалай кіріп алады!?» «Осындай адамды қалай жұмысқа алып жүрсіндер...мұндайларды көктей жұлып тастамаса, бүкіл әдебиетті бүлдіруі мүмкін...ертең оның қазақ пен орыстың арасына от жақпасына кім кепіл?! Сондықтан мұны қазірден бастап, қызметтен қуатын бол!» (*«Таңғажайып дүние», 472-бет*) деп «Қазақ әдебиеті» газетіндегі жұмысынан қуғызып, советтік-партиялық баспасөзді «қауіпті дұшпаннан» «қорғап қалған, жанкешті адалдықтарынан-ақ» көруге болатын еді. Бірақ оның жазған әрбір көркем шығармалары, мақалалары мен сыр-сұхбаттары қайраткер жазушыны барған сайын, биіктерге көтеріп қана жатты. Сондықтан оның жаулары мен тұрлаулы тұлғаны өздерінің менсінбей, шекесінен қарағысы келетін қызыл көз күншілдері оның әрбір жетістіктерімен еріксіз санауға мәжбүр болды. Өйткені онда отаршылдар қалыптастырған барлық құлдық сана мен әлеуметтік көзқарастарға қарсы бағытталған азат, еркін, жаңаша ой-пікірлер жүйесі бар болатын. Ол бодандық заманында өмір сүрсе де, өзінің ішкі азаттығы мен тәуелсіздігіне тым ерте қол жеткізген тұлға болатын. Ешқайсысы ашып-жарып айтпағанмен, тәуелсіздік таны атқан күннен бастап, қазақтың руханият кеңістігіндегі қалам ұстаған жұрттың бір қауымы оның ойы мен көзқарасынан нәр алып, оған еліктемегені кемде-кем (*тіптен одан тіке көшірме жасағандары да болды*). Оны көріп, сезіну көзіқарақты оқырманға қиын емес болатын. Өйткені бізде төлтума, тың ой тудыра алатын, түпнұсқалық ойшылдардың тым тапшы екені де белгілі. Былайғы айтып, жазып жүргендердің барлығы дерлік санамалы ғана түпнұсқалық — тың ой тудыра алатын тұлғалардың жаңғырығы екені шындық. Мәселен, тәуелсіздік таңы өздігінен атып келе жатқан қарсаңда, «біз отарда, бодан болған халықпыз» дегенді Кеңестің көк шапанын киіп, көтек арбасына отырып өскен балшабектердің (*бұл әсіресе Кеңес өкіметінің қолайына жазып, солардың табағынан тұздық жалаған, соларға құриша жорғалап, қызмет еткен балшабектердің*) бірде-бірі ашық айтуға батылы жеткен жоқ. Айтайын деген ойлары да болған жоқ болатын (*өйткені олар өздерін коммунизмнің алғашқы сатысына барған, аға*

халықпен теңесіп, тілі, ділі тоғысып кеткен, Кеңес одағының әкелік құшағында өскен бақытты жандармыз деп сезінеді екен. Бұл жағдай әсіресе ел билігін ұстап отырған балшабектердің іргеге өзі келген тәуелсіздікке қол созбай, отырып алған кезінде де, анық көрінген болатын). Біздің қандай күйдегі халық болып өмір сүріп келгеніміз турасында «Ал отаршылдық деген не?», «Отар елдің әдебиеті қалай жасалады?», «Ұзаққа созылған бодандық бұғауы мен қатып қалған коммунистік идеология адамдарды қалай құлдыққа түсіріп, ұлттық қасиеттерді жойып жіберуге қалай жанталасады?» деген сұрақ туса, ол жағын көп киналмай-ақ айтып беруге болады. Өйткені біз құлдық пен кіріптарлықтың толық курсынан өткен елміз ғой... деген анықтама беріп, «Бодандықтан бостандыққа» деген атпен көлемді мақала жазып, отаршылдар кім, отарланып, құлдықта болғандар кім екенін айқындап беріп, жаңағы «бақыттан басы айналған жұртты» (*өйткені 70 жыл бойы коммунизм мен көсемдерді жырлап, бақытты өмірді баяндап тауыса алмай, шаршаған шығармалардан басың айналатын еді*) аттан түсірген де осы Қабдеш Жұмаділов болатын. Тәуелсіздікке қолымыз жеткен күннен бастап, өмірдің, әлеуметтік жағдайдың өзі ақын-жазушыларды белгілі бір сынақпен сүзгіден өткізіп алды. Әдебиеттің жолби-келері кетті де, ашық алаңда әдебиет үшін, әдебиетші болып туған адамдар ғана қалып қойды. Қара дауыл соғып, қараңғылық басса да, қаламын ұстап отырып қалған әдебиеттің өз адамдары бар екен. Әдебиеттің көш-керуенін олар тоқтатқан жоқ. Олар ұлт әдебиетін өтпелі кезеннен, тоқыраудан, дағдарыстан, нарықтан, аш-аламан, жоқтықтан өлтірмей алып шықты.

Тәуелсіздік таңы ала келген бостандықты, ұлттық рухтың көтерілуін өз шығармашылығының асыл арқауына айналдырып, қазақ қоғамының руханиятын бодандықтан бостандыққа шығаруға құлшына кіріскен ақын-жазушылардың қатары қалыптасты. Олар шығармашылықтың жана, халықтық-реалдық бағытын ұстанып, ұлттық-төлтума жана формалар қалыптастыруға ұмтылыс жасай бастады. Бұл әсіресе жас ақын-жазушылардан анық байқалып отырды, бірақ бұл ұзақ-сонар тізім жасауға келмейтін қатар болатын. Өйткені социалистик реализмнің қираған арбасынан түспей, көшкен жұртта, кеңестің қираған шаңырағының астында қалып қойған ақын-жазушылар қаншама!?

Тәуелсіздіктен кейін, қазақ халқының отаршылдар бұрмалаған тарихын қалпына келтіріп, оның өн бойындағы ақтандарды толтырып шығуға үлкен құлшыныс жасала бастады. Кеңес одағы кезеңіндегі социалистік реализмнің темір торы шығармашылық кеңістікте баяу да болса тарқатылып бара жатты. Тәуелсіздік таңы ала келген осындай қасиетті кеңістікті, өз шығармашылығына кең өріс етіп ашқан жазушылардың бірі де бірегейі Қабдеш Жұмаділов болды.

Қабдеш Жұмаділовтің бойында өзінің көптеген замандастарына мүлде ұқсай бермейтін, ұлтына деген терең сүйіспеншіліктің сезім тасқыны көкірегің кернеп, асып-төгіліп тұратын. Бұл — кез келген адамның дүниені тікелей түйсінуге бағытталған әдепкі-қайырлы сезімі. Қабдеш осынау әдепкі ыстық сезімін, ұлт пен Отанды сүйеге деген ұлы танымдық деңгейге көтеріп, оны әдеби көркемдікпен бейнелеп беруде өз замандастарынан әлдеқайда асып-түсіп жататын. Ол өзінің осы ұлт пен Отанға деген ыстық сезімі мен түйсінудерін ешқандай жасырып-жаппай, шығармаларында ағыл-тегіл ақтарып айтып бере алады. Бұған кей тұстарда тосырқап та қалуын ғажап емес. Өйткені мұндай арнасынан асқан асау тасқын, жолындағы біраз кедергі мен кесепаттарды қағып-соғып, жапырып кете баратын. Жаңағы қағып-соғып, жапырып кеткен кесепаттар талып түскен жерінен есін жиып, тұра келіп, бұған ақия қарайтыны сондықтан. Бұл оның азамат ретінде де, жазушы ретінде де ұлты мен Отанына деген адал махаббатынан туған, қалтқысыз даңғылдығынан болса керек-ті.

Әрбір үлкен жазушының шығармашылығы өз алдына бір әлем дейтін болсақ, Қабдеш Жұмаділов — өз әлемін құдіретті қалам қуатымен қалыптастырған, шығармашылық аясы аса ауқымды қаламгер. Ол қазаққа, қазақ қоғамына қатысты барлық мәселелерге араласты, пікір көтерді, айтысты, тартысты, жазды, шамасы жеткенше қазақтың мүддесі үшін кез келген қиянат-

пен күресіп бакты. Бұл ретте жазушының өмірлік кешірмелерінің өзі оның қайраткер жазушы болып қалыптасуына мол мүмкіндік туғызғанында күмән жоқ. Жазушы қазақ халқын табанға салып, барынша таптаған екі бірдей империяның қиянатын көріп өсті. Өзі куә болып, көзімен көріп, басынан кешірген өмірлік құбылыстары Қабдештің қаламгер ретінде де, азамат ретінде де қалыптасуына берік негіз қалаған еді.

Ол өзінің жазатын шығармаларына ға-

жайып оқиғаларды да, оларда кескіндейтін кейіпкерлерін де көркем болжалдан, қиялдың көкжиегінен іздеп, әуре болған жоқ. Өз өмірінің алыс та ауыр жолдары, империялардан көрген қиянаты мен құқайы, ұлттың ұлағатты пейілінен айнып кеткен пенделердің арам пиғылдары шығармаларының өзегіне мазмұн болып, өріліп отырды. Қабдеш әдебиетке ешкімді қайталамай, өзінің өзгеше тақырыбымен келген жазушы дейтініміз сондықтан. Қабдеш нені жазам деп, саусағын сорып, тақырып іздеп тарыққан жоқ. Оның көргендері мен басынан кешкендерінің өзі әлденеше шығармаға тақырып болуға мол жетіп жатар еді. Шығармашылық кеңістікте Қабдеш аса өнімді жазушы болды. Бұл өнімділік жазушының талант табиғатынан, екі бірдей империяның тепкісінде бодан болған казактың өмірі туралы, көргені мен түйгені аса мол өмірлік қоры болуымен бірге, оның ұлтқа деген терең сүйіспеншілігінен туған өнімділік болатын. Ол — көзімен көріп, көңіл сүзгісінен өткен, өз өмірінде көргендері мен түйгендерін келер ұрпаққа өшпестей өнеге етіп қалдыруға жанкешті еңбек еткен жазушы. Жазушыдан жиырма томнан асатын, саф алтындай таза прозалық шығармалар қалды. Бұл қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған үлкен олжа болатын.

Қабдеш Жұмаділов өз шығармашылығын, ең алдымен, өзінің туып-өскен ортасы, ата-бабасының күл төккен қасиетті қара қыстауынан бастады. Серт етіп қолға алған осы қасиетті қалам, Қытай шегінде қалып, империяның боданына түскен Шығыс Түркістандағы қазақтардың өмірі мен тіршілік тынысын суреттей отырып, бүкіл қазақтың бодандық тағдырын тасқа басқан таңбадай етіп, баяндап бергені, мінеки. Тіптен қолындағы бұл шығармаларды тарихи құжат сипатында қабылдасаң да, ол сені алысқа әкетіп, адастыра қоймайды. Оның «Соңғы көш», «Тағдыр», «Дарабоз» бастатқан ғажайып романдары — соның айғағы. Қазақ әдебиетінің, қала берді, бүкіл әлем әдебиетінің аса үлкен білгірі Асқар Сүлейменовтің айтатын мынадай сөзі бар екен (*бәлкім, бұл сөзін жазып қалдырған болуы да ғажап емес*): «Бізде империяның быт-шытын шығарған екі-ақ адам, екі шығарма ғана бар; оның бірі — менің ағам Мұхтар Әуезов. «Қилы заманды» жазып, империяның быт-шытын шығарды, екіншісі — сенің аған (*театр режиссері Әубәкір Рахимовқа айтады*) Қабдеш Жұмаділов. Ол да мына «Соңғы көш», «Тағдыр» атты романдарымен империяның быт-шытын шығарды» дейді екен. Асқар білмей айтып отырған жоқ. Кеңес одағының заманында, империялардың бұратана халықтарға жасаған қиянаты мен қылмыстарын тақырып етіп жазған үшінші бір шығарма мүлде болған емес. Болуы да мүмкін емес еді. Жазушы аталған шығармаларында, бодандықтың қамытын киген халықтың көрген күні мен рухани кіріптарлық бет-бейнесін жеріне жеткізе отырып, төкпей-шашпай суреттеп берген. Бұл әсіресе «Соңғы көш» пен «Тағдырда» айқын көрініс бергенін көреміз. Жазушы

Қытай империясының аз санды халықтарға жасап отырған қиянатын баяндай отырып, бұл қылмысқа Кеңестік қызыл империяның да ортақ екенін «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда» мәнерімен астарлап жеткізіп берген болатын. «Соңғы көштегі» кейіпкерлердің бірі, Шәуешек аймағының уәлиі болған, есімі аңызға айналған, әйгілі Жасыбайдың (*Басбайдың*) кеңесіп отырған әріптесі Нұрбекке айтатын мынадай сөзі бар: — «Кореяға көмек жинаймыз» дедің бе?

Оған не болып қалып еді? — Естімедіңіз бе? Ол елге қарсы қазір Америка соғыс жариялап, бейбіт елді қырғынға ұшыратып жатыр... — «Құштінің арты диірмен тартады» дегеннің кері де, баяғы, — деп Жасыбай лекіте күлді. — Қасқыр қой жемесе, аштан өледі. Әлсізді құшті талап жеп жатқан заман ғой қазір... А сонда мына бізге кім жәрдем береді? Жұтқалы келе жатқан аждаһаның аузынан бізді кім арашалап алмақ? Осыны ойлаған жан бар ма? Төбемізден бомба тастамады демесең, біздің де сол Кореядан асып тұрған неміз бар? Бәрі бір емес пе? Біреу атып өлтіреді, біреу «досым» деп құшақтап, тұншықтырып өлтіреді... Бізге қарағанда, қайта сол Кореяң бақыттырақ ел ме деп отырмын. Жасырын жаулықтан ашық қастықтың өзі тәуір ғой...» дейтіні бар.

Бұл — Қытай коммунистік партиясының Шығыс Түркістанға кіріп келе жатқан қарсаңдағы, қызыл қытай өкіметінің Шәуешекке жіберген бас хатшысы Жасыбайдың үйіне келіп, қонақ болып жатқан кездегі айтылған әңгіме болатын. Қазақстандағы қазақтардың жағдайына да осыны айтуға болады. «Одақтаспын», «жолдаспын» деп келіп, Кеңес өкіметінің миллиондаған қазақты қырып тастағаны кеше ғана емес пе! Екі елдің атауы ұқсамағанмен, империялардың бодан халыққа жасайтын зорлығы бірінен-бірі асып түсіп отырмады ма?! Жазушының аталған екі шығармасы да кешегі ат үстінде жүрген еркін, арда көшпелі халықтың жоңғар шапқыншылары жеңілгеннен кейінгі тағдырын суреттейді. Абылай хан мен Қабанбай қайтыс болғаннан кейін, қазақ елінің бодандық күйге қалай түскенін, біртұтас қазақ даласының телім-телім болып, отаршыл империялардың уысында ұйпаланып кеткенін өзегінді өртей отырып баяндап беруі қандай! Әлеуметтік сарында, азаттықты арман етіп жазылған аса құнарлы бұл шығармалар қазақтың ұлан-байтақ даласының аса үлкен, ұйықты өлкесінің, Қытайдың қолына қалай өтіп кеткенін баяндай келіп, Қытайдың теліміне түскен халықтың көрген күнін күнірене отырып, көрсетіп берген болатын. Әрине, икемді де оңтайлы форма тауып, табиғи да жатық тілмен, жан-жақты кемелді етіп, өз ойын мен арманыңды жеткізіп беру — әрбір жазушыда болуға тиісті қабілет те, қасиет те екені рас. Бірақ сол талаптан екінші бірі шыға бермейтіні, қолынан да келмейтіні тағы жасырын емес! «Соңғы көштің» екінші бір атқарған тарихи міндеті Қытай империясының құлдығы мен қорлығына шыдамаған қазақтардың 1962 жылдың алғашқы көктемінде Қытай-Кеңес шекарасын бұзып, Атамекен Қазақстанға босып өту барысын тарихи құжат ретінде толық бейнелеп беруі болды. Кезінде Кеңес одағының сақтығынан, болмаса қасақана жасаған саясатынан болды ма екен кім білсін? Тарихта екінші рет қайталанбайтын осынау ұлы көштің бет-бейнесін (*жанды көрінісін*) не фотоға, не кино лентасына түсіруге, не журналистердің сол майданда репортаж жүргізуіне

мүмкіндік бермеген екен. «Бір елден екінші бір елге 200 мыңнан астам адамның шекара бұзып, қотарыла көшіп келген осындай ұлы ерлігін дәйектейтін мемлекеттік құжат — ресми материал қазірге дейін ашыққа шыққан емес, осы өкінішті-ақ!» дейді сол көшті өз қолымен ұйымдастырып, бастап келген жазушы Қабдеш Жұмаділ.

Осы көш туралы тілшінің: «Нақ сол сәттерде қандай көңіл күйде болдыңыз?» деген сұрағына: «Ақшоқының бір кезеңіне шығып, арт жаққа қарап тұрғаным есімде. Бүкіл Құлыстай даласы андыздаған көш. Будақ-будақ шаң. Шұбырып, шұбап әлі келіп жатыр. Бұл енді бір кезде өзім қашып өтем бе деген шекарадан бүкіл ел көшіп өткеніне, сол елдің көшуіне мұрындық болғаным, сол көшті ұйымдастырғаным, соның жоспарын құрып, алды Мәскеу, арты Алматыға хат жазып, бір-біріне түйістіргеніме марқайып, ұшпаққа шыққан, өмірімдегі ең бір бақытты шағым еді...Менің кітаптарым, шығармаларым өз алдына, әдеби еңбегім өз алдына.

биік тұғырын қисайта алмайтыны тағы да шындық.

Жоғарғы жақта айтқанымыздай, ұлы көштің кино таспасына, фотоға түскен жанды бейнелері болмағанымен, дүние оған қарап қалған жоқ екен, керісінше, Қабдештің қос-томдық «Соңғы көш» деп аталатын жойқын романы сол көштің не себепті қозғалғанын, оның бүкіл ұйымдастыру барысын, қазақтың біртұтас мемлекеттігін аңсаған халықтың арман-ансарын жаныңды тебіренге отырып, суреттеп берген жоқ па!? Одан артық құжаттың бізге керегі де жоқ!? Әрине, фото, бейне сияқты осы заманның техникаларымен түсірілген көш-керуеннің, жанды бейнелердің болғаны неге жаман болсын, бірақ жокқа жүйрік жетпейді ғой, не істейсің!

«Соңғы көштің» эпилогында мынадай бір көрініс бар:

« — Иә, арт жақта тұтас бір өмір, үлкен тарих қалғаны рас, — деді Нұрбек те көз ұшында бұлдырап көрінген Шәуешектің қалың талына қарап тұрып. —...Әрине әрқайсымыз

ДАРАБОЗЫ



Ал жалпы ұлттың алдында бітірген азаматтық еңбегімнің шыны — сол 1962 жылғы көш. Оны осы күнге дейін ризалықпен еске аламын...» («Әріп пен Сара» хикаяттар мен әңгімелер 311-бет) деп жауап берген екен.

Жазушының екінің бірінің қолынан келе бермейтін осындай азаматтық, қайраткерлік еңбегін оның өзіне қимай, жоққа шығарғысы келетін ішмерездерді де көріп, біліп келе катырмыз. «Бұл көшті бастауға Қабдештің қатысы жоқ, мұны Мао Цзэ Дун мен Хрущев екеуі келісіп жасаған» дейді жаңағы қызылкөз күншілдер. Бейне бөлініп қалған қазақтың басын қосуға сол екі диктатор мүдделі болып отырғандай жандары күйзелетінін қайтерсің! Бұл жаңағы жандайшап-құлдардың империяның қырыпсал қызыл көсемдеріне жағынған, оларды ақтаған түрлері. Қазаққа, қандасына жақсылық болмасын дейтін көрлақат күншілдік. Осындай сорлылыққа не деуге болады! Алайда ондай жантық-жалақорлардың Қабдештің шығып тұрған

бастан кешкен тарихты ұмытпаспыз, мәңгі ой-серік етіп, өзімізбен бірге ала кетерміз... Бірақ соны көзі көрмеген, бастан кешпеген өзге жұртқа, келер ұрпаққа қалай түсіндірерсің? Осы орайда маған бір ой келіп тұр, — деп оң қолын қасында тұрған Естайдың иығына артты. — Естай, сен ақынсың ғой, бауырым. Табиғат айрықша қасиет сыйлаған адамсың... Түбінде осынау ұлы көштің тарихын қағаздың бетіне түсіру керегін ұмытпа. Сенің арғы ата-бабаң да, өз әкең Қанағат та — өздерінің тарихи миссиясын абыроймен атқарған кісілер. Бәлкім, тағдыр сенің мойнына да сондай бір үлкен міндет жүктеп отырған шығар?! «Нар жолында жүк қалмас» деп, сен тегінде осы міндетті қайыспай атқаруға тиіссің».

Бұл — 1962 жылғы көшті ұйымдастырушылардың бірі — Нұрбектің көш шекарадан өткеннен кейін, бір төбенің басына шығып, Шәуешектің қалың талына қимай қарап тұрып, Естайға (*Естай — жазушының прототипі Қабдеш деп түсінуімізге болады*)

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ

ӨТКЕЛЕК БАЛЛАДАСЫ (Қабдеш-Қажытай хикаясы)

— Ал, кеттік!..
— Кеттік!.. — деді екі мықты,
Бір ойға екеуара бекініпті.
Бірі — аға, бірі — іні, екі дарын
Тағдырдың аямайтын бетін ұқты.
Қапастың қақпанынан қашып шығып,
Құзынан тәуекелдің секіріпті...
...Шетіне шекараның таңда ілікті,
Үркітіп ұры жардан кекілікті.

Тау суы тасып жатыр көк теңіз боп,
Жағада өткен із жоқ, кеткен із жоқ.
Арғы бет, бергі бет пен — екі жағы,
Асығыс арлы-берлі өткел іздеп,
Бір қазақ арқалады бір қазақты:
«Болдық па аға-бауыр текке біз?!» деп.

— Ағыстың беті қатты, мынаң қара!
Малтау да білмейсің ғой, мін арқама!
...Қонжып қонды амалсыз жайдақ жонға,
Жөн білген інісіне кінә арта ма?
Толықсып тау көтерген Толағайдай
Толқыған қойып кетті ол жың ортаға!
Көзіне көбік шашты асау толқын,
Алыстан атамекен мұнарта ма?

Жолшы емес, жоқшы да емес мал қараған,
Бір қазақ бір қазақты арқалаған.

айтқан аманаты болатын. Естай — Қабдеш бұл аманатты абыроймен орындап шыққанын қолымыздағы «Соңғы көштен» көреміз. «Соңғы көш» — тұтас бір өлкенің табиғатын, ондағы тұрып жатқан халықтың болмыс-бітімін, салт-санасын, мінез-құлқын өмірдің өзінен ойып алғандай, көркем шындықпен кестелеп берген шырайлы шығарма. Көз ұшында бұлдырап қалған қайран да қайран құт қонған ұйықты өлкенің, жусан иісі анқыған, сағым жуған сары даласы, көгілдір таулары мен жәннаттай жасыл жайлаулары көрініс берсе, осы өлкеде сан түрлі тағдырымен, жасыл көктем, сары күзінде жасап жатқан адамдар бейнесі табиғи тазалығымен, арманшыл аңқау болмысымен көз алдыңнан соңғы көштің керуеніндей болып тізбектеліп өтіп жатады.

«Соңғы көшті» оқыған сайын, біртұтас қазақ жерінен бөлініп, теңізде қалған аралдай болып, жат қолына қарап қалған, кара орманды, қалың сулы қайран құйқалы мекен өзегінді өртеп, сағыныштың сазындай болып, жүрегінді тербетіп отырады. Ата-бабаның күл төккен сол қайран кара қыстауында ғасырдың ортан беліне дейін, көшпелі өмірдің қаймағын бұзбай, сақтап келген көшпелі қазақтардың соңғы тұяғы, соңғы көші еді, мұндағы өмір сүрген қаймана қауым. Диалогия — табиғат аясында өмір сүрген, көшпелі нәсілден жаралған, көне халықтың барлық романтикасы мен трагедиясын, албастыдай басқан отаршылдықтың уысында ұйпаланып, қуанышқа жарлы өгей өмір сүрсе де, келер күннен күдер үзбей, ұлттық қадір-қасиетін жоғалтпай, сақтап келген көшпелілердің «соңғы көшін» әсерлі де мәнерлі етіп жеткізген ұлан-қайыр ұлы шығарма.

Шығыс Түркістанның қазақтар мекендеген солтүстік өңірі (*үш аймақ — Іле, Алтай, Тарбағатай*) ежелден қазақтардың атасының басы қалған атамекені болатын. Тіптен қазақты құраған ежелгі тайпалардың бұл жерді мекендеп жүрген кезінде, Шыңғыс ханның өзі әлі дүниеге келмеген еді. Осы бүгінге дейін қытайлардың оған «Іле Қазақ Автономиялы облысы» деп мәртебе беріп отырғаны, қазақтарды құрметтеп, сыйлағанынан емес, жердің ежелден қазақтардікі екенін амалсыз мойындап, жер сенікі болатын деп беріп отырған мәртебесі.

Жер көлемі 280 мың шаршы шақырым. Бұл — Еуропаның кез кезгелген мемлекетінің территориясынан үлкен аумақ. Осынша ұлан-байтақ жерді тастап, қазақтың бір бөлігі 1962 жылы атамекен Қазақстанға шекара бұзып, неге қашып өтті дейсіз ғой? Әрине, біріншіден, 1880- жылдардан басталған шекара бөлісі кезінде Орыс пен Мәншын өкіметі (*Қазақтың бірде-бір құзыретті адамын бұл бөліске қатыстырмаған*) шекараны өз қажеттеріне қарай бөлген кезде, бұл жер Цин империясына қарап қалды. Екіншіден, Мәншын империясы тактан кетіп, Қытайдың

Бет бұрып аңсағаны — атамекен,
Көксеуі көкейінен тарқамаған.
Су кешіп келе жатыр бір сұрапыл,
Арқырап арқасында арқар адам.

Жалғасқан әлқиссадан жаңа дастан,
Қос дарын сырлас еді бала жастан.
Өзеннің бергі беті — атамекен,
Өзегін жұлып талай ала қашқан.
Толқынды бұзып-жарып келе жатыр,
Табанын тас тілсе де қарамастан.

Жау қуып келе жатыр жар астында,
Жасанған жарағы бар — жақ ашсын ба:
Жалынар екеуіне қос қорғасын,
Жайына қашқындардың қарассын ба?
Жапсырған ағасы бар арқасында,
Жасар ма мұндай ерлік қораш тұлға!

Қарындасын қиып кетті қара көзді,
Достарын қиып кетті бала кезгі.
Қалды артта ата-ананың қабірі де,
Қайрылып көре алмасын жаңа сезді.
Алысып асау өзен ағысымен,
Шарасыз шекара асып, дала кезді....
Арқалап келе жатыр қайсар іні
Қазақы қасиетті қара сөзді!
(«Қарғалдақ» жыр кітабынан)

қызыл өкіметі келген кезден бастап, бұл өлкенің жағдайы қиындай бастады. Қазақтың қолындағы малын тартып алып, ортақ бір қазанға телміртіп қоюы, оның ақыры аштыққа әкеліп соғып, халықтың алапат аштықтан жаппай қырылуға қарай бет алуы, бұған наразы болған қазақтың сорпа бетіне шығар зиялысының барлығын атып-шауып, атакты Тарым лагеріне сүргінге айдауы бұл жерден кетуге мәжбүр еткен.

«...Қазақтың әр ауылынан, алыс жайлаудан басталатын жалғыз аяқ суыртпақ соқпақ жолдар өрмектің жібіндей бір-біріне ұласып, қазір осы түрмеге келіп тоғысатын болған. Ұрей ордасына айналған кара қақпа мынауын адал, мынауың арам дейтін емес, аузына іліккенді талғамай, таусамай жұтып жатыр, жұтып жатыр...» Бұл — осы көштің атамекенге қарай ат басын бұратын кезіндегі Шығыс Түркістандағы жағдай. Жаппай қуғын-сүргіннің басталған кезі. Ал Шығыс Түркістандағы Қазақ пен Ұйғырдың көзі ашық зиялыларын тұтқындап, Тарым лагеріне сүргінге айдап жатқан кезде туған мынадай өлең бар. Бұл Қабдештің өз қаламынан туған өлең болуы да ғажап емес:

Такламакан, қорқытпа бұрқыратып құмыңды,
Түрме болсаң, қабыл ал, сорлап келген ұлыңды.
Сенің бетпақ шөліңді көз жасыммен суарып,
Мен халқыма жолдармын шерлі жоқтау жырымды...

Қазақ пен ұйғырдың бүкіл зиялысы осы шерлі жырды шырқап, атакты Тарым лагеріне айдалып кете барды. Осы жырдың өзінен-ақ адамның тағдырымен ойнаған опасыз қоғамға, отаршыл-озбырлыққа қарсы іштен шыққан күдіретті үнді естиміз!

Саяси қудалау мен аштық алқымынан алып, толқып тұрған халықты Қабдештер Кремль мен Алматыға арт-артынан хат жазып жүріп, Кеңес одағының шекараны ашып, халықтың өтіп кетуіне мүмкіндік тудырып берді. Бұл Қабдештің өміріндегі ең үлкен қайраткерлік ерлігі болатын.

«Соңғы көштің» бейнелеген мазмұнының аса ауқымды болғанын көреміз. Ол тек Барқытбелдің баурайында жатқан шағын ғана бір аймақтың өмірін өрнектей бермейді. Сол өлкенің өмірін өрнектей отырып, бүкіл қытай елінің тарихтағы және сол тұстағы әлеуметтік өмірін суреттеп бергеніне куә боламыз. Аталған кезеңдегі суреттеп отырған өмір көріністерінің тұңғыш көтерілуі жағынан да, тақырыбының бұрын-соңды қазақ әдебиетінде көтерілмеген тың да тосын тақырып болуы жағынан да, қазақ әдебиетіне өзгеше бояу әкелген шығарма болатын. Әсіресе шығармадағы адам мінездерінің тұрлаулылығы, ұлттық бояуының айшықтығы, идеясының тереңдігі жағынан да қазақ прозасына өзгеше тыныс, жаңа леп әкелген шығарма екені талас тудырмайды.



Руда ЗАЙКЕНОВА,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

Тақырыптың «Көкжал» аталуын- да екі түрлі себеп бар. Бірі – Қа- зақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лау- реаты, Тәуелсіз «Тарлан» сый- лығының иегері, «Парасат», «Барыс» ордендерінің иегері, Абай облысындағы Тарбағатай, Ұржар, Аягөз аудандарының және Алматы қаласының Құрметті азаматы Қабдеш Жұмаділовтің (1936–2021) туғанына 90 жыл толды, екінші гөп – жазушының Оспан батыр туралы «Көкжал» атты хикаяты.

«Амангелді – көз мерген, Кейкі – қол мерген» деген сияқты жоғарыдағы екеуі де – көкжал тектес күрделі тұлғалар. Ал Қ.Жұ- маділов туралы «Қазақ әдебиеті» (9.04.2021) газетіне шыққан қазанама топтамасының «Қош бол, Көкжал» деген айдармен берілуі – осы сөзіміздің айғағы.

2011 жылы «Атамұра» баспасынан шыққан Қ.Жұмаділовтің «Көкжал» атты хи- каяттар, әңгімелер, сыр-сұхбат, ой-толғам- дар жинағына енген «Көкжал» хикаятының бас кейіпкері – «ақ кашқан, қызыл қуған» аласапыранынан бастап, қытаймен де, орыспен де, моңғолмен де туған жұртының тәуелсіздігі үшін ашық күреске түскен Ос- пан Ісләмұлы (1899–1951). Оның қас батыр атануы 1939–1951 ж.ж. аралығы.

Шынжанда туған Сейітхан Әбілқасы- мовтың «Оспан батыр», Жақсылық Сәмит- тің «Сергелден» (трилогия) сияқты соқталы романдарынан кейін Қ.Жұмаділов Оспан батырдың қай жағынан келер екен деген ой өз-өзінен туындайды.

Жазушының шеберлігі сонда – ол жоғарыдағы екі автор да аша алмаған Оспан өмірінің әбден ширығып, қат-қа- бат қайшылықтарға толы, демі үзілер шағындағы бүркемелі тағдырын батырдың жеке басының ой-ансары арқылы жеткізе білуінде. Шығарма «Қанша шамшыл, кан- ша қиямпұрыс, қанша қол апартпас, бет қаратпас асау болғанымен, қапыда торға түскен көк еркесі қыран да кісі қолына қараған кіріптарлық халіне бірте-бірте көндігер еді» деп басталады. Міне, сол «түз қыраны тектес, өмірбойы бостандық үшін алысқан дала серісінің» амалсыз бойұсынған тұтқындық тауқыметі бүтін бір повестке жүк болған. Жазушы мұнда батыр мен тергеушілер әрекетін контраст қою арқылы қазақ халқының бодандыққа түсуінің басты себептерін ашады. «Соңғы көш» романында толық жеткізе алмай кеткен тұстарын толықтырып, батырдың қайшылыққа толы күндері оның ішкі мо- нологияна тұтас сыйғызылған.

Бәрі қам Үрімжінің айналасы, Ескі там, ұңғыл-шұңғыл, сай-саласы, Ішегін өлген жанның иттер сүйреп, Домалап, қарға шоқып жатыр басы.

Барсаңдар Үрімжінің қаласына, Көзің сал қалтарыс сай-саласына, «Ұмытпа өле-өлгенше осыны» деп, Тапсырып кет балаңның баласына, — деген эпиграф орнына алынған Таң- жарық ақынның өлеңіне қарап-ақ, қа- зақтың сол кездегі мүшкіл халі көз алдыңа елестеп қана қоймайды, автор идеясы да айқындалып тұр.

Оспан батырдың ішкі монологу арқылы

оның қапыда қолға түсуі, мұны аса сақтық- пен қорғап-қоршаған машиналар тізбегінің екі-үш күнде Үрімжіге жеткізуі, «Қытай армиясының әлдебір жорықтан зор жеңіс- пен оралған кезде ойналатын салтанат жыры, мадақ маршының» ойналуы, мұның халықтың жиналып, құлақтандыруға тигізіп жатқан әсері, осындай айғай-шулы дүрмекпен Оспан батырдың түрменің ау- ласына кіруі оның үдемелі ойымен беріледі. Оспанға дейін атақты Танжарық ақыннан бастап, осы түрмеде құрбан болған қазақ ерлерінің тауқыметті тағдырын жазушы батырдың ой-тебіренісі арқылы оқырман көз алдынан кино лентасындай көлбең- детеді. Бір апта ашық машинаның үстіне тұрғызып қойып, көше аралатып, арыз- шағым айтқызудың қапысыз атқарылып жатқаны Оспан ойы арқылы жазушының стилдік ерекшелігіне тән адам жанын күйдіре отырып, мырс еткізер мысқылмен беріледі.

Оспанды «топтасып» немесе «кезек- тесіп ұтылап» тергесе де, «онаша жекелеп» тергесе де, «қалжыратып, шаршатып, бол- дыртып» тергесе де оның ақталуға тырысып, тер төгіп жатпауы, өзін барынша байсал- ды ұстап, сұрақтарына қысқа да нақты жауап беруі батыр мен тергеушілер диалогы бойынша жеткізіледі. Батыр монологу жан қиналысын берсе, ал тергеушілермен арадағы диалог жан түкпіріндегі сырын ашудың лейтмотивіне айналған. Мысалы, ұлты дүнген тергеушісіне: «Мақтануыңызға болады, қытай билігіне қарсы ең көп кө- терілген ұлт – дүнгендер!» дей келе, «соңғы бірнеше ғасырдағы дүнген көтерілістерін» санап шыққанда, тергеушінің көзі «дала академиясына» қарап, еріксіз бақырайып кетеді. Бұл жердегі жазушы шеберлігі сонда – ол «мақтануыңызға болады» деген ащы мысқыл арқылы, батырдың ерекше болмысын оған қарсы адамдар арқылы аша білуінде. «Оспан батыр, мен бұрын сізді құралайды көзге атқан мерген деп естуші едім. Алла тағала сізді ақыл-ойдан да құр алақан қалдырмаған екен!» – деп оқырман көңіліндегі түйткілді мұсылман әулетінен шыққан тергеушінің сөзімен ішке бүккізіп қалдырмайды.

Қым-қиғаш қойылатын сұрақтар мен ауысып жатқан тергеушілердің мі- нез-құлқына қарай батырдың салмақты жауабы арқылы кезең шындығы біртін- деп ашыла береді. Тарихтан хабары бар оқымысты дүнген тергеуші арқылы батыр- дың бір қыры ашылса, мұсылман болса да, санылаусыз тергеушілерді көргенде «қиям- пұрыс» мінезі сыр береді. Кеңес өкіметіне қарсы болу себебін батырдың өз аузынан айттыру арқылы жазушы социализм апатын барынша батыл ашады. Оспан өзі ұйғырша сөйлемегенмен, туыс тілді біршама түсінсе де «тоқшылықтан ықылық атып» аузынан мәйегі көрінген тергеушіні бір дегеннен ұнатпай: «Алтайда ұйғыр жоқ, сондықтан бұл тілді түсінбейтінін» айтып, арнайы тілмаш алдыруы да батырдың тұз тағысына тән мінезін көрсетеді. ХХ ғасыр басындағы ұлттық құндылықтар мен тұлғалар басына түскен зұлматты жіпке тізе келіп, Кеңес өкіметі опат қылса, «күні кеше соларға жан-тәнімен беріліп қызмет еткен үш аймақ басшылары Ахметжан, Ысқақбек, Дәлелхандар қайда жоғалып кетті» дегенде, «Міне, бұл нағыз кері төңкерісші бандының сөзі...» деп тергеушінің қалшылдап кетуі арқылы отаршылдық пиғылдың жанды жеріне дәл тиеді. Оспанның аузынан шыққан сөздердің барлығы тергеушіден басқа адамдар арқылы қағазға қапысыз түсіріліп отыруы нені аңғартады? Бұл – «бандының» шектемей сөйлете беру арқылы қылмысын өз аузынан мойындату тәсілі. Бұған сұңғыла батыр қуанбаса, ренжімей- ді. Себебі қағазға түскен тарихи шындық күндердің күнінде жарыққа шығатынына уақыт дәлел. Сондықтан да жазушы кезең оқиғасын Оспан батыр аузымен бүкпесіз сипаттайды.

Түптеп келгенде тергеушілер мүддесі ортақ. «Социализмге, жалпы коммуни- терге қарсы шыққан себебің не?», «Өлкелік өкімет пен үш аймақ арасындағы бітімнен кейін уәлилік қызметіңді тастап, неге тауға шығып кеттің?», «Жалпы банды болып, атқа қонғаннан бері қанша адамның қанын

төктің?», «Үрімжідегі Америка консул- дығымен қандай байланыста болдың?» деген мәселелер төңірегіндегі сұрақ-жауап арқылы жазушы тарих қойнауына терең бойлайды.

Оспаннан қытай генералының жа- уап алуы тіпті қызық. Әскери трибунал мықтысының сұрақтары да осал емес, бірақ оған қайтарылған жауаптың дәлдігі сондай, генералдың өзі тыпыр ете алмай қалады. Батырдың сөзден де ұтылмайтын, уәжден де жеңілмейтін тұсынан бір мысал келтірейік: «— Соңғы сұрақ, — деді генерал тұтқынға

КӨКЖАЛ

күлімсірей қарап. — Алда өзіңізді не күтіпұрғанын біле тұра, қолға тірі түскеніңіз қалай? Естуімше, ұсталған кезіңізде жан құралыңыз, маузеріңіз қолыңызда болыпты. Пышағыңыз да бар екен...

Оспан не айтсам екен дегендей, сәл бөгеліп барып жауап берді:

— Оның бірнеше себебі бар. Бірінші- ден, жаумен он жыл соғысқанда, жай оққа ұшқан көптің бірі болып өле салғым кел- меді. Екіншіден, және ең бастысы, мен — мұсылманмын ғой. Мұсылмандар өзіне-өзі қол жұмсауды қорқақтық деп біледі және оны аса ауыр күнә деп санайды...»

Батырдың аса діндар болғаны қытай түгіл орысқа да аян. Сондықтан атақты

өкіметіне қарсы шыққаны да, бұдан кейінгі жеңіске жетпеуіне себеп болған алауыздық- тар мен сатқындық іс-әрекеттер де — тарихи шындық. Осылайша, белгілі бір ұлттың осал тұстарын дөп басатын тарихи деректерді орнымен құбылту арқылы жазушы адам мінезінің қабат-қатпарларын айпарадай ашады. Сондай-ақ үш аймақ әскерінің бас қолбасшысы, орыстардың ежелгі агенті генерал Ысқақбек, кезінде Құмыл аймағының әкімі болған кейіннен нағыз қарақшыға айналып, шетелге қашып кеткен Жолбарыс, Кәшмирдегі Қалибек, қазақ

генералы Дәлелхан туралы сол тұстағы де- ректер Оспан аузымен ақ-қарасы ашылады. Ал осы аты аталғандардың барлығын да жазушының өз аты-жөндерімен көрсетуі оның тарих бетіне тіке қарай алатынын айғақтайды.

Шығарманың шарықтау шегі қазақ тергеушіге келіп тіреледі. Бұл — өзімізге Жағыпар деген атпен жақсы таныс «Соңғы көш» романының кейіпкері Жағда Ба- балықұлы (1917–2010) образы. Мұндағы ерекшелік белгілі ғалым-этнограф өз аты-жөнімен алынған. Төтенше комиссия құрамына қазақты қоспағаны қалай деп Оспанмен бірге сіз де ойлана бастағанда, бір жағында буы бұрқыраған ақ шәйнегі

ШЕШЕН-ДІЛМАР... Қабдеш Жұмаділовке		
<i>Арыстан дер ем айбатты, Жолбарыс дер ем қайратты. Жолбарысты жұмалап, Арыстанды ноқталап, Үйретіп бір қу ойнатты. Мақтайын деп ем болмады, Тамақсау екен ол-дағы. Құлдыққа түсіп ақыры, Арыстан мен жолбарыс Бейшара болып тордағы. Ал ендеше, Қабекең! Танығанға тау екен. Қазақ үшін туылып, Қазақ үшін күресті. Жағаласқан жамандар</i>	<i>Ұлып барып үні өшті. Шешен — ділмар Қабекең! Тұлғасына сай екен. Ойнатқанға көнбейді, Жетектесе ермейді. Елім деген жүрегін, Алтын берсең бермейді. Алдауға да келмейді, Мақтауыңа, «Қой!» дейді. Қорлыққа да көнбейді, Зорлыққа да сембейді. Өзі зор боп тұрған соң, Ештеңеге сенбейді. Ел тағдырын армандап, Көкке құлаш сермейді.</i>	<i>Құр атаққа мәз болып, Ар намысын бермейді. Мұндай жанды Қазақтар, Нағыз көкжал, ер дейді! Азамат ең өзгеше, Қош бол! Қош бол! Ендеше, Байтақ шығыс даласы, Ұрандайды сен десе!</i>
СЛАМХАТ СЕЙІТҚАМЗАҰЛЫ, <i>Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері</i>		

бандының көру үшін ғана келген қытай гене- ралын үнсіз мойындатып, бұған ешқандай уәж айтқызбауы арқылы автор шындықты ашудың әдемі жолын тапқан. Жалпы, гене- ралмен болған сұрақ-жауап батырдың сом тұлғасын асқақтата түскен.

Ал қырғыз тергеушісі арқылы жазушы тарих қойнауына тағы да бойлайды. Шың Сы сәй түрмесінде азаппен өлтірілген Қо- жанияз қажы (ұйғыр) мен Сәбит дамолла (ұйғырға сіңген қырғыз) туралы жазушы Оспан аузымен баяндатқан кезде, автор тергеушіні «мына бандының білмейтін пәлесі жоқ екен» дегізе отырып, тегін «кылп» еткізбейді. Себебі 1933–34 жыл- дары Гоминдан үстемдігіне алдымен қарсы шыққан дүнгендерге ұйғырлар мен қырғыздар да келіп қосылады. Жазушы Ос- пан батырға бұл көтерілістің жеңілуінің ең шешуші себебі орыстардың кесе-көлденен тұруы, өйткені «орыс балшабектері дәл іргесінде тағы бір мұсылман мемлекетінің салтанат құруын қаламағанын» тарихи деректер негізінде баяндатқызады. Мұның сыртында ауызбірліктің болмауынан 1937 жылы Қожанияздың түрмеге түсуіне себеп болған жайттарды ашып көрсетеді. Тіпті Қашқариядағы ағайындардың Алтайдағы партизандарға қол ұшын бермек түгілі «Шығыс Түркістан» мемлекеті (1944–1949) құрылған кезде де тырп етпей жатып алғанын айтқан кезде жазушы тергеушіні «безгегі ұстағандай» тегін қалшылдатпай- ды. Себебі тергеушілер белгілі бір ұлттың өкілдері болып отыр. Ал дүнген, ұйғыр, қырғыз ағайындардың бірлесіп, Гоминдан

мен сары самаурыны, бір жағында қазақтың күнделікті ұлттық тағамдарымен (құрт, ірімшік, бауырсақ, сары май) айрықша түс алған өзімізге таныс тергеу бөлмесі де көрініс береді. «Жасы отыздарға енді ілін- ген, ұзын бойлы, сылыңғыр қара жігіттің» «ассалаумұхалайкум» деп сәлем беріп кіріп келгенде, көптен қазақша сәлем естімеген Оспан батырдың не айтарын білмей бір сәт бөгеліп қалғандағы жан толқынысын жазушы дөп басады.

«...Шүнет қабақ астындағы бітіктеу қой көзі адамға жан тарта, күлімдеп қарайтын» жас жігіт екі кесеге шай құйып, батырды дәм- ге тартқанда: «Інішек, мен сені танымадым ғой. Кім боласың?» дегенде «осындағы жоғары соттың мүшесі, бұрынғы ұлттық армияның полковнигі Жағда Бабалықұлы деген боламын» деуі арқылы жазушы оқыр- манды тергеушімен таныстырады. Шәуе- шекте астыртын ұйым құрып, кейін сол елде партизан құрамасын жасақтаған Жағда, Дубек, Балқаш (өз аттарымен алынған) деген жігіттерді сыртынан жақсы білетін Оспан қазақ тергеушісінің ықылас-пейілі- не еш күдік келтірмеуі, ыстық шай ұрттап, құрыс-тырысының жазылып, жадырап қалуы адами наным-түсінікке сай. Мұның сыртында «1947 жылы Тарбағатай полкінде бола тұрып, Алтайдағы ұрыстарға қалай қатыспадың?» деген орынды қойылған батыр сұрағына Жағданың басқа жаламен емес, нақ осы «Оспан бандыларымен бай- ланысы бар» деген желеумен Құлжа түр- месінде жеті ай жатқанын баяндауы батыр- дың шешіліп сөйлеуіне себеп болады. Бұл

жердегі жазушының ең басты айтпақ ойы — Оспан батырдың «Американың шпионы» деген жаланың себебін ашу. 1947 жылы Америка консулы Пакстон мен оның орын-басары Макернанмен де Оспан батырдың кездесуі тарихи шындық. Оспан жауабына назар аударып көрейік: «Бұрынғы одақтас елдермен — орыспен де, моңғолмен де тіл табыса алмағанымды білесің. Бірі — қып-қызыл коммунист, екіншісі — қаны тамған балшабек. Тіс-тырнақтарымен дінге қарсы, ділге қарсы, ұлтқа қарсы көпірлер...Бәрі де — елінді тонап, жерінді тартып алғысы келетін ірге жау. Маған алыстан сыйласатын, еліне-жеріне қызықпайтын, ұлтқа, дінге жаттығы жоқ, коммунизмге қарсы одақтас керек еді. Сондағы таңдағаным Америка болды», — дей келе, өзінің ертерек қимылда-мағанына өкініш білдіреді. Тіпті Гоминдан өкіметі құлар алдында еліне кетіп үлгерген бас консулдың орнында қалған Макернан коммунистерден жан сауғалап қашқан кезде паналатқан да, ат-көлігін сайлап, Пакистан шекарасына өткізіп жіберген де Оспан батыр екенін егжей-тегжейлі баяндатқы-зады. Нәтижеде «көтерілісші Оспанға Аме-рика қорған болған жоқ, қорғансыз қалған Америка консулына қазақтар пана болды» деген қорытындыны жазушы тегін келтіріп отырған жоқ. Мұны «Соңғы көш» романын түркішеге аударған Хасан Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір» атты кітабында «америкалықтардың Оспан батырды ескер-мей отырғанын» айта отырып, Mr. Douglas Maskern (*Доглас Макернен*) мен бас хатшы Mr. Frank Basseic туралы толық мәліметінен де көруге болады. Ал басқа тергеушілердің тісі батпаған осы сұраққа толымды жауап алған Ж.Бабалықұлының «тояттағандай» күй танытуы нені аңғартады? Біздің ой-ымызша, бұл қазақы қаны басына ша-ппып тұрған батырдың кесек болмысын танытудың бір жолы іспетті. Себебі бұл бір жағы казак тергеушісінің жоғары диплома-тиялық тактикасын көрсетсе, бір жағынан онсыз да өзіне кешірім жасалмайтынын жақсы білетін Оспан батырдың қазаққа жасаған соңғы тұяқ серпу шарапатындай сезіледі. Өйткені тергеушілердің міндеті — қылмысты ашып шығу, ал аяғын сәл шалыс басып, саяси тұрғыдан қателессе, Оспаннан бұрын өздері атылып кету қаупі тергеу барысынан анық аңғарылып тұрады.

Жазушы сұңғылалығы сонда, ол ашық айтылмаса да, көзіқарақты оқырманның көпшілігі білетін кейбір көңілге түйткіл ұя-лататын жайттардың да басын аша кетуі ме дейміз. «Соңғы көш» романында бұл мәсе-ленің шет жағасы айтылып кеткенмен, бұл жерде алыстан орағытып әкелінетін әңгіме түйіні нақты деректерге тіреледі.

1947 жылы Алтайға аттанған үш аймақ әскері ойсырай жеңіліп жатқан тұста Ос-пан адамдары қолға түскен үш аймақтың бір батальон әскерін тізіп қойып, қай рудан шыққанын сұрай бастайды. «Кәне, наймандарың бір адым алға шығындар» деген кезде ойларында ештеңе жоқ Іле мен Тарбағатайдан барған казак жастары алға шығады. Мұны автор орыс-герман соғысы (*1941–1945*) кезіндегі бірден атуға жіберілетіндерді: «Кәне, коммунистер мен комсомолдар, бір адым алға» деп үкімнің қолма-қол орындалғанына теңейді. Осы оқиғаны батырдың шамына тимей, жіңіш-келеп жеткізген Жағданың сұрағына кезінде Оспан адамдарының арасында «асыра сіл-теуші жікшілдердің» болғанын сөзге келмей мойындауын жазушы батырға тән турашыл мінезі арқылы көрсетеді.

Дәл сондай келеңсіз оқиғаның бол-ғанын үш аймақ армиясының қатарында соғысқа қатысқан жауынгер, сол кезде рота командирі, Жағдамен бірге оқыған Абдолла Тұрлыбаевтың сол бір қатерлі сәттен қалай аман құтылғанын әңгімелету жолымен береді.

Ал расын айтқанда, Абдолла — керей-дің шеруші руымен сүйек-шатыс болып, солардың ортасында өскен найманның матай деген руынан тараған кісі. Шеруші шежіресін жетік білетін көзі ашық сау-атты жігіт өзінің руын жасырып, шеруші екенін таратып айтқанда, надан жікшіл топ оған сеніп, керейлердің ішіне қосады да, қалған алдыға шыққандарды түгел окқа

ұстап жібереді. Абдолла Тұрлыбаев 1969 жылдың соңында әкесімен бірге Нұрлан деген 14-15 жастағы оқушы ұлы, Абылқак деген інісі және Махмұт деген жігіт — бесе-уі Алатаудың Текес тұсынан Қазақстанға өтуге қам жасайды. Орта жолға келгенде, әкесі қатты ауырып, ауыр жолды көтере алмайтын болғандықтан, өзін қалдырып, Нұрланды аман-есен елге жеткізуді тап-сырады. Әкелерін тірі тастап кете алмаған бұлар көп қиналады. Бір кетіп, бір келіп, ақыры Абдолланың немере інісі Абылқак Тұрлыбаев (*белгілі бүркітші*) аурудың қасында қалады. Екі күннен кейін әкесі қайтыс болады, бұл екі ортада жолаушылар ұзап кеткен, қарлы боранда ізді таба алмай-тын болғандықтан, Абдолла жалғыз өзі тау ішімен кері қайтады. Етекте қалған аттарды тауып алып, бірін мініп, бірін жетекке алып, ел ішінде жасырынып жүреді. Содан келер жылы Нарынқол тұсынан өтеді. Жалпы 1969—70 жылдары Айтан Нүсіпханов, Әлімғазы Даулетханның ұйымдастыруымен Қазақстанға бір қауым адам іркес-тіркес өт-кен. Іштерінде акын Жөркен Бөдеш те бар. Сол кездегі 100 шақты адамның тізімі де, осы деректің шындығы да тарихшы-ғалым Әлімхазы Даулетханда сайрап тұр.

Көзінің тірісінде Абдолла ақсақал Бурылтоғайдағы басынан өткен жаңағы қатерді Жағдаға да, жазушыға да өз аузы-мен әңгімелеп берген. Оспан батырдың жеңіске жетпей қалу себебінің бір салдары осы рушылдық кеселде жатқанын жазушы ашық аңғартады. Батырдың осал жерін дөп басу арқылы Қ.Жұмаділов «жүйрікке де бір томар», яғни адам баласынан қателік кетпей тұрмайды деген ойды алға тартады.

Ж.Бабалықұлы Азаттық радиосына берген сұхбатында: «Мен Оспанды қаралау жағында емеспін» дей келе, «1944 жыл-дан бері зерттеу барысында «әттеген-ай» жерлерін де білемін. Шығыс Түркістан қазақтарының басынан не өтпеді?! «Бір сайтанның азғыруы болды. Оған өкініш көп қой» деп мойындаған Оспан жауабын да мысалға келтіреді. (*Азаттық радиосының жазбасынан*).

1968 жылдан бастап Оспан батыр ту-ралы Азаттық радиосында хабар жүргізген Хасен Оралтай да кейінгі сұхбаттарында Ж.Бабалықұлының «Оспан батыр 1951 жылы ұсталып, 1952 жылы ақпан айында үкім орындалғанын» тілге тиек етеді. Бұ-дан Оспан батырдың туған-қайтыс болған жылдарын нақтылау қажеттігі туындайды...

«Соңғы көш» романында да Жағыпар (*Жарда*) тұтқынның актық тілегін орындап, өсіп кеткен тырнағын алып беретін. Мұнда да Жағданың нақтылы іс-әрекеті бойынша бұл оқиғаны жеріне жеткізе түседі. Түрмеде отырса да, бес уақыт намазын үзбей өткен Оспан батырдың «Шашы өскеннің ауылы көпір, тырнағы өскеннің өзі көпір» дегені-не сенесіз. Заңға қайшы болса да, батыр өтінішін жерге тастай алмаған Жағданың «қалтасындағы қылып тұрған бөкісімен» тырнағын алып беруі де сенімді. Қазақ тергеушісіне ықыласпен берген батасы да, ақыл-кеңесі де, келешек ұрпақтан зор үміт күтуі де батырдың жүйрік көңілін танытуға бағытталған. Оспанның көзін көрген ең соңғы қазақ ретінде Жағда Бабалыков туралы ашы шындық осылайша қиыннан киыстырыла отырып, ашылады.

Ғазез Райысұлының «Самұрық» (*2007*) және «Оспан батыр» (*2007*), «Оспан» (*2010*) т.б. деректі зерттеулер мен естелік-терін шолып қарағанымызда, Жағда Ба-балықұлының Шынжандағы қоғамдық қызметі мен «Оспанды тергеуге тікелей қатысқан адам» екені айтылады. Тіпті үкім қағазында да Ж.Бабалықұлының аты-жөні тұрғаны жазылған. Таңғалудың жөні жоқ, себебі 1950—52 жж. өлкелік сот төрағасының орынбасары ретінде қолы тұруы занды құбылыс. Оның сыртында Ж.Бабалықұлы бұл шындықты көзі тірісін-де өз аузымен баяндап айтып кеткен адам емес пе?

Мен қабдештанушы ретінде жазушы-ның тарихи тақырыпқа негізсіз түспейтінін жақсы білемін. Оған тарихи еңбектермен салыстыру арқылы әбден көзім жеткен. Тіпті осы хикаяттағы Оспанды тергеу ісі бойынша бес комиссия жұмыс істегені,

жалғыз қазақ Жағда болғаны, қанша қинаса да, сағын сындыра алмауы, бәрі де — тарихи шындық.

Жазушы мұраты айқын. Ол — Оспан батырды ғана емес, артына халықтық ем-дом рецептері мен мол этнографиялық мұра қалдырып, елі құрметтеген Жағда Бабалықұлының да азаматтық тұлғасын еш боямасыз ашып шығу. Ал «Соңғы көш» романында болашақ этнографты Шәуе-шектегі түрмеден ебін тауып алып шығып, бергі бетке өткізуге себеп болған да, осы Қ.Жұмаділов бастатқан топ.

Хикаяттағы бұдан кейінгі оқиға тек қана батыр монологынан тұрады. Жағда-мен болған әңгімеден кейін жазушы ка-мерада жалғыз жатқан батырды өз ойымен көп арпалыстырады. Біресе үш аймақты тұтас қамтыған көтерілістің басын қоса алмағанына өкіндірсе, біресе айналасында осындай «ақыл қосып, кеңес беретін» са-налы азаматтардың болмағанына өкінеді. Ал бала-шағасы мен әйелдерінің тағдырын ойлағанда батырдың өзегі өртенетіні сонша «жүрегінің басына қан толып» кеткендей болады. Жападан-жалғыз өз ойымен өзі алысып жатқан батырдың ойына «Қасқыр қарызын терісімен өтейді» деген мақалды автор тегін салып отырған жоқ. «Даладағы малын қырып, қорадағы қойына шапса да, казактың қасқыр туралы көзқарасы иттен жоғары болатыны несі?» деген ой тастай-ды. Жазушы ит пен бөрі туралы нақтылы мақал-мәтелдерді келтіріп, түп атасы бір ит пен қасқыр туралы Құнияз молданың тәмсілін еске салғызу арқылы сертке берік мәрттіктің мағынасын ашады. Талайдан ас ішпей, жүдеп жүрген қасқыр иттің қонды қалпын көріп, таңғалады. Ит өзінің үйшігін көрсетіп, атқаратын қызметінің жеңілдігін айтып қасқырға мақтанады. Күндіз өзін байлап қоятын қазыққа байланған шын-жыры туралы айтқанда, қасқырдың «аш жүрсем де азаттығың артық» деп орманға қарай жорта жөнелгені туралы Құнияз молда айтқан әңгіме азаттық, бостандық туралы сөз шықса, Оспан есінен шықпай-тыны, аталас ағайындарының бірі Дүйсекең деген аңшының өзімен өшіккен қасқырдың терісін тірідей сыпыруы, төрт аяғын керіп тастап, терісін сыпырып болғанша, көкжал-дың «ынк етіп, дыбыс шағармауы», бұдан кейін жалаңаш қасқырдың бір-екі белді асып барып жығылуы «қасқыр қарызын терісімен өтейді» дегеннің бір мысалы осы болса, батыр да «барша қарызын бір басымен өтегелі тұрған жоқпа?» деген ойды алға тартады. Жазушы Оспанды терісі сыпырылған қасқырға тегін ұксатып тұрған жоқ, себебі азаттық жолында өз мойнында да қанша адамның қан-қарызы болса, «өзін еш қиналыссыз құрбандыққа шалса, батырдың алтын басы сол қарызын өтеуге татымай ма?». Осындай сан тарау ойға шоғман батырды жазушы тоғыз рөкәт Жасих намазын ұзақ оқып, қолын жайып дұға жасатқызады. Себебі Оспанның ка-мерасына тамақ әкелетін қарандау дүнген қызметші оған ертенінде болатын ашық соттың хабарын айтып кетеді. Соңғы са-парға ұзақ дайындалғандықтан, батырдың жүзінде қорқыныш, үрей дегеннің ізі де жоқ, «барқыт тысты күпісі» мен әйелі Баян тігіп берген «шошақ төбелі керей тымағын» күні бұрын киіп алып, жымып күліп отырған түрін көргенде, сатыр-сұтыр кіріп келген әскерлердің «осы біз баска камераға кіріп кеткен жоқпыз ба» дегендей танданып тұрып қалуымен шығарма шорт үзіледі. Міне, хикаяның өзіндік ерекшелігі де, жазушының қайталанбас қолтаңбасы да ап-айқын. Бұдан кейінгі Оспан тағдыры баска еңбектер арқылы қалың көпшілікке бесенеден белгілі болғандықтан, автор оны қайталап жатуды қажет санамаған. Әрі тергеу барысынан-ақ батырдың азаттыққа ұмтылған күрескерлік идеясы, қайтпас қайсарлығы, айнымас рухы айқындалып болған-ды. Батырдың ендігі көрешегі айтпаса да түсінікті. Жазушы шешімі өте орынды.

Қорыта айтқанда, «Көкжал» хикаясы — Қ.Жұмаділовтің 70-тен асқан шағын-да жазған туындыларының ішіндегі ең шоктығы биік, тартымдысы. Тақырып пен батыр тұлғасының үндесетіні сонша елу беттік хикая бір демде оқылады...

ДӘУІР ЖАЗУШЫСЫ

13 сәуірде Қазақстан Рес-публикасының Ұлттық кітапханасында қазақ әде-биетінің көрнекті өкілі, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қабдеш Жұмаділовтің туғанына 90 жыл толуына орай «Дәуіріміздің дарабоз жазушысы» атты еске алу кеші өтті.

Тағылымды жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі акын-жазушылар, мәдениет және өнер са-ласының мамандары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Кеш тізгінін ұстаған жазушы, Қазақ-стан Жазушылар одағы Төрағасының орынбасары, ҚР Еңбек сіңірген қайрат-кері Ғалым Қалибекұлы алқалы баско-судың мәнін айшықтап, Қабдеш Жұ-маділовтің шығармашылығы әдебиет үшін мол казына екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар Қазақстан Жазушылар одағы Төрағасының құттықтауын акын, Қазақстан Жазушылар одағы Төрағасының орынбасары, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Қасымхан Бег-манов жеткізіп, жазушы мұрасының ұлттық руханияттағы айрықша орнына тоқталды.



Кеш аясында қаламгердің шығар-малары мен түрлі жарияланымдары топтастырылған «Қабдеш Жұмаділов. Библиографиялық көрсеткіш» атты басылым таныстырылып, қалам иесінің шығармашылық жолынан сыр шертетін ауқымды әдеби көрме көпшілік назары-на ұсынылды. Акын, Мемлекеттік сый-лықтың иегері, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет жазушы туралы ойын ортаға салды.

Сондай-ақ шарада ҚР Ұлттық кі-тапханасының директоры, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ғазиза Нұрғалиева Қазақстан кітапханаларындағы «Бір ел, бір кітап» акциясы аясында 2026 жылы автордың «Тағдыр» романының тандалғанын, жоғары дәрежеде наси-хатталып жатқанын айтса, әдебиет-танушы-ғалым, филология ғылым-дарының докторлары, профессорлар, акын, «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы Бауыржан Жақып, Қансейіт Әбдезұлы, Руда Зайкенова, Әмірхан Мендеке, Әрмиябек Сағындықұлы, ҚР Ұлттық кітапханасының Ғалым хатшысы Қанат Алтынбек Қ.Жұ-маділов туралы баяндамаларын, белгілі акындар Алмас Ахметбекұлы, Бақытбек Бөмішұлы, Аманғазы Кәріпжан дарабоз жазушыға арнаған өлеңдерін оқыды. Белгілі публицист, журналист Марат Тоқашбаев 90 жылдық қарсаңында Халық жазушысының атына көше, мектептер беріліп, арнайы мемориял-дық музейлер ашылса деген ұсыныс айтты. Жиын соңында жазушының ұлы, тарихшы-ғалым Арман Жұмаділ шара ұйымдастырушыларына әулет атынан ризашылығын білдірді.



Сәли СӘДУАҚАСҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

2002 жылы қараша айының орта тұсы еді. ШҰАР саяси заң комитеті жағынан шығарылатын «Заң аясын-да» журналының жұмысымен Шәуешек қаласында іссапарда жүрген едім. Бір күні Тарбағатай аймағының уәлиі Қызайжан бауырымның шақырып жатқанын естіп, дереу жетіп бардым. Уәли өз кеңсесінде екен. Аман-сәлемнен кейін, ол кісі шақырған бұйымтайын төтесінен айтты:

— Ағасы, сізді іздеген себебім, ертен түсте бізге Қазақстаннан екі құрметті қонақ келмекші. Асылы, екі қонақты шақырған адам автономиялы райондық Партия комитетінің хатшысының орынбасары Асхат Керімбайұлы еді. Ол кісі қонақтарын біздің күтіп қайтаруымызды міндеттеген еді. Мекеме кеңсесі күтіп алу дайындығын жасап қойды. Баска да дайындық жұмыстарын орналастырып қойдық. Қонақтарымызды Толы ауданына дейін апарып қайтпақпыз...

Келетін екі қонағымызбен де сіз жақсы таныс екенсіз, аралас-құраластығыңыз да бар екен. Келетіндердің біреуі — Қазақстанның Халық жазушысы, әйгілі жазушы Қабдеш Жұмаділов, ал біреуі өзіңіздің ауылдасыңыз, сары сүйек құданыз, тегіндегі мектептес досыңыз, Қазақстанның көрнекті ақыны Жәркен Бөдеш деген азамат екен. Екеуі ертен түске таяу жетіп келеді. Аймақтық қонақүйден орын дайындап қойдық, күтушілер де сақалай сай тұр. Бірақ біз бір қиыншылыққа дөп келгелі отырмыз, соған сіздің көмегіңіз қажет болып шақыртқан едім... Айтуларға қарағанда, Қабдеш Жұмаділов Қазақстандағы Қажығұмар Шабданұлының жоғын жоктап жүрген бірден-бір иегері екен. Қажығұмар жөнінде мақала жазып, сөз сөйлеп жүрген кісі екен. Бұл жағынан толық хабарлы болуыңыз керек? Ертен келген соң:

«Мен Қажығұмармен кездесуім керек!» деп талап қойса, біз ол талапты орындай алмаймыз. Өйткені Қажығұмар біздің басқаруымыздағы адам емес, 1986 жылы ұсталғанда «Шетел тыңшысы екен» деп естігенбіз, біздің білетініміз сол ғана. Ал, оны ұстаған орын қайсы орын? Оны да анық білмейміз. Қажығұмар кесікті уақытынан екі жыл бұрын түрмеден босатылыпты, қазір үйінде, оны бақылайтындар кімдер? Оны да жақсы білмейміз. Сол себепті де, біз Қабдеш ағаны Қажығұмармен жолықтыра алмаймыз. Сіз Қабдеш ағаңызға түсіндіріп, біздің осы қиыншылығымызды шешім етуге көмектес-сеңіз! — деді.

— Қажығұмар Қабдештің келетінін біле ме екен? — Біліп отырған көрінеді! — деді уәли. — Қабдеш ағаны сырттай білемін, айтқанынан қайтпайтын, бір сөзді кісі екенін естіп те, көріп те жүрмін. Бірнеше мықты мен айтыс-тартыстарын да оқыған едім, менің айтқанымға көне қояр ма екен? Жарайды, келген соң ептеп сөйлесіп көрейін, — дедім мен.

Уәли мені де аймақтық қонақүйге орналастырып қойған екен, нәрсе-керектерімді қонақ үйге апарып тастадым да, салып ұрып Қажығұмар ағаныкіне бардым, бәрін естіп-біліп отыр екен, мені тыңдап болған соң:

— Апыр-ай, ә! Қабдешті жас күнінде көрген едім, қазір әйгілі жазушы болыпты. Дидарын бір көріп қалсам болушы еді, Қазақстандағы менің жоқшым сол ғана ғой. Уәлидің сөзі де орынды екен, Қабдештер құрметті қонақ болып келген соң, сол құрметтерімен қайтқандары да жөн ғой, мен жолыққанда не бігіремін және Қабдеш екеуімізді емін-еркін сөйлестіріп қояды деймісің болды, жолықпай-ақ қояйын. Бірақ сенен өтінерім, телефонда болса да тілдесіп, амандасып қалайын, — деді.

Ертесі сағат он бірге таяу Қабдеш ағалар да келді. Жуынып-шайынып болды-ау деген кезде кірсем, киініп жатыр екен, мені тыңдап болған соң біраз ойланып тұрды да:

— Апыр-ай, ә! Мынау бір қиын проблема болды ғой, бауырым. Менің Қажығұмар мәселесімен айналысатынымды екі елдегі қазақтардың көбі білетін болуы керек? Қабдеш Шәуешекке барып тұрып, Қажығұмарға жолықпай кетіпті десе, ел не деп ойлар? Қажығұмар не деп ойлар? — деді. Осы орайда мен Қажығұмар ағамен сөйлескенімді айтып едім, Қабдеш аға тағы біршама ойланып алды да:

— Әсілі, біз Асхат Керімбайдың шақырған қонақтары едік. Қонақтарыма ұзақ жол жүргізбейін деді ме, әлде жұмысы қарбалас болды ма, бізді күтіп алуды Тарбағатай аймағына тапсырыпты. Аймақ уәлиінің айтқан сөздерінің де жөні бар екен, бұлар, тек жоғарының нұсқауын атқарушылар ғой, құрметтеп, құшақ жая қарсы алып жатқан бұларды да қинасақ болмас. Қажығұмарға жолыққан күнде де екеуіміз аман-сәлемнен басқа ештеңе сөйлесе алмаспыз. Өйткені ол кісіге мені жалғыз жолықтырмайды ғой, бақылаушылары бірге кіретін шығар, сол үшін, мен «Қажығұмарға

Қабдеш ағаның орта мектептегі сабақтасы Жабайыл Бейсенұлына міндеттелген екен, ол кісі аудан басшыларына: «Қытайдан келіп осында қоныстанған пәленше деген ақын бар, соған жаздырыңдар!» деп маған сілтеп жіберіпті. Аудан айтсын, айтпасын, Қабдеш ағаның 60 жылдығына арнау жазатын қақым бар ғой, ауданның талабын бір түнде орындап бердім. Бірақ бір оралман жігіттің әйелінің өліміне байланысты 60 жылдыққа бара алмай қалдым. Ал арнауымды мәдениет үйінің бір әншісі терме етіп орындапты. Сонда жазылған арнауым былай еді:

ҚАБДЕШ АҒА



ҰЗАҚ БОЛСЫН, ЖАН АҒА, ҒҰМЫРЫҢЫЗ!

Бауыр басып жақсы әке, жақсы анаға, Ер жетіпсіз үлгілі баспанада. Қош келіпсіз думанды ортамызға, Алатаудай ойлары асқақ аға.

Айбарлысыз, ақ басты дара құздай, Құшағымыз жаюлы даламыздай. Үржарлықтар көреді өзіңізді, Тірі жүрген Қабанбай бабамыздай.

Шырқыраған шындықтың айғағысын, Берекемнің бұзылмас қаймағысын. Тік көтеріп келесің көк туымдай, Ділі таза халқымның ар-намысын.

Әділдіктің алынбас қорғанысын, Бейуаздардың жанашыр қормалысын. Қай-қашанда ұлтымның санасында Қозғап жүрсің рухымның қозғалысын.

Өмір заңын игеріп, жатқа білдің, Ерте оянып ой-санаң атқа міндің. Сын сағатта Баймұрат, Баймұраттап, Белуардан су кештің, отқа кірдің...

Көрсен-дағы сан қилы мол күресті, Мөңгүрттенбей, сұңғыла, болдың есті. Тәлкегінен тағдырдың арашалап, Бастап келдің тарихта «Соңғы көшті».

Малдыбайда қалса да балалығың, Жаттап өстің халықтың даналығың. Бас имейсің ешкімге, бұл мінезің — Бұқа атаннан дарыған даралығың.

Арғы бетте алғашқы көктемінді, Көгертсем деп төккенсің көп терінді, Дана халқын біледі бар жүрекке, Сұлулықтың ұрығын сепкенінді.

Қырындысын шығарып өткен күннің, Жүректерді қуанттың, кектендірдің... Сан ғасырдың шертіп тұр шежіресін, Сөремізге тізілген көп томдығын.

Аласармас мәңгілік тұғырыңыз, Лайланбас әманда тұнығыңыз. Әлемдегі қазақтың бағы үшін, Ұзақ болсын, жан аға, ғұмырыңыз!

Бұл өлең Қабдеш ағаның соңғы кезде шыққан бір кітабына басылыпты. Бірақ менің аты-жөнім жазылмапты. Өлеңге «үржарлық бір ақын» деген түсінік беріліпті. 2008 жылы жазда Үржар ауданының

құрылғанына 80 жыл толған тойы өтті. Тойға жер-жерден сыйлы қонақтар шақырылыпты, Алматыдан біз танитындардан Қабдеш аға мен әйгілі сатирик ақын Қажытай Ілиясұлы ағамыз да келіпті. Ол кезде мен Үржардағы оралмандар алқасының жауаптысы едім. Оралмандарды ұйымдастырып, үш киіз үй тіктіріп, біз де аудан тойын бірге тойластық. Менің ұлым — Қанат фотограф еді, ауданның 80 жылдық жетістіктері бейнеленген көлемді сурет кітабын сол жасап берді, аталған кітап қонақтарға және мекеме-мектеп, қоғамдық ұйымдарға, ауылдарға, мәдениет үйлеріне кеңінен таратылды. Мен белгілі жазушы Ғаппар Біләлмен ақылдасып, Қабдеш ағаны, Қажытай ағаны, Үржарда тұратын әйгілі «Ауылым» әнінің мәтінін жазған қарт ақын Жабайыл Бейсен ағаны, Үржардан шығатын «Уақыт тынысы» газетінің жауапты редакторы, жазушы замандасым Сәбит Шәмшековті үржарлық оралмандар атынан қонаққа шақырдым, төртеуі де келді. Ең алдымен, сөз кезегін алған Қабдеш аға былай деген еді:

— Менің атамекенге біржолата оралғаным, міне, биыл 46 жыл болыпты. 26 жасыма ел-жұртты бастап келген едім. Мен өзімнің тағдыр-тәлейіме ерекше разы адаммын. Егер, сол 62 жылы мен Шәуешекте болмаған болсам, маған бұл жаққа келу орайы да тумас еді. Орайды қойып, ол жақта содан былайғы өрістетілген «Түзетімпаздарға қарсы» тәрбиемен «іште тұрып шетелмен астасқандарға қарсы» қозғалыстардың нысанасына айналып, «кірген ізі бар, шыққан ізі жоқ» делінетін сүркейлі абақтыларға алдымен апарылатындардың біреуі де мен болар едім. Өйткені 62 жыл бұрын Қазақстанда — Алматыда оқыдым. М.Әуезов сынды әйгілі жазушылардан сабақ алдым, жазған-сызғандарым үзбей жарияланып тұрды. Солардың өзі-ақ менің тағдырымды біржайлы етуге жетіп асар еді. Бірақ тағдыр тәлейім мені сақтап қалды. Дәл оқиға кезінде мен Шәуешекте болдым да мына отырған Қажытай Ілиястың дәнекерлігімен шұғыл жағдайдан хабар тауып, бұл жаққа аман-есен өтіп кеттім. Содан былайғы 46 жылым өз иелігіме бұйырды, тағдыр-тәлейіме ризамын дейтінім содан, арғы бетте — сіздер келген жақта Қажығұмар Шабданұлы дейтін қарт жазушы бар, 80-нен асып кетті, 30-дан аса бере қолға алынып, 1979 жылы 54 жасында түрмеден босап қайтқан еді. Арада 6-7 жылды өткізіп, 1986 жылы тағы ұсталып, 13 жыл ғұмырын тағы түрмеде өткізді. Естүімше, оның екінші рет қандай қылмыспен ұсталғанын жерлік орындар білмейді-мыс. Сорлатайын десе, тағдыр-тәлей дегендер солай күйретеді екен. Бірақ сол Қажығұмар дүниежүзі қазақтарында бұрын-соңды болмаған «Түрме әдебиеті» деген әдебиет жанрын қалыптастырып кетті. Өзінің кесек туындыларын түрмеде отырып жазды. Ақын Таңжарық Жолдыұлы сорабын тартқан түрме әдебиетін толық қалыптастырған, әне сол Қажығұмар ғұмыр бойы еркіндікке, бас еркіндігіне зар болып өтті. Атамекені — Қазақстанға жете алмай келеді. Анау отырған Жабайыл Бейсен де, Сәбит Шәмшеков те, мына Қажытай Ілияс та, мен де — оралманмын. Парқымыз — біз ертерек оралғандармыз, ол кездегі жағдай басқаша еді. Қазақстан Ресей империясының ашса — алақаныда, жұмса — жұдырығындағы кезі еді. Ал қазір көк туы желбіреген, күллі ғалам мойындаған Тәуелсіз ел болды. Сіздер Тәуелсіз Қазақстанның оралмандарысыздар. Нағыз бақыт деген, міне, осы!

Тәуелсіздікті қадірлеу, құрметтеу, аялау, қорғау, тәуелсіздіктің ең ұлы құндылық екенін білу — бәріміздің борышымыз әрі міндетіміз, туыстар!

Қабдеш ағаның сөзіне әсерленгені соншалық, Ордан есімді апайымыз Қабдеш ағаның қолынан сүйіп, иығына шапан жауып, рақмет айтқан еді. Ол күнгі Қажытай ағаның сөйлеген сөзін мен «Қазақ әдебиеті» газетінің 2005 жылғы №34 санында (*10-11 беттерінде*) жариялатқаным үшін де бұл арада қайталамадым. Аталған сөз «Тағзым» атты кітабымда жарияланды.

Мен, 2004 жылдан 2017 жылдың 10-айына дейін Үржар ауданында қоныстанып тұрған едім. 2017 жылы Қытайға дәрігерге тексерілуге барып, сол беті бері өте алмай, 2023 жылы 1-айда өрең келген едім. Мен қайта оралғанша, Қабдеш аға да, Қажытай аға да, Жәркен Бөдеш досым да бақи дүниелік болып кетіпті. 2023 жылы 4-айдың 23 күні Үржардағы отауыма кетіп бара жатып, Аягөз — Алматы тас жолының 92 шақырым қиылысындағы Қабдеш ағаның кесенесінің басына барып Құран оқып кеттім. Сол кезде Қабдеш аға өз шығармаларында көп суреттейтін Қазақстанның шығыс қақпасын күзетіп жатқан алып тұлғадай елестеген еді. Содан бері әр жылы отауыма барған сайын, келген сайын міндетті түрде Қабдеш ағаның басына соғу дағдыға айналды.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болғай!



Мақсат ДАУЫЛБАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Ежелгі грек философы Диоген: «Адам іздеп жүрмін» деп, күндіз де шырақ ұстап жүреді екен. Қандай терең философия!.. Біз тіршілік етіп жатқан дәуір де тағдырдың сондай тұсына келіп қалған сияқты. Тек, кейде даңалық іздеуі керек дүрбінің «шалалық қуалап» кететіні қиын...

Қалтай Мұхамеджанов отызында «Шыңырауды» жазып, сөз өнерінің алдыңғы сабына суырылып шыққан Әбіш Кекілбайұлын «межконтинентальный писатель» деп бағалапты. Ол туралы Сауытбек Абдрахманов Мемлекеттік сыйлық алған «Абыз Әбіш» атты ғажайып еңбегінің кіріспесінде кеңінен толғайды.

Акселеу Сейдімбектің Әбіш аға жайлы айтқан мына сөзі де мені ерекше тебірендеті: «...қалай өмір сүруді емес, не үшін өмір сүруді шегіне жеткізе уағыздаған Әбіштің қоңыр домбырасының үні әлемдік әдебиет оркестрінің ішінде айқын естіледі».

Дәл осы ұғымдардағыдай, ұлт десе — жыр, жыр десе — Алмасбек Алматыв есімі естіліп жататын ел аузындағы әңгіме-аңыздар сеп болған шығар, мен ағамызды суындар ғана баптайтын сейіске ұқсатамын. Неге олай екеніне анықтама беріп отырғым келмейді, бұл сөзіме дәлел-дәйекті әркім өзі іздеп тапса деймін. Өйткені бұл бағамның артында даңғайыр жыраудың дара жолы, ересен еңбек, қанатын кенге жайған кемел тағдыр тұр.

Иә, ол — санлақ өнерпаз. Иә, ол — дүр жырау. Иә, ол — аңыз адам. Мен үшін ағамызға елдің өзі теліген осы атақтардан да жоғары тұратын бір баға бар, ол — Алмасбек Алматыв деп аталатын феномен. Тірісінде «өліп-өшкен» талайлардың қолы жетпеген, қол мен мөрге, жарлық пен бұйрыққа бағынбайтын бұл даңққа ағамызды жеткізген — ұлағатты еңбек, ұлт өнеріне деген ұлы махаббат.

Жыраулық — ұлттың өзегіне біткен өнер. Бұл — тек поэзиялық мұра ғана емес, тұтас бір мәдени код, халықтың рухани иммунитеті. Бір уақыттары өзектің тамырына балта шабу арқылы ғана ұлттың өзін өлтіруге болатынын ұғып алған зұлмат кезең, зұлым пиғылдар халықтың рухани қажыр-қауқарын нысанаға алды. Шын іздеген көздегеніне жетпей қойсын ба?.. Көксегеніне жетті. Солай-солай арда өнер, абзал сарын өбден әлсіреді. Қанды қағажулар қалжыратқан осындай уақытта жыраулық өнерді ғылыми жүйеге түсіріп, білім беру кеністігіне енгізу — ұлттық маңызы бар стратегиялық міндетке айналды. Осы миссияны абыроймен атқарған тұлғалардың бірі де бірегейі — Алмасбек Алматыв.

Жыршылық — синкретті өнер. Ол сөз, әуен, орындаушылық шеберлік, тарихи таным мен импровизацияны қатар қамтиды. Қазақ қоғамында жыраулар тек орындаушы ғана емес, идеолог, тәрбиеші, шежіреші қызметін атқарған. Бұл тұрғыда жыраулық өнерді оқыту вокалдық немесе әдеби дайындықпен шектелмейді, ол кешенді гуманитарлық білімді қажет етеді. Дәстүр бойынша бұл өнер ұстаздан шәкіртке тікелей тәжірибе арқылы беріліп келген. Мұндай табиғи жалғастық әлсіреген қазіргі уақытта оны институционалдық деңгейде оқыту қажеттілігін ерте ұққан, ерте түсінген алғашқы жырау деп ағамызды айтуымыз керек.

Бұл жолға А.Алматыв тәуелсіздікке

дейін бекінген сияқты. Оған дәлел — Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосыновтармен бірге Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерватория жанынан құрған «Халық әні» кафедрасы. Жыр өнерінің бүгінгі ұстындарының бәрі — осынау ғылыми-шығармашылық бірлестіктің түлектері. Ал, негізгі еңбек 1998 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде басталған.

Алмасбек Алматывтың бастамасымен, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің сол кездегі ректоры, академик Қылышбай Бисеновтің қолдауымен жоғары оқу орындарында «Дәстүрлі өнер

Ұлттық консерваторияның өзінде «Халық әні» кафедрасы Желтоқсан оқиғасы өткен 1986 жылға дейін болған жоқ. Бұл уақытқа дейін онда тек ұлттық өнер түрлерінен домбырашылар ғана дайындалды. Оның өзінде кеңестік билік оларды тек оркестрлерге, көпшілік ұжымдарға ғана бейімдеп әзірледі. Төл өнеріміздің деңгейін, дәрежесін көрсететін уникалдарды мамандандыруға мүмкіндік берген жоқ. Дәл осы тұста ректор Дүйсен Қасейіновтің арнайы шақыртуымен қара шаңыраққа келген Алмасбек аға бастаманы ғылыми негіздеу үшін Әсия Мұхамбетова, Саида Елеманова, Алма Құнанбаевалармен тығыз бай-

ҰЛТ ӨНЕРІ ҺӘМ ҰЛАҒАТТЫ ТАҒДЫР



— жыр» атты дербес мамандықтың ашылуы — қазақ мәдениеті тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі. Бұл бастама жыршылық өнерді фольклорлық мұра ретінде ғана емес, кәсіби білім беру объектісі ретінде қарастыруға жол ашты. Ғалым ретінде Алматыв жыршылық өнердің құрылымдық, поэтикалық және музыкалық ерекшеліктерін жүйелеп, оқу бағдарламасына енгізді. Оның әдістемесінде бірнеше негізгі қағидат айқын көрінеді:

- дәстүр мен жаңашылдықтың синтезі — көне жырларды түпнұсқалық қалпында меңгеру және оларды қазіргі сахналық талаптарға бейімдеу;

- аймақтық мектептерді сақтау — Сыр бойы, Батыс, Қаратау, Жетісу жыршылық дәстүрлерінің ерекшеліктерін жеке-жеке оқыту;

- кешенді білім беру — әдебиеттану, музыка теориясы, тарих, этнография пәндерін интеграциялау. Бұл жүйе жыршылық өнерді академиялық деңгейге көтеріп қана қоймай, оның болашақта өміршен болуына мүмкіндік берді.

Дәл осынау еңбектің, ағысқа қарсы жүзген қайраткерліктің, «жырау жоқ» деп жұтап жатқан уақыттағы қисапсыз қажыр-қайраттың кәсіби бағасын білгім келіп, өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор, К.Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық өнер университетінің проректоры Р.Нұртазамен де пікірлестім. «Алмасбек Нұрмаханұлының руханиятқа сіңірген еңбегін 2 кезеңге бөліп қарауға болады. Ол, әрине, Консерватория жанынан ашылған «Халық әні» кафедрасын құрысқан кезең және 1998 жылы «Дәстүрлі өнер — жыр» мамандығының мемлекеттік стандартын дайындаған кезден бүгінге дейінгі уақыт».

Жалпы, дәстүрлі музыканың даму тарихы тәуелсіздігімізбен тікелей сабақтас.

ланыста жұмыс істеді. Онысы өте ұтымды шешім болды деп айта аламын. Солай-солай әншілік мектептер бойынша мамандыққа алғашқы студенттер қабылдана бастады. Дәл осы тұста Қазақ даласындағы әншілік мектептерді түгендеген кафедраға «Жыр қайда?» деген заңды сауал қойылды. Міне, сол уақытта Алмасбек Нұрмаханұлы атқа қонып, ұлтымыздың ұлы өнерінің аманат-жүгін иығына өңгерді. Әрине, оңай болған жоқ. Түрлі тайталастар болды, түрлі пікірлер айтылды. Ағамыз ешқайсысына мән бермеді. Сыр өңіріне оралып, өнімді еңбек етті. Оның ұстаздығының, қайраткерлігінің шыңдалған тұсы да осы сынақты кезеңдермен тұспа-тұс келген сияқты. Бәрінің нәтижесін біз 1998 жылы естідік. Сол жылы ол ұлы мұратты межесіне жеткізді. Бүгінде еліміздің 4 аумағын түгел қамтыған «Дәстүрлі өнер — жыр» мамандығын классификацияға енгізді.

Айта кетпесем болмас, өнертанушы ретінде осы жылдарды зерделегенде мен оның стратегиялық ойлау қабілетіне тәнті болдым. Бұл мамандық тыңнан түрен салудың нағыз өзі еді ғой. Бұрын-соңды бұл мамандық бойынша не маман даярланбаған, не ғылыми-әдістемелік кешен әзірленбеген, не практика жүзінде бұл мамандық сыналмаған. Соның бәрін үлкен шеберлікпен ұйымдастыруы — руханият тарихында қалатын еңбек деп есептеймін. Әрине, ағамыздың рухани-шығармашылық тұрғыдағы бастамасын сол уақыттағы ғылыми реформалардың ықпалына жеңдірмей, заңдық-құжаттамалық әдістемелік тұрғыда сауатты, сапалы кадамдар жасаған сол кездегі Қорқыт ата университетінің ректоры Қылышбай Алдабергенұлын ерекше атап өткен жөн. Міне, елжанды екі азаматтың, жыраулық өнердің бағасын білген екі тұлғаның ерен еңбегі бүгінгі 28 жылдық ғұмырнамасы

бар мамандықтың тағылымды тарихының қабырғасын бекітті. Бұл жыр туының Сырда көтерілуінің де үлкен маңызы бар ғой. Қалай дегенмен, жырдың да ордасы ғой — Сыр елі. Бастамашы Алмасбек ағамыздың, қолдаушы Қылышбай ағамыздың бүлкілдеген тамырында жырдың рухы жүргенінен болар, талап тез оңғарылып, жұмыс тез жолға түсті. Руханият алдындағы нағыз адалдық, азаматтық — осы!

Қазіргі таңда ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі өзекті. Осы тұрғыда «Дәстүрлі өнер — жыр» мамандығы тек өнер саласының емес, ұлттық идеологияның да маңызды құралына айналды. Жыр арқылы халықтың тарихи жады, моральдық құндылықтары жаңа буынға беріледі. Осы тұрғыдағы Алмасбек Алматывтың еңбегі жыршылықты сахналық немесе этнографиялық элемент ретінде ғана емес, тірі мәдени процесс ретінде қайта жандандыру болды. Мамандық тарихына мән берсеңіз, білім беру процесі басталған 28 жылдың ішінде бірде-бір рет талапкерсіз қалмаған. Біз еңбек етіп жатқан К.Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық өнер университетінің де негізгі мамандығы ретінде қарастырылады жыр саласы. Түлектері де қоғамға қажетсіз маман болып қалған жоқ. Бәрі елдің ұлы өнеріне қызмет етуде, ел сөзі сөйленер тұстың бәріне үн қосуда. Мемлекеттің абыройы сынға түсер тұста жалауымызды жеңіс тұғырынан желбіретуде. Ең бастысы, мамандық ғылыми айналымға еніп, магистратура, докторантура академиялық кезеңдерімен қамтылды. Эпостар, дастандар тірілді, нұсқалар жинақталды. Жылына жыр өнерін қаузаған қаншама дипломдық жұмыстар, магистрлік диссертациялар жазылып, қорғалып жатыр. Қазір осы шоғыр ұлттық өнерімізді өздері үйретеді, насихаттайды және өздері зерттейді. Бұл — мамандық жай ғана атау емес, дайын академиялық құрылымға, атаулы институтқа айналды деген сөз ғой.

«Тарихты тұлғалар жасайды» деген бәріміз білетін тәмсіл бар. Тәуелсіздіктен бергі қарайғы өнер, мәдениет тарихында сахналық сипатынан бөлек, өзі ұстанған өнерге осыншалықты қайраткерлік көрсеткен таланттар өте сирек. Алмасбек ағамыз — сондай бірегей жан. Біз айтып отырған бұл еңбегі енді зерттеледі, енді зерделенеді. Бағасын енді алады», — деп, кенінен көсілді Раушан Сабыржанқызы. Міне, кәсіби көзқарас.

Өзге де әдебиеттанушылар мен өнертанушылар Алматывтың бұл бастамасын ұлттық мәдениетті сақтаудың тиімді үлгісі ретінде бағалайды. Себебі ол дәстүрді тек зерттеу объектісі ретінде емес, өміршең жүйе ретінде қарастырды. Жыршылық өнерді институционализациялау арқылы ол қазақ фольклорының жаңа кезеңін бастады деуге толық негіз бар. Алматывтың еңбегі фольклортану, әдебиеттану және музыкатану салаларының тоғысында жатқан кешенді зерттеулерге жол ашты. Әрине, мұны біз феноменалды еңбек деп бағалауға тиіспіз. Бұның бәрі — сөз басында келтірген деректерге нағыз дәйек!

Осыдан бірнеше жыл бұрынғы сұхбатта классик Дулат Исабековтің соңғы жылдарда жарық көрген роман-прозаларды оқығандағы көзқарастарын естіп таңғалғам. Елестетінізші, жасарын жасап, жазарын жазып қойған жазушы 80-ге келген шағында да оқыған, ізденген, жазудағы жаңалықтарға қызыққан, марқұм-ай!.. Біздің Алмасбек ағамен де тілдесе қалсаңыз, әр әңгімесін «Жасайтын жұмысымыз әлі көп» деп аяқтайды. Демек, ол жыраулықтың бір күндік не бір сәттік емес, мәңгілік аманатын арқалаған, демек, біз тамсанып отырған еңбек әлі де өнеді, әлі де өрістейді, ұлттық мұратқа бұдан да ауқымды үлес қосады.

Құдіреті күшті Тәңір тағала ағамызға соның бәрін көзімен көріп, жанымен маркаятын ғасырлық ғұмыр берсін деп тілейміз!

Жасасын, алаштың Алматывы!



ландыруына көзі түседі. Дайындық курсы мен бірінші курсқа қабылдау басталатын күні, реті — бәрі көрсетілген. Емтихан маусымда, «түсе алмасам, тамызда басқа оқу орнына барармын» деп Алматыға бет түзейді.

1965 жыл. Екінші Алматы вокзалынан пойыздан түсіп, Коммунистік даңғылымен жаяу тартты. Консерваторияға келісімен жатақхананы да тез бере қойды. Бірінші курсқа тек музыкалық училище бітіргендерді алады, сол себепті мақсат — дайындық курсына түсу. Домбырамен тартатын екі-үш күйді әзірлеп келген. Кейін білгеніндей, емтихан қабылдаған атакты композитор Латиф Хамиди, күйшілер Қабидолла Тастанов, Құбыш Мұхитов деген ағалары екен. Сөйтіп, үш сынақтан да бес алып сыртқа

Оркестр басқаратын адам партитура жазуды қатар алып жүретіні белгілі. Осы саланың маманына айналған дирижерларға әрдайым сұраныс зор. Сондықтан да жақсы музыкантты алыстан танитын басшылардың бірі, Алматы облыстық филармониясының директоры Қабиден Тұяқавтың көзіне түспей қалмады.

Бұл 1978 — 79 жылдар болатын. Көрнекті мемлекет қайраткері, қазақ мәдениетінің жоқшысы Өзбекәлі Жәнібеков ұмытылып бара жатқан музыкалық аспаптарды жарыққа шығаруды бастаған кезі. Филармония жанынан фольклорлық-этнографиялық ансамбль құру үшін білікті маман қажет болып, Тұяқав Темірғалиевты шақыртады.

«Қарағым, сен өңдеу жұмысымен айналысады екенсің, дирижерлігің бар, ойнамайтын аспабың жоқ. Бізге сендей маман ауадай қажет», — дейді Тұяқав. Сонымен Жамағат аға консерваториядағы қызметінен тыс уақытында келіп жұмыс істеуге келісімін береді. Бір жылда «Алтынай» би ансамблің құрады, «Адырна», «Сазген» ансамб-

ала келді. Музыканттарға байқау жариялады, артистердің концерттік костюмдерін тіккізді, аспаптарға тапсырыс берді. Жергілікті музыканттардың басын қосып, 50 шақты адамнан тұратын Ұлт аспаптары оркестрін ұйымдастырды. Репертуарын түгел өзі әзірледі, дирижері және көркемдік жетекшісі де өзі. Талдықорған облыстық Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптары оркестрі дүниеге осылай келді (*атақты композитордың есімі 1993 жылы берілді*).

Шебер ұйымдастырушы, өз ісіне ұқыпты маманды көзінен таса еткісі келмеген облыс басшылары Алматыға қайтқан Темірғалиевты қимай, өздерінде қалдырудың жолын іздеді. Сонымен Сүйінбай атындағы облыстық филармонияға бас дирижер болуға аттай қалап шақырды. Мұндағы қызметінде де игілікті істерге мұрындық болды. Сол кездегі облыс әкімі Заманбек Нұрқаділовтің идеясымен өткен «Жаңа ғасырға — жаңа ән» атты байқауды ұйымдастыруға белсене атсалысты.

...Дирижерлік өнерде көп тәлім-тәрбие алған Нұраға — Нұрғиса Тілендиев дүниеден озғаннан

САЗ ӘЛЕМІНДЕ САМҒАУ

шықты. Отыз шақты үміткердің арасынан болашақ дәулескер күйші Қаршыға Ахмедияров екеуі оқуға түседі. Алайда домбырашы мамандығына орын жетпей, контрабас аспабына ауысады. Онда да өзі радиодан талай тыңдаған виолончельге ұқсас аспап деген соң келісті. Расында бұл оркестрлерге өте қажет, күрделі аспап еді. Бар көңілі домбыраға ауған жас шәкірт бастапқыда өзіне бөтен контрабасқа мойын бұрғысы келмей, салғырттау қарап жүріпті.

«Бір күні «Темірғалиев деген сен бе?» деп шап беріп ұстай алған бір оқытушымыз контрабас сыныбына мәжбүрлеп апарды. Сабақ болып жатыр екен, концертмейстер отыр. Әлгі мұғалім сүйеулі

льдерінің репертуарын, музыкалық көркемделуін реттейді.

«Қалай болар екен деген күмән-күдік те болды. Бәрі жасаңа, бәрі тың. Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздың ұлылығы, көрегендігі ғой, жұмыс бірден жүріп кетті. «Адырна» деген аспапты қайта жасатып, ансамбльдің атын берді. Көне әндер мен күйлерді түсіріп, партитурасын әзірлеуді маған тапсырды. Көп ұзамай ансамбльдер бүкіл ауыл-аймақты аралап, гастрольге шығатын деңгейге жетті». Сөйтіп, ансамбльдерді кәсіби өнер ұжымдарының қатарына қосқан Жамағат аға оқытушылық жұмысына қайта оралады.

Жамағат Темірғалиевтың дирижерлік ман-

кейін белгілі дирижер Төлепберген Әбдірашевтің шақыруымен осында қайта оралады. Осылайша, «Отырар сазы» оркестріндегі қызметін зейнетке шыққанша атқарды.

Жамағат ағаның бүкіл шығармашылығы халық аспаптары оркестрлеріне арнап партитура жазу, туындыны аспаптарға лайықтау ісімен тығыз байланысты. Ол кісіні замандастары мен шәкірттері осы өнердің шынына шыққан маман деп санайды. Әндер мен күйлерді өңдеу, әрлеу — Жамағат Темірғалиевтың кәсіби қызметінің манызды бір қыры.

Бір әуен — сан түрлі бояу: бұл оркестр өнерінің ғажайыбы. Оркестрлік өнердің дамуы арқасында ұлтымыздың көнеден келе жатқан ән-күйі өрнегі мен табиғатын бұзбай, жаңа формаға ие болды. Халық әуені симфониялық деңгейде орындалатын болды.

Ұлттық шығармаларды оркестрге бейімдеу, күйлердің жаңа интерпретациясын жасау ісінде ол кісінің өзіндік қолтанбасы бар. Жамағат Темірғалиев шығармашылық қызметі барысында Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Қазанғап, Махамбет, Сүгір және Арқа күйшілік мектебінің ірі өкілдері Тока, Тәттімбет пен Қыздарбектің күйлерін, Алтай-Тарбағатай мектебінен Байжігіт және Жетісу өңірінің күйлерін оркестрге өңдеп әзірледі. Музыкалық оқу орындарына арнап оқу-әдістемелік құралдар жазды.

Бұлақтың көзін ашқандай, тәлімі мол ұстаздардан білім алу бақыты бұйырған Жамағат аға өзі де ұлағатты ұстаза айналды. Қазіргі таңда еліміздегі ең үздік ұлт аспаптары оркестрлері мен ансамбльдеріндегі дирижерлер қауымы өздерін Ж.Темірғалиевтың шәкірті санайды. Консерваториядағы бірінші түлегі, «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің дирижері Ықылас Нұрғалиев ұстазының ауыл-аймақтағы талай талантты жасты оқуға тартқанын айтады: «Жамағат ағамыздың қазақ фольклорлық музыкасына сіңірген еңбегі зор. Еліміздің түкпір-түкпіріне ашылған оркестрлердің Жамағат ағадан ақыл-кенес алмағаны аз. Тағы бір ғажабы, бұл кісінің ойнамайтын аспабы жоқ. Адамшылығы да ерекше. Мені консерваторияда өз баласындай жақын тартып, тәлім-тәрбие берді. Бағдат Тілегенов екеуміз осы кісіден көп дүние үйрендік, ансамбліміздің жетістікке жетуі де ағамыздың арқасы. Біз Жамағат ағаны пір тұтамыз».

Әдетте өз кәсібін жоғары деңгейде меңгерген адамдар талғампаз келеді. Егер ол композитор болса, тек мінсіз шығарма туғызуды қалайды. Жамағат аға да — өзіне жоғары талап қоятын адам. Сондықтан да оның өз туындылары — ұлттық бояуымен, кен тынысымен ерекшеленетін өміршен дүниелер.

Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Ж.Темірғалиевтың оркестрге арнап жазылған «Бақтыбайдың әуені», «Сынтас», «Күй-дас-тан», «Бабалар үні», сондай-ақ «Жан тербер» күйі, жетігенге арнап жазған «Ауыл кеші» атты музыкалық картинасы, сазсырнайға арналған «Балдәурен» атты екі бөлімді сюитасы үздіксіз орындалып келеді.

Ұлттық дәстүрден тамыр тартқан, шертпе күй стилінде шығарған «Өмір толғау» атты туындысында адам ғұмырының мәң-мағынасы жайлы толғанса, «Бабалар үні» атты поэмасы ежелгі тарихымызға бойлаудан туған. «Элегия» атты жеке домбыраның сүйемелдеуімен оркестрде орындатылатын шығармасына адамның жан дүниесіне тән нәзік сезімдер арқау болған. Кәкімбек Салықовтың сөзіне жазылған «Алматы вальсі», «Ауылың алыс қалғаны-ай» (сөзі — Марфуға Айтхожина), «Туған елім» (сөзі — Нұрғали Омарқұлов) және басқа лирикалық әндері бір төбе.

Дирижер және композитор. Білікті ұйымдастырушы. Тәлімгер және ұлағатты ұстаз. Осынау шығармашылық жетістіктің бәрі Жамағат ағаның табиғат сыйлаған дарынын елдің қадесіне жаратуының, академиялық білімді қажырлы еңбекпен ұштастыра білуінің нәтижесі екені сөзсіз. Ұлттық өнерге қалтқысыз қызмет ету — ұлтқа қызмет ету деген де осы шығар.

Дина ИМАМБАЙ

БЕСАСПАП

Жамағат десе осыдан елу-елу бес жыл бұрынғы студенттік шағымыз еске түседі, консерваторияда бірге оқыдық. Абай көшесіндегі жатақханада Қаршыға Ахмедияров, Шекер Ахметжанов — бәріміз бір бөлмеде тұрдық. Төртеуміз де музыка десе, ішкен асымызды жерге қоятын едік. Студент бола жүріп Құрманғазы оркестрінде жұмыс істедік: біз — домбырашы, Жамағат — контрабасшы. Содан бері достығымыз үзілген емес.

Мен үшін Жамағаттың орны бөлек, шығармашылығымда айрықша қолтанбасы бар. Көптеген әндерім мен күйлерімнің партитурасын жазды. Жамағаттың артықшылығы — музыканы оркестрге өңдеп түсіруінде. Партитураны кез келген композитор жаза алмайды. Жамағат өзінің талантымен, ішкі сезімталдығымен өңдеу, әрлеу ісінің шебері атанды. Ол — әрі бесаспап музыкант, кез келген аспапта ойнай береді.

Драматург Бактияр Әбілдаұлының Жамбыл облыстық драма театрында қойылған «Айша бибі» спектакліне жазған музыкамды Жамағат оркестрге арнап өңдеді. Бұл қойылым әлі күнге сахнадан

тұрған үлкен контрабасты алып ойнай бастағанда аспаптың даусы құлағыма жағып сала берді. Бір жылдың ішінде көп-көрім үйірініп алдым. Екінші жылы мемлекеттік симфониялық оркестрге үйренуші қылып орналастырып қойды», — деп ұстаздарын еске алды Жамағат аға.

Бұл Николай Яковлевич Давыдов деген, кезінде үлкен оркестрлерде ойнаған одаққа белгілі контрабасшы еді. Оқу орнында негізгі мамандықтан бөлек, дирижерлік бойынша Шамғон Қажығалиев, Базарбай Жұманиязов, Исидор Рык, Кенжебек Күмісбеков секілді керемет ұстаздардан дәріс алып, шыңдалды.

Консерваторияны бітірген соң Жамағат аға бірден Құрманғазы оркестрінің құрамына алынады. Музыкамен тағдыры тығыз байланысқанын түсінген ол көп ұзамай дирижерлік мамандық бойынша аспирантураға түсіп, профессор Шамғон Қажығалиевтің қарамағында білімін жетілдіреді. 1976 жылы оқуын аяқтаған соң П.Чайковский атындағы музыкалық училищенің шақыртуымен мұғалімдік жұмысқа тұрады. Мұнда композитор Мәкәлім Қойшыбаевтың ұсынысымен бөлім меңгерушісі болады, тұңғыш халық аспаптар оркестрін құрады. Жеті-сегіз жылда училище оркестрі байқауларға қатысып лауреат атанды, халық аспаптары үлкен бөлімге айналды. Осындай ілкімді іс тындырған жас дирижер қайтадан консерваторияға оралады және аспаптану ісіне түбегейлі бет бұрады. Сабақ бере жүріп, консерваторияның студенттік оркестрін де 7-8 жылдай басқарды. Бұнын бәрі табиғатынан талантты жастың тәжірибесін толықтырып, кәсіби дирижер ретіндегі жолын ашты.

түскен емес. Ұлы композитор Нұрғиса Тілендиевтің рухына арнаған «Қараша казым, қайдасың?» деген әнімді де Жамағат досым оркестрге түсірді, содан бері «Құрманғазы», «Отырар сазы» және басқа оркестрлермен қосылып орындап келемін. Әннің сазы мен оркестрдің үнінде Нұрағаға деген кимастық пен құрмет, ерекше сағыныш бар.

Жамағаттың бір ерекшелігі — ол үлкен-кіші, кәсіби не әуесқой демей, өтініш айтқан адамның ән-күйін оркестрге түсіріп беруден еш жалықпайды. Бірде Әнуар Бекжанов дейтін жамбылдық сазгер 5-6 әнін өңдеуге берді, алайда көп ұзамай дүние салды. Сонда Жамағат әлгі әндердің партитурасын тегін жасап, Әнуардың бала-шағасына тапсырды. Осындай азаматтығына талай куә болдық.

Замандасым, досым, әріптесім Жамағат ақсақалдық жасқа да келіп қалыпты. Өнерде өскелен ұрпаққа берер үлгі-өнегесі мол, абыройлы азаматтың ұстаздығы мен шығармашылық қызметі жалғаса берсін, отбасына бар жақсылықты тілеймін.

Алтынбек ҚОРАЗБАЕВ,
Қазақстанның және Қырғызстанның халық артисі

сабындағы елеулі бір кезең әйгілі «Отырар сазы» оркестрімен тығыз байланысты. Көрнекті композитор, дәулескер күйші Нұрғиса Тілендиев есімі енді таныла бастаған жас дирижер туралы естіп жүреді екен. Ұсынысын айту үшін өзінің қызметтік «Волгасымен» үйіне алдырыпты. «Дереу өтініш жаз. Маған көмекші дирижер болып келесің». Айтты, бітті. Консерваторияда жұмысы барын алға тартса да, Нұрағаның сөзі — заң. Дәл сол жерде жұмысқа қабылдау туралы өтініш жазылып, қол қойылады.

«Осылай 1985 жылы «Отырар сазынан» бір-ақ шықтым. Бұл оркестрдің атағы бүкіл Қазақстанға дүркіреп тұрған шағы. Нұрағаға деген халық қошеметінде иек жоқ. Гастрольмен елдің түкпір-түкпірін араладық, қиындыққа да бір кісідей төздік. Әйтсе де консерваториядағы жұмысымнан қол үзбедім».

Нұрағаның қол астында істеген бұл жылдар Жамағат Темірғалиев үшін өрісті де өнімді, тәжірибеге бай кезең болды. Оркестрге арнап өңдеген көптеген шығармалар мен төл туындылары жазылды. Таланты мен тегеуріні тең келетін Нұрғиса Атабайұлының көңілінен шығуының өзі көп жайтты аңғартса керек.

Кез келген дарын иесі туған жеріне бүйрегі ерекше бұрып, қолынан келген жасшылығын жасағысы келіп тұрады. Жамағат аға да Талдықорғанда Халық аспаптары оркестрін ашу жөніндегі ұсынысты жерге тастай алмады. Консерваториядағы оқытушылығынан уақытша қол үзіп, бірден туған жерге тартты.

Жамағат аға жалғыз келмей, сол 1990 жылы консерватория бітірген 13 баланы өзімен бірге



Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, филология
ғылымдарының докторы, ал-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің профессоры

Атқан оқтай зымырап, шапқан
аттай дүбірлетіп, аққан судай
сылдырап, жылжып өтіп бара
жатқан мына мың құбылған
өмір сенің ештеңеңе де, қан-
дай жағдайда жүргеніңе де
қарайтын түрі жоқ... Ал біз
болсақ, еш жаққа «алаңдамай»,
«бала-шаға қамымен», «кедей
бай болам, бай құдай болам»
деп, «тұрымтай тұсымен»
тіршілік жасап жатқан
жайымыз бар. Десек те
адамды ойлантпай қоймайтын
жағдайлар да кездесіп
отырады...

Жуырда шәкіртім Мендігүл телефон
соғып, мерейтойын өткізейін деп жатқанын
хабарлағанда, бірден бүгінде бізден алыс-
тап, елеске айнала бастаған сексенінші
жылдардағы талдырмаш келген қазақтың
бір кара торы қызының бейнесі көз алдыма
келе бастады.

Ол кезде журналистер Қазақстан
бойынша, бір ғана С.М.Киров атындағы
Қазақ Мемлекеттік университетінде (қазіргі
ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық уни-
верситеті) дайындалатын. Бар болғаны
қазақ, орыс бөлімдеріне 25-тен ғана шәкірт
қабылданатын мамандыққа кемі екі жыл-
дық жұмыс өтілімен бірге, екі-үш мақаласы
жарық көріп, жазуға бейімін танытқандар
ғана құжат тапсыра алатынына қарамас-
тан, конкурс өте жоғары деңгейде өтетін.
Абитуриенттердің шығармашылық конкур-
сын өткізіп, жарияланған материалдарын,
конкурстық шығармасын, ауызша емтихан
алу секілді сынақ жұмыстарына қатыса
жүріп, Мендігүлді алғаш рет осы кездерде
байқаппыз.

Оңтүстіктің күнге піскен кара домалақ
қызы бұрын жазып әкелген материал-
дарының, байқауда жазған шығармасы
мен сөйлеген сөздерінің сауаттылығын
байқап, оқуға түскен. Әрине, емтихан ко-
миссиясының алдында бағын сынап, барын
салған не бір талапкерлердің барлығының
бірдей есте сақталып қалуы екіталай.
Десек те кейін оқуға түсіп, бес жыл бойы
партада отырып, журналистика мамандығы
бойынша дәрістер тыңдаған, кейіннен
білім-ғылым, ақпарат майданында жемісті
қызмет атқарып, жұрт көзіне түсе бастаған
осы бір қарапайым қыздың өсу жолдары да
көз алдымызда өтті.

Иә, содан бері де біраз уақыт артта
қалып, заман өзгеріп, өзіміздің де есейе
түскенімізді бірде байқап, бірде байқай
алмай жүргеніміз де рас. Шәкірттеріміз
де өмірдің ағынынан қалыспай, ержетіп,
еліміздің ертенінің жарқын болашағына
елеулі үлес қосып жатқан айтулы аза-
маттарға айналыпты. Шәкірттеріміздің
жеткен жетістіктеріне қуанып, іштей
марқайып жататынымыз да рас. Солардың
бірі — университетте алған мамандығы
бойынша қызметтер атқарып, бұл күндері
талай биіктерді бағындырып, жетістіктерге
жетіп отырған филология ғылымдарының
докторы, «Тұран» университетінің профес-
соры Мендігүл Бұрханқызы Шыңдалиева.

Профессор М.Шыңдалиеваның шығар-
машылық еңбек жолын шартты түрде жур-
налистік, ғылыми, ғылыми-педагогикалық
деп үш салаға бөліп қарастыруға болады.

Еңбек жолын «Лениншіл жас» газетінің тіл-
шісі, кейіннен «Егемен Қазақстан» газетінің
меншікті тілшісі болып жалғастырды (1989
— 1991). 1991 — 1993 жылдары халықаралық
«Азия» газетінің Ресей Федерациясындағы
арнаулы тілшісі қызметін атқарды.

Педагогикалық қызметін 1993 жылы
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемле-
кеттік университетінің аға оқытушысы
болып бастаған Мендігүл күні бүгінге

Мендігүлдің ғылыми ізденістерінің дені
бүгінгі күнгі журналистиканың зәру мәсе-
лелеріне арналған. Оның авторлығымен
шыққан 4 оқулықтың, 15 оқу құралының,
3 монографияның, 300-ден аса мақаланың
негізгі өзегін журналистиканың тарихы мен
теориясы, жанрлары, поэтикасы, медиаме-
неджмент пен маркетинг, жарнама, әдеби
өңдеу салаларының күн тәртібінде тұрған
өткір проблемалары құрайды. Бірнеше

Қазіргі медиа нарық жағдайында эконо-
микалық модельдермен тығыз байланысты.
Профессор М.Шыңдалиеваның «Журна-
листикадағы менеджмент пен маркетинг»
(2015, 2025) еңбегі — медиабизнестің
теориялық негіздерін қазақ тілінде жүйе-
леген алғашқы іргелі жұмыстардың бірі.
Зерттеуде медианарық құрылымы, ауди-
торияны сегменттеу, бренд қалыптастыру,
медиажоспарлау, жарнама технологиялар
ғылыми тұрғыда талданады. Бұл еңбектер
болашақ журналистердің кәсіби даярлығын
жаңа экономикалық жағдайда бейімдеуге
бағытталған.

Соңғы жылдардағы еңбектерінде ғалым

ҒЫЛЫМ мен МЕДИА КЕҢІСТІГІН ЖАЛҒАҒАН...



мақаласы scopus базасында индекстелген
халықаралық ғылыми журналдарда жар-
ияланған.

Ол филология ғылымдарының докторы,
профессор Т.Кәкішевтің жетекшілігімен
«Ақындық пен шешендіктің дәстүрлі бай-
ланысы» тақырыбында кандидаттық (1996),
академик Р.Нұрғалидың жетекшілігімен
«Очерк жанрының поэтикасы» атты
тақырыпта филология ғылымдарының док-
торы дәрежесін алу үшін докторлық (2005)
диссертацияларын қорғаған. Профессор
(2011) ғылыми атағын алған.

Профессор М.Шыңдалиеваның
ғылыми зерттеулеріндегі негізгі бағыт-
тардың бірі — қазақ очеркінің поэтикасы.
Докторлық диссертациясының өзегіне ай-
налған осы тақырыпқа «Қазақ очеркінің
қалыптасуы, дамуы» (2005), «Очерк
табиғаты» (2002), «Очерк жанрының
поэтикасы» (2015) атты еңбектерінде
автор жанрдың тарихи эволюциясын,
көркемдік-эстетикалық ерекшелігін
және публицистикалық табиғатын
кешенді түрде талдайды. Ғалым очерк-
ті тек ақпараттық жан емес, көр-
кемдік жүйесі бар публицистикалық
мәтін ретінде қарастырады. Оның
зерттеулерінде: жанрдың композициялық
құрылымы, авторлық позиция, уақыт пен
кеңістік категориялары, кейіпкер әлемі,
концептуалдық мазмұн поэтикалық талдау
әдістері арқылы сарапалады. Бұл еңбектер
сөз өнерінің бір саласы ретінде қазақ пуб-
лицистикасын әдебиеттану әдіснамасымен
зерттеудің үлгісін қалыптастырды.

Ғалымның «Публицистика жанрлары
мен пішіндері» (2014), «Қазіргі журналис-
тика жанрлары» (2026) атты оқу құралы
мен оқулығы қазақ журналистикасы тео-
риясындағы елеулі еңбектердің қатарында.
Бұл зерттеулерде публицистикалық жанр-
лар функционалдық, құрылымдық және
стилистикалық тұрғыдан жіктеледі. Осы
оқулықтар негізінде магистратураға қабыл-
дау тестілерінің сұрақтары құрастырылып,
докторантураға қабылдау емтихандары
кезінде пайдаланылып келеді.

Автор жанрларды ақпараттық, са-
раптамалық, көркем-публицистикалық
деп жүйелей отырып, олардың қазіргі
медиакеңістіктегі трансформациясын
талдайды. Медиаөмітінде зерттеудің те-
ориялық негіздері туралы еңбектерінде
дискурс, концепт, нарратив, медиатіл
ұғымдары қарастырылады. Бұл — қазақ
журналистикасында медиалингвистика мен
медисемиотика бағыттарының дамуына
ықпал еткен ғылыми ізденістер.

«Шетел журналистикасы» (2008, 2012,
2014, 2025) оқулығы мен халықаралық
жарияланымдары арқылы профессор
М.Б.Шыңдалиева қазақ журналистикасын
әлемдік медиажүйемен салыстыра зерттеу-
ге жол ашты. Оның еңбектерінде Еуропа
медиажүйесі, АҚШ журналистикасы, Азия
елдерінің БАҚ тәжірибесі, посткеңестік ме-
диа кеңістік салыстырмалы-тарихи әдіспен
талданады. Scopus базасында жарияланған
мақалаларында ұлттық медиа кеңістіктің
жаһандық ақпараттық үрдістермен бай-
ланысы қарастырылады. Бұл зерттеулер
қазақ журналистикасын халықаралық
ғылыми айналымға енгізудің нақты бір
қадамы болды.

медиакоммуникация психологиясына
ерекше назар аударады. «Журналистика
психологиясы» (2025) оқу құралында ауди-
тория психологиясы, медиаманипуляция,
ақпараттық ықпал, медиа этика мәселелері
қарастырылады. Ақпараттық қауіпсіздікке
қатысты зерттеулері қазіргі геосаяси жағ-
дайда ерекше маңызға ие.

М.Шыңдалиева мемлекеттік маңызы
бар ғылыми жобаларға жетекшілік жасады.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі қаржыландырған «А.Сей-
дімбектің шығармашылық өмірбаяны»
(2015—2017) атты ғылыми жоба аясында
көрнекті қаламгер, публицист, қоғам қай-
раткері Акселеу Сейдімбектің әдеби, пуб-
лицистикалық мұрасы жүйелі түрде зерт-
теліп, ұлттық руханияттағы орны ғылыми
тұрғыдан негізделді. Зерттеу нәтижелері
монографиялар мен ғылыми мақалаларда
жарияланып, оқу үдерісіне енгізілді.

Сонымен қатар ғалым 2020 — 2022
жылдары жаһандық бәсекелестік және
ұлттық код контекстінде білім берудің
ғылыми-тұжырымдамалық негіздерін
жаңарту бағытындағы зерттеу тобының
мүшесі болды. Бұл жоба қазіргі білім беру
жүйесінің мазмұнын ұлттық құндылық-
тармен сабақтастыра отырып жаңғыртуға,
гуманитарлық ғылымдардың әдіснамалық
тұғырын қайта қарастыруға арналды.

1999 жылдан 2022 жылға дейін Л.Н.Гу-
милев атындағы Еуразия ұлттық универси-
тетінде профессор қызметін атқара жүріп,
бірнеше буын магистрлер мен докторанттар
даярлады. Ғылыми жетекшілік қызмет
аясында ғылым кандидаттары мен PhD
докторлар даярланып, олардың зерттеу
тақырыптары әдебиеттану, журналистика
және медиа салаларының өзекті мәселе-
лерін қамтыды.

2007—2010 жылдар аралығында
М.Б.Шыңдалиева Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті жанындағы
D.14.31.03 диссертациялық кеңесінде
(мамандықтар: 10.01.02 — қазақ әдебиеті,
10.01.07 — салыстырмалы әдебиеттану)
ғалым хатшы қызметін атқарды. Бұл кезең
ұлттық әдебиеттану ғылымының тео-
риялық-әдіснамалық тұрғыдан жаңғырып,
ғылыми кадрлар даярлау ісі жүйелі жолға
қойылған маңызды уақытпен тұспа-тұс
келіп, кеңес аясында 20-дан астам док-
торлық және 100-ге жуық кандидаттық
диссертация сәтті қорғалды.

М.Шыңдалиеваның ғылыми-педаго-
гикалық қызметі жоғары бағаланып, ол
2011 жылы Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрлігінің «Жоғары
оқу орнының үздік оқытушысы» атанды.
2012 жылы Қазақстан Республикасы
Президентінің «Болашақ» халықаралық
бағдарламасының грантын иеленді. 2021
жылы ғылым мен білім беру саласындағы
жетістіктері үшін «Лев Гумилев» медалімен
марапатталды.

Ұлтының рухани жағынан нығая тү-
суіне септігін тигізетін ғылыми ізденістер
жасап, ақпарат майданының жауынгер
журналистерін даярлап, бүкіл саналы
ғұмырында елінің ертеңі үшін адал қыз-
мет етіп келе жатқан М.Шыңдалиеваның
денінің сау, шығармашылық және ғылыми
ізденістерінің жаңа белестерге жете беруіне
тілектестік білдіреміз.

Ғылым тарихында уақытты алға сүйреп, ақыл-ойдың ең жоғары деңгейінің мызғымас межесіне айналған тау тұлғалар болады. Ғұлама ғалымдардың болжам-байламдары ғаламдағы сан алуан ғылыми құбылыстардың заңдылықтарымен сәйкес келіп жатады. Қазақстан физикалық қоғамының президенті, әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы ҚР мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов – әлемдік ғылымның ең биік шыңына шыңдала шығып, туын тіккен осындай тау тұлғалардың бірі де бірегейі. Биылғы жылдың ерекшелігі де сол, Төлеген Әбдісағиұлы сексеннің сеңгіріне шықса, оның тарихта тағылымды таңбасы қалған докторлық диссертациясын қорғағанына қырық жыл толып отыр. Одан бастау алған жарты ғасырға жуықтайтын жанкешті зерттеу жұмыстардың нәтижесінде физика ілімінің тұтас бір бағыты қалыптасып, ғаламдық ғылымның ажырамас бөлігіне айналды.

ДАРХАН ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ

Алматы облысындағы жыр алыбы Жамбылдың атын иеленген қасиетті мекенде дүниеге келген оның тағдырына сол замандағы тұтас бір буынның болмысы сыйып тұрғандай. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» демекші, игілікті істің бәрінде бірінші болуға тырысу оған тумысынан тән қасиет еді.

Әкесі Әбдісағи еңбек және Ұлы Отан соғысының ардагері, І-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған. Аты аңызға айналған Панфилов дивизиясының жауынгері. Ол қанды шайқаста ауыр жараланып, он жақ күре тамырын жарып өтіп, жүрегінде тұрып қалған жау оғымен өмір сүрді. Анасы Қаншайым – «Алтын алқа» иегері, өмірін күйеуіне, балалары мен немерелеріне арнаған, көп балалы батыр ана.

«Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегендей, Төлеген мектеп қабырғасынан-ақ дараланды. Қазақстандық 20 үздік оқушылар қатарында «Артекке» жолдама алып, небәрі 13 жасында сондағы спорт пен музыка өнері сайысының алтын медалін иеленді. Сол кездің өзінде-ақ зерек те алғыр баланың бойынан білім мен өнер сирек те нәзік үйлесім тапқан болатын. Кейіннен бұл қасиет оның тұлғалық болмысының айрықша белгісіне айналды.

«ФИЗИКА – СЕНГЕНІҢ, ҚАЛҒАНЫ – ЕРМЕГІҢ»

Алпысыншы жылдардың басында бірінші жер серігі ұшырылып, адамзат баласы тұңғыш рет ғарышқа аттанып, ғылымның, әсіресе физиканың, шын мәнінде, шыңға шарықтаған дәуірі болды. Көпшіліктің көкжиегі кеңейіп, «Физика – сенгенің, қалғаны – ермегің» дегенге саятын ұрансөз көкей кегінде қалықтап тұрған. Осы кезеңге тап келген жас Төлеген осынау жаңа дәуірдің жарқын бөлшегіне айналды.

Жалындаған жастық шақ – жаңалық пен жетістікке жігерлендіретін жасампаздық кезең. 1962 жылы 16 жасында орта мектепті экстернмен ерте бітірген Төлеген КазГУ-дің – қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ең беделді болып саналатын физика факультетіне оқуға түседі. Білім нәріне беріле бас қойған ол лениндік стипендиат болып, спорт пен музыка өнерін де жанына серік етеді.

Дегенмен, оны әсіресе ғылымның жайы ерекше толғандыратын. Ал энергияның псевдотензоры-гравитациялық өрістің серпінін зерттеуге бағытталған дипломдық жұмысының өзі жас өркеннің ғылым жолын шындап тандағанын байқатты.

Физфакқа өзімен қатар түскен жүз студенттің тек қырығы ғана оқуды бітіріп шығады. Олардың ішінде төртеуі үздік еді. Бұл тізімде бірінші болып Қожамқұлов тұрды. Орташа бағасы – «5». Бұл кездейсоқтық емес, бұл жүйелі еңбек, табандылық пен мақсаттың нәтижесінен туған болашақтағы жарқын жетістіктерінің бастауы болатын.

ПАРАСАТТЫ ПЛЕЯДАҒА ЖОЛ

Физика факультетін үздік тамамдаған жас маман бірден сол кезеңдегі ғылымның қара шаңырағы саналатын Ленинградтағы А.Ф.Иоффе атындағы Физика-техникалық институттың аспирантурасына жолдама алады. Бұл – Кенес одағы ғылымының талай ұлы тұлғаларын тәрбиелеген қасиетті

(Ленинград қ.) барып, ой түзеп, қуаттанып қайтатын. Қазір бұл көшеде домбыра ұстаған Жамбыл ескерткіші тұр. Ескерткіштің етегінде Жамбылдың «Ленинградшы дети мои! Ленинградцы гордость моя!» деген сөзі жазылған мәрмәр баспалдақтар бойымен су ағып жатыр. Өленнің әріптері дельфиндерше тулап, билеп жатады. Жанынан жанарын оған тікпей ешкім өте алмайды. Адам ақыл-ойының архитектуралық кереметі!

Дәл осы жылдары Төлеген аға «Туған жерді есіңе ал» атты ән жазады. Бұл оның туған жер тамырынан ажырамаған жүрегінің әуенге айналған үні еді.

қуып жетті. Демек, ол өз дәуірінен озық ойлады. Қазір оның ұсынған тәсілдері мен нәтижелері толыққанды мойындалып, тәжірибелік тұрғыдан дәлелденіп жатыр. Бұл – жоғары энергиялар физикасының қарқынды дамуының, кванттық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерінің жемісі. «Ғалымның хаты өлмейді» деген накыл осындайда еріксіз еске түседі.

...Докторлығын қорғап шыққаннан кейін ол институт дәлізінде тұрған фортепианың пернелерін баяу басып, әуезді бір әуенді әуелете бастады. Сол сәтте оның жаны жазиралы кең далаға – туған жердің саф ауалы самалына, сағымды көкжиегіне қарай қанат жая самғап кеткендей болды. Ол үшін ғылым мен өнер екі бөлек дүние емес, оның ішкі әлемінде Ғаламның өзі үнемі әуен болып есіп тұратын. Осылайша, «Жан элегиясы» дүниеге келді. Бір кезең аяқталып, жаңа бір белес басталды.

ҒАЛАММЕН СЫРЛАС ҒАЛЫМ



ҚР Энергетика министрі Қ.Бозымбаев, ЦЕРН бас директоры Ф.Джанотти, академиктер Т.Ә.Қожамқұлов, Т.С.Рамазанов, және басқалар. Женева, Швейцария, 2018 жыл, маусым

орда болатын. Мұнда П.Капица, И.Курчатов, Л.Ландау сынды ғылым алыптары еңбек еткен.

Жаксының жолы – жарық. Ол бұл ортаға жай ғана келіп қосылған жоқ, өзіндік жолымен, өзіндік өрнегімен енді. Біліміне бекінген батыл жас тәуекелдің желқайығымен аса күрделі емтиханды сәтті тапсырып, аспирантураға ешқандай алдын ала тағылымдамасыз қабылданады. Бұл физтех тарихындағы сирек кездесетін, тіпті бірегей жағдайлардың бірі еді.

«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар». Тап осы кезеңде тағы бір тарихи мәнді оқиға орын алады. Төлеген Қожамқұлов көптомдық теориялық физика курсының толық меңгеріп, Л.Ландау мен Е.Лифшиц еңбектері бойынша емтиханды табысты тапсырған алғашқы әрі бүгінге дейін жалғыз қазақстандық.

Оның кандидаттық диссертациясы «Атом ядросы бөлшектерінің өзара тиімді әсерін зерттеу» тақырыбына арналды. Күрделі атаудың артында тынымсыз еңбек, тығырықтан жол табу, үздіксіз ізденіс жатқаны сөзсіз. «Ғылым – теңіз, білім – қайық» десек, сол теңізде бағытынан жаңылмай жүзу үшін қайсарлық пен сабыр қажет. Ол осы сынның бәрін енсерді.

Кандидаттығын сәтті қорғаған Төлеген Қожамқұлов алғашқы қазақстандық жас ғалым болып әлемдік деңгейдегі теориялық физиктердің тандаулы ортасына Нобель сыйлығының лауреаты Л.Д.Ландаудың шәкірті әрі серіктесі академик А.Б.Мигдалдың мектебіне қабылданды. Бұл – ғылымдағы мойындалу ғана емес, үлкен сенім мен зор жауапкершіліктің белгісі.

...Жат жерде ғылымның биігіне ұмтылған оның жүрегінің түкпірінде туған жерге деген сағыныш сазы жүретін. Ол шыдамы таусылар сәттерде Жамбыл көшесіне

ЗАМАННАН ОЗҒАН ЗИЯТКЕР

1986 жыл. Киев. Украина Ғылым академиясының Теориялық физика институты. Докторлық диссертация қорғау сәті. Сындарлы кезең.

Төлеген Әбдісағиұлының ғылыми еңбегі тек өзінің ғана жеке жетістігі емес, тұтас ғылым үшін жаңа белес болды. Оның ғылыми жұмысы КСРО кеңістігіндегі бұл бағыттағы ең алғашқы зерттеу болып, кванттық хромодинамикадағы бейпертурбативтік әдістердің жаңа бағытын ашты. Ол калибрлік өрістерді торда стохастикалық кванттау тәсілін жасап, жаңа типтегі козу теориясын қалыптастырды, кварктардың конфайнмент құбылысының бар екенін дәлелдеді, ковариантты стохастикалық тендеулерді қорытып шығарды. Дәл осы күні ғылымдағы беймәлім әлемнің пердесі түрілгені анық еді.

Қорғау сәті сәтті өтті. Есіл еңбек ақталды! Алайда бұл үлкен жолдың тек бастауы ғана еді, алда оны одан да биік шыңдар күтіп тұрған.

Уақыт шіркін іркілместен өтіп жатты. Ал ғылымның өлшемі бойынша уақыт деген – әрі сыншы, әрі төреші. 2010 жылы Еуропалық ядролық зерттеулер ұйымының (CERN) Үлкен адрондық коллайдерінде алғаш рет кварк-глюон плазмасы алынды. Ғаламның алғашқы пайда болу сәтіндегі материяның күйі еді. Осы нәтиже Төлеген Қожамқұловтың докторлық диссертациясында бұдан отыз жыл бұрын жасалған теориялық тұжырымдардың тәжірибелік дәлелі болды. Иә, бұл есіл еңбектің шынымен де ақталғаны еді!

Ғылым кейде ақыл-ойдан кейін жүреді. Ал бұл жағдайда уақыт ғалымның ойын

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Академик Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловтың туғанына 80 жыл толуына және оның торлық кванттық хромодинамика бойынша КСРО-да алғашқы докторлық диссертацияны қорғауының 40 жылдығына арналған

«ФИЗИКАДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ФИЗИКАЛЫҚ БІЛІМ»

10-шы Халықаралық ғылыми конференциясы

29-30 сәуір, 2026 жыл

Конференция қазіргі физикадағы өзекті мәселелерді талқылау және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайту үшін ғалымдарды біріктіреді

03-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 03-Фараби даңғылы, 71, 650040, Алматы, Қазақстан

+7 776 112 00 22
+7 701 379 00 02

ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

1970 жылдан 1998 жылға дейінгі аралықта Төлеген Әбдісағиұлы өзі білім алған факультетінде ассистенттен бастап деканға дейінгі еңбек жолын абыроймен жүріп өтті. Бірақ оның басты ерекшелігі қызмет сатысымен көтерілуінде емес, сол жолда жаңа дүние тудыра білуінде еді. «Еңбегімен ер сыйлы» дегендей, оның жанашыл ойы мен өзгеше басқарушылық қабілеті дәл осы кезеңде айқын көрініс тапты.

Ол Қазақстанда тұңғыш рет жоғары оқу орны жанынан ғылыми-зерттеу институтын, яғни әл-Фараби атындағы ҚазҰУ іргесінен Эксперименталдық және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтын құрды және оның алғашқы директоры болды. Бұл, шын мәнінде, үлкен серпіліс еді. Өйткені университет қабырғасына ғылым терең орнығып, білім мен зерттеу бір арнаға тоғысты. 2015 жылы осы институттың Төлеген Қожамқұлов

бастаған алты ғалымы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары атанды. Бұл — жай ғана марапат емес, ғылымдағы сабақтастықтың жемісі. «Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы» нағыз мектеп шәкірттері арқылы дәуірлейді. Бүгінде оның шәкірттері мен ізбасарлары АҚШ, Еуропа, Жапония және басқа да дамыған елдерде еңбек етуде.

Ғалым тек зерттеу жұмысымен шектелмей, білім беру ісіне де жаңалық әкелді. Ол «Кванттық хромодинамика», «Тордағы калибрлік теориялар» сияқты күрделі де заманауи курстарды әзірлеп, қазақ тіліндегі тұңғыш «Кванттық механика» оқулығын жазды. Бұл ғылым тілін ана тілімізде сөйлету жолындағы маңызды қадам болды. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» деген қағида осындай еңбектер арқылы жүзеге асады.

Дәл осы жылдары жаңашыл деканның бастамасымен физика факультетінде білім берудің үш сатылы жүйесі мен кредиттік технологияның негізі қаланды. Кейін бұл жүйе бүкіл университетке, одан әрі республика көлеміне тарайды. Сонымен қатар «кредит» ұғымының баламасы ретінде қазақ тілінде «қосар» термині енгізілді. Бұл — білімді жинақтаудың көркем метафорасы: әрбір алынған білім — алдыңғысына қосылған жаңа «квант». «Тамшыдан теңіз құралады» дегеннің ғылымдағы көрінісі осы.

Еңбек ешқашан елеусіз қалмайды. «Еңбек етсең — емерсің» дейді дана халқымыз. 1996 жылы ғылым мен білім саласындағы зор еңбегі үшін ҚР Президентінің Жарлығымен Төлеген Әбдісағиұлына «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» атағы берілді. Бұл тек марапат емес, елдің ғалымға берген бағасы, еңбектің әділ өлшемі еді.

БАЙЫПТЫ БАСШЫЛЫҚ БЕЛЕС

Басшылардың да түр-түрі болады: бірі барды сақтайды, бірі барды дамытады, ал енді бірі болашақтың іргетасын жаңадан қалап шығады. Ал шын көшбасшы — тығырықтан жол таба білген жан. Төлеген Қожамқұлов дәл осындай тұлғалардың қатарынан.

1998 жыл. Ел еңсесін енді ғана тіктеп келе жатқан күрделі кезең. Талдықорған университеті тығырыққа тірелген шақ. Осындай сын сағатта Төлеген Әбдісағиұлы университет ректоры болып тағайындалды. Тап осы тұста оның нағыз ұйымдастырушылық қабілеті мен қайраткерлік болмысы айқын көрінді.

Ол табандылық танытып, университетті жекешелендіру тізімінен алдырып, мемлекеттің меншігінде сақтап қалды. Бұл — тек әкімшілік шешім емес, ел болашағына жасалған үлкен қадам еді. «Ел үмітін ер ақтар» деген осы. Сонымен қатар автономды жылу жүйесін енгізіп, оқу корпустарына қайта жан бітірді, оркестрді қайта жандандырды, филармония ғимаратын факультет игілігіне сақтап қалды. Нәтижесінде, оқу орны Жетісу мемлекеттік университеті мәртебесіне ие болды. Осынау еңбектің жемісі көзге көрінер нақты нәтижеге айналды.

Кезінде ҚазМУ ректоры болған академик Мейірхан Әбділдин: «Ішкі алауыздыққа ұрынған, материалдық тұрғыдан әлсіреген, еңсесі түскен провинциялық университет қысқа уақыт ішінде елдегі ең сапалы жоғары оқу орындарының біріне айналды. Бұл — өзінше бір ерлік. Нағыз Төлеген Қожамқұлов Талдықорғаннан басталады. Ол — Қазақстан жоғары мектебінің мойындалған маршалдарының бірі, шын мәнінде, Құдай берген ректор», — деп жоғары баға берген еді. Бұл — ғылым мен білім саласының ақсақалы тарапынан оған көрсетілген шынайы құрмет, еңбегінің әділ бағасы болатын.

2001—2008 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін басқарған кезеңде Төлеген Әбдісағиұлы оқу орнын сапалық тұрғыдан жаңа, халықаралық деңгейге көтерді. Оның алғашқы бастамаларының бірі — ҚазҰУ қалашығының негізін қалаушы арыс азаматтың атын дәріптеу болды. Студенттер сарайына Өмірбек Жолдасбековтың есімін беру ұрпақтар сабақтастығы мен ғылыми дәстүрге деген

құрметтің айқын көрінісі еді. «Өткенін ұмытқанның болашағы бұлыңғыр» демей ме дана халқымыз.

Іс — нәтижесімен бағалы. Ректорлық кезең ауқымды өзгерістермен есте қалды. Университетте үш сатылы білім беру жүйесі енгізіліп, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының кең желісі қалыптасты. Бұл инновациялық білім беру кластерінің іргетасын қалаған маңызды қадам болды. Ғылыми инфрақұрылым нығайып, диссертациялық кеңестер саны артты, зерттеу мүмкіндіктері кеңейді.

Студенттерге де айрықша көңіл бөлінді: жатақханалар жаңартылып, білім алуға, спортпен айналысуға, шығармашылықпен айналысуға барлық жағдай жасалды. Университет спорты жаңа деңгейге көтеріліп, ондаған студент ұлттық және олимпиадалық құрамалар қатарына қосылды. «Дені саудың — жаны сау» қағидасы толық жүзеге асты.

2003 жылы Болоньяда Т.Ә. Қожамқұлов Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойып, оқу орнының әлемдік білім кеңістігіне енуіне жол ашты. ҚазҰУ Болон процесіне толықтай қатысқан Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы университет болды. Президенттік жүз стипендияның тағайындалуы, ҚазҰУ қалашығында жаңа нысандардың салынуы осы кезеңнің жарқын нәтижелері болды. Ал 2006 жылы университеттің «Алтын сапа» сыйлығын иеленуі жүргізілген реформалардың жоғары бағалануы еді. «Еңбек түбі — береке» деген сөздің нақты дәлелі осы.

Төлеген Қожамқұловтың бастамасымен Қазақстан CERN-мен ынтымақтастық орната бастады. 2018 жылы Женевада физиктердің қатысуымен сол кездегі энергетика министрі Қ.Бозымбаев бастаған Үкіметтік делегация Үлкен адрондық коллайдер орналасқан жерде болып, CERN мен ҚР Үкіметі арасында халықаралық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. 2019 жылы ҚР Парламенті келісімді ратификациялады, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қол қойып оны заңдастырды. Бұл жай ғана ғылыми байланыс емес, елдің әлемдік ғылым кеңістігіне жасаған маңызды қадамы болды. Өйткені ғылым арқылы мемлекет әлемдік қауымдастықтағы өзінің мәртебелі орнын айқындайды.

САБАҚТАСТЫҚ ПЕН САРДАРЛЫҚ

Мерейлі жасқа келгенде адам ғұмыры тұтас бір көркем жазылған шығармадай көрінетіні ақиқат: әр тарауы мағыналы, әр жетістігі — үлкен жолдың жалғасы. «Өмір — өзен, уақыт — ағыс» десек, сол өзеннің ағысында Төлеген Әбдісағиұлының ғұмыры терең мазмұнымен, биік мұраттарымен дараланады.

Төлеген Қожамқұловтың өмір жолы — тұғырлы тұлғаның дәуір мен дәуірдің, ел мен елдің, ғылыми мектептердің арасындағы алтын көпірге айнала алатынын көрсететін жарқын мысал. Оның қарапайым ғана ауылдан басталған жолы әлемдік деңгейдегі ғалым дәрежесіне дейін жетті. Бұл — адам ақыл-ойының шексіз мүмкіндігінің айғағы. Ол тек Ғаламды зерттеп қана қойған жоқ, оның құпия сырын ашып, адамзатқа жакындата түсті.

Үш жүзден астам ғылыми еңбек. Халықаралық академиялардағы мүшелік. «Парасат», II дәрежелі «Барыс» ордендері сынды жоғары мемлекеттік марапаттар. Қазақстанда ғана емес, алдыңғы қатарлы шетелдерде де мойындалған бедел. Алайда оның ең басты мұрасы атақ-даңқта емес, өміршең идеяларында. Өйткені ғалымның мұрасы — мәңгілік. Ал мәңгілік ғұмырдың мәнді мекені деген осы болар.

Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлы — ғылымдағы жай ғана есім емес. Ол — тұтас бір дәуір. Оның өмір жолын ең дәл сипаттайтын сөз, бәлкім, мынау шығар: нағыз ғылым тек білім емес, ол — уақыт шекарасынан озып ойлауға деген батылдық.

Бақытжан ӘБДІРАЙЫМ,
Асқар ДАВЛЕТОВ,
ҚР ҰҒА академиктері, профессорлар

ӘН ӨНЕРІНІҢ АҚ БАЯНЫ ЕЛ ЖҮРЕГІНДЕ

17 сәуір күні Республика сарайында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, жезтаңдай әнші Мәдина Ералиеваны еске алуға арналған «Сағындым, сағым жылдар» атты ән кеші өтті.

Кеш шымылдығы әншінің өмірі мен шығармашылығын арқау еткен көрмемен ашылып, репертуарына ғана емес, сахналық образына да асқан талғампаздықпен қараған өнер иесінің киген костюмдері, жеке мұрағаттағы сирек суреттері, қолданған бұйымдары көрермен назарына ұсынылды. Сазды кеште Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның Құттықтау хаты оқылып, Мәдина Ералиеваның ән-қоржынындағы әуендер белгілі әншілердің орындауында көрерменді ерекше әсерге бөледі. Әні мен сәні, сұлулығы мен сыршыл да нәзік үні жарасқан әншіні қалың елі сағынғаны сондай, кеш аншлаппен өтіп, қазақ сахнасының ақ



баяны салған туындыларды өнерсүйер қауым әншілермен қосыла шырқады. Өмірінің соңғы сәттерінде «Қош енді, қош бол, күрең күз» әнін орындап, сағымға айналып кете барған күміс көмей әншінің дүниеден өткеніне биыл 26 жыл. Ұлы Арсен Ералы биыл анасының туғанына жетпіс екі жыл толатынын, бұл кешті «Байтақ» партиясының, Алматы қаласы, Алматы облысы әкімдіктерінің қолдауымен ұйымдастырғанын тілге тиек етті.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ



«Атамұра» баспасынан балаларға арналған ғажайып «Ертегілер» кітабы жарық көрді.

Түрлі түсті суреттермен безендірілген «Ертегілер» кітабына жазба әдебиет өкілдері Ыбырай Алтынсарин, Өтебай Тұрманжанов, Тұрдақын Жексенбай сынды ақын-жазушылардың шығармалары, «Қазақ ертегілерінің» көптомдығынан жасөспірімдерге лайықтап іріктелген таңдаулы ертегілер енгізілді.

Балалардың қиял әлемін байытатын бұл кітап 22 — 26 сәуір аралығында Астана қаласында өтетін «Eurasian Book Fair 2026» халықаралық кітап көрмесінде таныстырылмақ.

Сондай-ақ 20 сәуір күні белгілі балалар ақыны Әнуарбек Дүйсенбиевтің

«Ақ маман» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Ақынның балдырғандарға арналған таңдаулы тақпақтарын жинақтап, құрастырып шығарған — Ziyat баспасы. Іс-шара ӨзгеЕріс ұжымы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Жас ғалымдар кеңесінің ұйымдастыруымен өтті.

ӨзгеАdebiet жобасы аясында ұйымдастырылған кешке жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Ділдер Мамырбаева мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы Гүлжаһан Орда арнайы қатысып, жылы лебіздерін білдірді. Әнуарбек Дүйсенбиевтің шығармашылығы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған Өзбекәлі Жәнібеков атындағы университеттің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Қарлығаш Сапарбаева zoom форматы арқылы онлайн қатысып, мазмұнды бағандама жасады.

Жиын барысында балалар әдебиетінің өзекті мәселелері кеңінен сөз болып, оның бүгінгі даму бағыттары талқыланды. Әдебиет және өнер институтының Тәуелсіздік және көркем публицистика бөлімінде соңғы жылдары жарық көрген балалар әдебиетіне қатысты ғылыми зерттеу еңбектері де таныстырылып, насихатталды.

Ұлттық к-ітап күні қарсаңында ұйымдастырылған бұл шараға №5 оқушылар үйінің балалары да қатысып, өз өнерлерін көрсетіп, кештің көркін қыздырды.





Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ

*Өлсе-өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес...
Ақыл мен жан — мен өзім, тән — менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе — өлсін, оған бекі*

Абай.

Ажал айтып келмейді. Ажалдың сұрапыл сұсы да, үрей мен зәрені алып үркітетін қорқынышы да оның осы ғайыптан келетін белгісіздігінде. Адам пендесінің жарық дүниеге келуі кездейсоқтық дейді ғой. Ал дүниеден өтуі — заңдылық. «Адамзат сапарының мейманымыз, бір мезет жер бетіне кетер соғып» депті Қасым Аманжолов. Демек, мейман болған соң, мұнда тұрақтап қалу жок, сол келген жағына қайтуың керек. Әсілі, өлім дегеніміз — адам пендесінің әбден қартайып, азып-тозып, қажып-шаршап, тіршілік етуге жарамай қалған кезде баратын ең соңғы баспанасы ғой. Оған кім қарсы. Бірақ сол өлімнің өз кезегінде табиғи жолмен келмей, біреуді біреу ана дүниеге зорлықпен аттандыратыны жанға батады.

Бұл жолы тап солай болды. Мәселен, Ғабдулмәлікті жуық арада өле қояды деп ешкім де ойламаған. Жасы жетпіске таяп қалса да «ыңқ» етіп ауырмаған, денсаулығы мығым кісі еді. Не ішем, не кием демейтін, ауыр еңбектен, тіршілік күйбеңінен әлдеқашан құтылған. Осы күнгі мұнай-газ өндірісінен, одан басқа да бір-екі кеніштен бөлінген акциялары бар. Ақша дегенің Ғабдулмәліктің кассасына крандағы судай өздігінен құйылып жатады. Қаржы айналымы миллиардқа шаппаса да, алдыңғы қатардағы миллионердің бірі. Өзі теңдес баккүндес біреулер болмаса, жолын кесетін де ешкім жоқ-тұғын. Билік басындағылармен ым-жымы бір, санаттағы адам. Кейбіреуімен құда-жегжат дегендей. Оның бәрін былай қойғанда, өзгелерден бір артықшылығы, бертінде алған жап-жас, сұлу әйелі бар. Несін айтасың, қалай қарасаңда төрт түлігі сай, өмірдің нағыз рахатын көретін кезі еді. Бірақ қатыгез тағдыр кімді арманына жеткізген? Торжорғадай толықсып тұрған шағында сол Ғабдулмәлікті белгісіз біреулер өз есігінің алдында атып кетті.

Әрине, сақтық шаралары қарастырылған. Үнемі қасынан екі елі қалмайтын оққағары бар еді, сол күні бір тығыз шаруасы бар екенін айтып, сұранып кеткен. Қалалық үкімет ұйымдастырған әлдебір банкеттен шопырымен екеуі ғана қайтып еді. Ол құрғыр да сол күні әлденеге асыққандай Ғабдулмәлікті қақпаның алдына әкеліп түсірді де, көп аялдамай жүріп кетті. Үй-іші әлі жата қоймаған сияқты. Қос қабатты коттедждің кейбір терезелері жарқырап жанып тұр. Күздің қоныр кешінде тау жақтан ескен салқын самал бар екен. Ғабдулмәлік бірден ішке кіре қоймай, есік алдында темекі тартып, аз-кем аялдады... Жаңа осында келерде көшенің бұрышында бір машина тұрған сияқты еді. Кенет сол машинаның зулап келіп, мұның қасына тоқтай қалғанын бір-ақ білді. Сол-ақ мұң екен, артқы есіктен бетіне маска киген біреу қарғып түсті де:

— Әй, Ғабдулмәлік, сен халықтың

казынасына қол сұққан ұрлығың үшін өлімге үкім етілдің! — деп оң қолындағы пистолетпен мұны көздеп тұрып, едел-жедел екі рет атты. Алғашқы оқ оң жақ иығын шоқтай қарып өткен-ді. Екінші оқ кеуде тұсынан тиіп, өне бойын өртеп жібергендей, әл-қуаты бірден кеміп кетті.

«Жалдамалы кісі өлтірушілер болады деуші еді...» Мыналар солар ғой, дәу де болса дегенді ойлап өтті бүктетіле құлап бара жатып. — Кімдер екен тапсырма берген? Әттен, соны білер ме еді...» Бұдан арғысы бұлдыр тұман... Ақыл-есі ауырлап, әлдебір тұңғиыққа батып бара жатты. Ғабдулмәлік өмірі денсаулығына шағым айтпаған кісі ғой. Өткен жылы әлдеқалай тұмауратып, дәрігерге барғанда, ондағылар соңғы он бес жылда мұның емдеу кітапшасына бір сызық түспегенін көріп, таңғалысқан. Енді, міне, сол аялаған денсаулық та, бойдағы бұрқыраған қуат та әлдебір қарақшының қарауылына ілігіп, бір сәтте көзден ғайып болды. «Батыр — бір оқтық» дегенді бұрынғылар осындайда айтқан екен-ау!

Мылтық даусын естіген үйдегілер есік алдында қанға батып жатқан мұның денесін қолма-қол тауып, іле-шала дәрігер шақырған болар. Олар жедел жәрдем машинасымен ауруханаға әкелген болар. Ғабдулмәлік есін бір жинағанда, өзінің бір өңкей ақ халатты адамдардың қоршауында жатқанын байқады. Соншама қан жоғалтқанда тірлікпен қоштаспаған неткен денсаулық десейші! Әйткенмен, жүрегі соғуын тоқтатып, тынысы бітуге таяған сияқты, біреуі мұның кеуде тұсын тоқпен тітіркендіріп, екіншісі аузынан жел үрлеп, тыныс алдыру қамында қарбаласып жүр.

Алайда мұның бәрі бекер әурешілік, кешігіп істеген шаралар болатын. Өйткені бұл кезде Ғабдулмәлік жәнтәсілім етіп, шыбын Жаны тәннен ажырап, өз алдына бөлініп шығып кеткен-ді. Құдауанда, бұл «жәнтәсілім» дегені мұндай рахат болар ма, манадан бері шыдатпай, қан қақсап ауырып тұрған тән азабы бірден сап тыйылды. Сол-ақ екен, Жан байқұс өмір бойы арқалап жүрген ауыр жүктен енді құтылғандай, біртүрлі кеңіп, жадырап қалды. Адам тәні әлдеқалай мертігіп, жараланса да, әлдебір дертке шалдықса да, соның азабын Жан тартады екен ғой. Енді, міне, соның бәрінен босап, өзінше бір азаттыққа шыққандай тыныстап қалды. Бұрынғыдай онда-мұнда сүйрелейтін иығындағы ауыр салмақ жоқ. Жанның өз салмағы — құс мамығындай, ауада емін-еркін қалықтап жүр.

Ақыл-ес, зейін-зерде Жанның өз бойында. Осының бәрінен жүрдай болған өлі дене жатыр әне, қанға малшынып. Дәрігерлер адам өліміне әкті жасап, ажалға себеп болған оқтардың тәнге қаншалық дарығанын көрсету үшін, өлі денені онды-солды кескілеуде. Тәнге бәрібір сияқты, былқ етпейді. Өмірде тәннің тым сезімтал болуы, бір жеріне тікен кірсе де ауырсынып, ойбай салатыны Жанның аркасы екен ғой. Міне, кеудесінен жан шығып еді, адам сорлы жай «өлік» болды да қалды. Ғабдулмәліктің оқта-текте Абай өлендерін оқитыны болушы еді. Міне, қазір де: «Адам — бір бөк көтерген бөктың қазы, боласың бөктан сасық өлсең-дағы» деген өлен жолдарын еске алып тұр.

Дәрігерлер өлі денедегі оқтарды алып, әктісін жасап болған соң, өлікті бірден мәйітханаға өткізді. Жан әзірше өз тәнінің қасынан қалмай ілесіп жүр. Шетелдік киноларда адам мәйіті арнаулы шкаф-сөрелерде, әркім өз жамылғысымен жеке-жеке жатушы еді. Біздікі ондай дәрежеге әлі жетпеген екен. Қабырғасына қырау қатқан, терезесі бітеу, сұп-суық зал. Тақтай сөрелерде жап-жалаңаш сіресіп жатқан өліктер. Кейбіреуі көшеден табылған иесіз жандар болуы да мүмкін. Олар қашан иесі табылып, жерлегенше осында жата бермек... Жанның дәл осы арада Ғабдулмәлікке біртүрлі жаны ашып

кетті. Тірісінде сері жігіт еді, дүниенің рахатын жақсы көруші еді. Тірлікте жинаған миллиондары еш кәдеге аспай, кілең бомждардың арасында лыпасыз қалғанын қарашы! «Өлдің, Мамай, қор болдың» деген осы екен ғой.

Адам Жаны тәннен бөлінгеннен кейін де жеті күнге дейін алысқа ұзап кетпей, осы манайда жүреді деуші еді. Зайыры, сол сөз рас сияқты. Ауруханадан қайтқан Ғабдулмәліктің бала-шаға, туыстарымен бірге Жан да қалықтай ұшып, өз үйіне келді. Бала-шаға дегенде, бұрынғы әйелінен қалған екі қыз, бір ұл бар. Олар

ЖАН мен ТӘН

әлдеқашан отау тігіп, бөлек-бөлек үй болып кеткен. Сонан соң кейінгі алған әйелі Ғайникамал мен содан туған он жасар Жансая... Бүгін ағайын-туыстың бәрі осында. Кең аулада мал сойылып жатыр, қазан асылып жатыр... Енді, міне, сол жанашыр ағайын Ғабдулмәліктің кең кабинетіне жиналып, ертеңгі өлікті шығарып салу рәсімін сөз етіп отыр.

Ең алдымен, Кеңсін зиратынан орын алу мәселесі сөз болғанда, бұл жағдай оңай шешілді. Ана жылы Ғабдулмәліктің бәйбішесі қайтыс болғанда бұлар екі кісілік жер алып, төңірегін қоршап қойған екен. Енді марқұмның өзі де сол бәйбішенің қасынан мәңгілік қоныс теппек. Ертең мәйітті осында әкеліп, салт бойынша бір күн өз үйінде қондырады. Сол кеште ағайын-жұртқа «қонақасы» беріледі. Бұл — аруақтың да соңғы татар сыбағасы іспетті. Ал мәйітті жерлеп келген соң, топырақ салған халыққа жайылатын дастарқан өз алдына бөлек. Бұлар сол күнгі түскі асқа «Отан қорғаушылар» паркіндегі «Жұлдыз» ресторанын лайықтады.

Осының бәрін рет-ретімен жөніне келтіріп айтып отырған — Ғабдулмәліктің немере ағасы, бір кезде министрдің орынбасары қызметіне дейін көтерілген, салт-санаға жүйрік Қабыш ақсақал. Мұндайда қатты ескерілетін маңызды бір нәрсе газеттерде жарияланатын некролог — азнама сөздер де назардан тыс қалған жоқ. Азнамада Ғабдулмәліктің өмірбаяны, атқарған қызметтері мен алған марапаттары түгел қамтылуы керек. Бұл жағын бүгін осында қатысып отырған белгілі журналист өз мойнына алатын болды. Азалы сөздердің деңгейі Елбасының марқұмның отбасына көңіл айту-айтпауына байланысты екен. Бұл мәселені де Қабыш ақсақал реттеген сияқты. Мана түстен кейін Президент аппаратындағы таныс жігіттерге телефон соғып, бәрін алдын ала келісіп қойыпты.

«Бәрі дұрыс, бәрі ойдағыдай, тіпті асыра айтылып жатыр, — деп ойлады Жан Ғабдулмәліктің өзі қадалып оқымаса да, сән үшін жинаған кітап сөрелерінің біріне қонақтап отырып. — Қазақтың өлікті ұзатып салу мен артын күту рәсімдері неткен машахат! Қанша әурешілік, қанша шығын?! Ал басқа ұлттар бұлай шашылмайды».

Сонан соң бір таңғалғаны — үй ішінде қайғырып, жылап отырған ешкім жоқ. Бәйбішеден қалған ересек ұл-қыздары да тоң-торыс, үнсіз бұйғып отыр. Ғабдулмәлік жас әйелге үйленгеннен бері әкемен аралары салқын болатын. Олар сол баккүндестігін әлі ұмыта алмай отырған сияқты. «Папам-ау» деп ботадай боздап жылап жүрген Ғайникамалдан туған он жасар қызы Жансая ғана. Ғабдулмәліктің соған ғана керек болғаны ғой, шамасы.

Ал Ғайникамалдың өзіне келсек, оның да басына қара орамал салғаны

болмаса, бәлендей қасірет шегіп, «аһ ұрып» отырғаны байқалмайды. Бұрын біреулерден көргені бар еді. Күйеуі өлген әйелдер ауыр қайғыны көтере алмай, әлсін-әлі есінен танып, дәрігердің көмегі қажет болып жататын. Ал мыналар — Ғабдулмәліктің әйелі мен қыздары ондай дәрі-дәрмекті керек қылмай, қақшиған күйі сергек отыр... Ал Ғайникамал... Сұлу-ақ қатын ғой, антұрған! Бүгін басына қара орамал салып, ел қатарлы сәл-пәл жылағанға ақша беті албырап, көз жанары нілденіп, бұрынғысынан да құлпыра түскен бе, қалай? Отыз бес

жас — әйелдің нағыз кемеліне келіп, толысатын кезі ғой. Ғайникамал бұрын Ғабдулмәліктің қабылдау бөлмесінде отыратын секретарь-машинисткасы болатын. Көңілдері жақын, қас-қабақтары түзу еді. Бәйбішесі өлген соң алысқа ат сабылтып жатпай, сұлулығына қызығып, өзінен отыз жас кіші бұрынғы ашынасына үйленген. Құрбы-құрдастары бұған қызығып та, қызғанып та қарады. Сөйтіп жүргенде мұның тұғырдан таймағанын әйгілеп, бір жылдан соң Жансая келді дүниеге. «Шар тартқан шағымда бір қызығым осы Ғайникамал болар» деп жүруші еді. Амал не, төтеннен төнген ажал оны да бұйыртпады ғой!

— Айтпақшы, сүйекті қай жерден шығарамыз? Алматы жұртшылығы папаммен қоштасуы керек қой, — деді манадан үнсіз отырған, осындағы банкілердің бірін басқаратын жалғыз ұлы Бакқожа. Қабыш ақсақал бұл жағын да ойластырып қойыпты. Басында театрлардың бірін жалдауды ойлаған екен, оған бұлардан бұрын біреулер тапсырыс беріп қойыпты. Сонан соң Ғабдулмәліктің ғылым докторы екені есіне түсіпті де, Академия институттарының бірімен оп-оңай келісіпті.

«Менің докторлығымның да бір пайдасы тиген екен, — деп ойлады туыстарының әңгімесіне сырттай құлақ түріп отырған Жан. — Кезінде біреулердің дайын тұрған диссертациясын сатып алып, экономика ғылымының докторы деген атақты, жұрттың пыш-пыш өсегіне қарамай қорғап шығып еді. Ғабдулмәлікке керегі ғылым докторы деген атағы ғана. Әйтпесе, сол тақырыпта басын ауыртып, бір мақала жазды ма екен?!». Туыстар кешкі ас ішіп, жерлеу мәселесін біржайлы еткен соң, біразы ертеңгі шаруаларға байланысты жан-жаққа тарап кетті де, үйде ең жақын деген бір шоғыр адам қалып еді. Ғабдулмәліктің қазасы кісі қолынан болып отыр. Мұндайда заң орындарының тергеу-тексеру ісі қатар жүруі мүмкін. Олар тәртіп бойынша отбасы мүшелеріне де әр алуан сұрақтар қояды. Сонда бұлар не деп жауап айтуы керек? Соны да бірлікке келтіріп алған теріс емес. Марқұмның достары кімдер? Баккүндес жаулары болды ма? Отбасы мүшелері кімдерден күдіктенеді? Бұл мәселені де алдын ала ойластырып қойған жөн. Марқұмның қазасына қатысы бар деп, әрқайсысы бірнеше адамның атын атады. Бәрі де — Ғабдулмәлікпен әріптес, қаржы саласының адамдары.

— Осы өзіміздің Құдайқұлов қалай? Ғабдулмәлікке келгенде, ылғи да соның бір ені ішінде жүруші еді. Өзі бүгін көңіл айтып та келген жоқ. Іштарлықпен қастық ойлағандардың бірі сол емес пе екен? — деді зейнет жасындағы ағайынның бірі.

— Қойыңызшы, біздің әулетке қастық ойлайтындай Құдайқұловты құдай ұрып па? Қанша дегенмен, рулас ағайын

емес пе! — деп ол сөзді тағы біреуі кері қакты. «Алдырған — албырт» деген ғой, осылайша бір-біріне кереғар әртүрлі пікір айтылып жатты.

— Папамды өлтіруге заказ берген — басқа ешкім де емес, мұнай мен газға басшы боп отырған бәленшекеңнің өзі! — деді мінезі томырықтау, бірмойын ұлы Баккожа. — Ол «акцияларыңды маған өткіз» деп папамды бірнеше рет ығыстырмақ болған. Енді, міне, ойлағанын іске асырып тынды. Мұнай мен газға бір өзі жожа...

— Қой, Баккожа қарғам, олай деме! Тіпті солай болған күннің өзінде де бұлай жар салып айта беруге болмайды,

жок. Күндегі әдетінше кербездене керіліп, шешініп жатыр. Бүгін ғана байы өлген әйелге ұқсамайды. Бір мезет айнаның алдына барып, өз келбетіне сұқтана қарап, біраз тұрды. Әдемі-ақ қой сайтанның өзі де. Әлі де құлын мүшесі бұзылмаған, қаз омырау, қыпша бел... Бүкіл денесі мәрмардан ойғандай аппак... Бүгін қаралы күннің өзінде алтын алқасы мен жүзік-сырғаларын тағынып алған екен. Соларын бір шетінен ағытып, кобдишаның тартпасына салып жатыр. Міне, осыдан кейін ғана кербез басып барып, ақ торғын көрпенің астына кірді.

Жан болса сол сәт мана түс кезінде көзі көрген ақ қырау мәйітхана мен



— деді көпті көрген Қабыш ақсақал баяу үн қатып. — Бергі қожайынды айтсақ, оның түп-тамыры арғы қожайынға тіреледі. Оларға заң орындарының да тісі батпайды.

«Иә, Қабыш ақсақал дұрыс айтады. Осы менің бірбеткей, ұрда-жық балам ашу үстінде бірдемеге ұрынып қалмаса жарады» деді Жан Ғайникамалдың қасындағы бос орынға жайғасып жатып.

— Бұл өлімнен саяси астар іздеудің қажеті болмас, — деді заң саласында істейтін ағайындардың бірі. — Ғабдулмәлік Елбасының қатты құрметтейтін сенімді кісілерінің бірі болды. Тіпті біздің ағамыз ана жылы сайлау кезінде Елбасының өз қалауымен «балама кандидат» болып дауысқа да түсті емес пе?

— Кім білсін, әзірше «жалған кандидат» кейін тәжірибе жинай келе «шын кандидат» болып кете ме деп, қауіптеніп жүрмесе, — деді шақпа тілді, қылжақбастау бір жігіт.

— Қойсайшы, бұл әзіл-оспақтың жері емес қой! — деп оны Қабыш ақсақал тыйып тастады. Осылайша, туыстар бір түйінге келе алмай, не де болса заң орындарының шешімін күтпек болып сағат кешкі он бір шамасында үйді-үйлеріне тарады. Мәйітті үйге әкеліп қондыратын, марқұмның соңғы сыбағасы ретінде жақын-жуыққа «қонақасы» беретін күн — ертең. Бүгін ертерек жатып демалып, ертеңге қарбалас шаруаға дайындалу керек.

Бүгін Жан да өз үйінде қалып қойған. Ол Ғайникамалға ілесіп, жатын бөлмесіне бірге барды. Соңғы сәнмен жабдықталған абажадай кең бөлме. Тоба, Ғабдулмәлік алдыңғы күні ғана осы бөлмеде, мына тұрған төсекте Ғайникамалмен бірге ұйықтап шығып еді-ау! Бұл оны аймамақ болғанда, әйелі шаршап тұрғанын айтып, ол шаруаны ертеңге қалдырған. Амал не, ажал шіркін сол «ертеңге» жеткізбеді ғой. Ендігі жүрісі мынау, әлдекалай терезеден еніп кеткен шіркей тәрізді көрінген затқа бір қонақтап.

Ғайникамалдың ойында ештеңе

мынау — осы мандағы біреу болды ғой, — деді Жан секем алып. — Сонда кім болды екен ол, ә?»

Анау «бүгінгі әңгімеде мені біреулер еске алды ма» деп сұраған болар.

— Күдіктілер арасында сені ешкім атаған жоқ. Алаңсыз ұйықтай беруіңе болады, — деді Ғайникамал. — Марқұм қарт та болса қайырымды кісі еді ғой. Сен екеуіміз не зиян көрдік одан. Алла-ай, қолың қалай барды? Бұрынғыдай жүре берсек те болатын еді ғой...

Анау «оққа байлаған мен емес, жалдамалы жендеттер ғой, бәрін орындаған... Олар ақша үшін ештеңеден тайынбайды» деп ақталып жатқан секілді.

— Мейлі, басқа біреулер орындаған күнде де, соларға тапсырма берген сен ғой, — деді Ғайникамал анаған кінә арта сөйлеп. — Соның бәрін, шынымен-ақ, мен үшін істедің бе, жаным?

Ана сұм не айтты екен? Әйтеуір, жанға жағымды тәтті сөздерді ағытып жатқаны анық.

— Жаным сол... Сені түсінбейді дейсін бе? Мені сүйетінің сонша, өз байымнан да қызғандың-ау! Асықпашы... алдымен мына шаруаны атқарып алайықшы... Енді бөгет болар ешкім жоқ, өзіміз ғана қалдық емес пе?! — деп назданды Ғайникамал.

«Есінде болсын, біз жақында осы елдегі ең бай адамдардың бірі боламыз! — деді анау құпиясын жасырмай. — Осының бәрі бір сенің игілігің үшін, аяулым».

Жан манадан бері бұл әйелдің нақсүйер ғашығы кім екенін біле алмай басы қатып тұрған-ды. Кенет Ғайникамалдың:

— Бауке, сүйіктім, не айтайын?... Өзінді қалай жақсы көретінімді білмейсің ғой сен... Әйтеуір, сақ болшы өзіңе! — дегенін естігенде, санын бір-ақ соқты:

«Құдай ұрсын, мына қатынның манадан бері үздігіп тұрған ғашығы өзіміздің Баубек болды ғой! — деді Жан жатқан жерінен атып тұрып. — Ғабдулмәліктің көмекшісі. Жасы әлі қырыққа келе қоймаған, әлекедей жаланған, келбетті, жас жігіт. Руласым, жерлесім деп осыны бауырына тартқан Ғабдулмәліктің өзі еді. Баласынан кем көрмей, ең жауапты жұмыстарды осыған тапсыратын. Сөйтсе, жылан асырап жүріпті ғой... Қатынды қойшы, тәйірі. Ақшаң болса, қатын табылады. Баубектің харамдығы — басқада... Ғабдулмәлік ел ішіндегі және шетел банкілеріндегі біраз соманы осы Баубектің атына салдырған. Аз емес, миллиондаған доллар... Енді, міне, қатынның ғана емес, сол ақшаның да иесі Баубек болмақ. Бір оқпен екі қоянды қатар жықты деген осы емес пе?! Ит-ай, Ғайникамалды қолға қалай түсірді екен? — деді күйіне қапаланып. — Осылар бұрыннан ашына болған-ау, шамасы... Жас қой арам неме. Оның әйел алдындағы артықшылығы сол жастығында ғой!».

Ғайникамал мен Баубектен қатты көңілі қалған Жанға ендігі оқиғалардың еш қызығы сезілген жоқ. Жерлеу рәсімі сол кешегі айтылған межемен өтіп жатыр. Ертеңінде өз үйінде қонақасы берілді. Мәйітті жерлейтін күні өз ауласында жаназа оқылды. Екі тәкбірлі, бір ракағат жаназа намазы оқылып болған соң:

— Марқұм Ғабдулмәлік Беғайдарұлы қандай адам еді? — деді мешіттен арнайы шақырылған имам көпшілікке қарап.

— Жақсы адам! — деп куәлік берді сапта тұрған көпшілік бірауыздан.

«Көп — құдайдан бір-ақ жас кіші» деген сөз бар. Көңіл жықпастықпен айтылса да, көпшіліктің осы бағасы тәнір алдына барғанда кәдеге асуы да мүмкін... Осыдан кейін табытқа салынып, үстіне жібек кілем жабылған өлі дене әлдебір институттың залына әкелінген. Мұнда да қаптаған халық. Жиналған жұрт үштен-төрттен кезектесіп, құрметті қарауылға тұрып жатыр. Көзі тірісінде мұндай құрметті қарауылға Ғабдулмәліктің өзі де талай тұрған-ды. Табыттың бір қапталында Ғайникамал мен марқұмның

ұл-қыздары отыр: бәрі сұлу, бәрі әдемі. Бет-аузы долырып, жылап жүрген он жасар қызы Сая ғана.

Қоштасудың соңы қаралы митингіге ұласқан. Қазаққа басқа жұрттан жұққан бір жаңа салт — осы. Мұнда айтылатын сөздің бәрі дерлік жасанды, өтірік мақтау-мадақтан тұрады. Әріптестері марқұмның тірі кезінде қимаған жылы сөздерін өлген соң үйіп-төгеді-ай келіп! Міне, Ғабдулмәлік — Қазақстан ғылымын ілгері жылжитқан аса көрнекті ғалым, ғылым докторы, республикада бизнес саласын өгіздей өрге сүйреген алғашқы қарлығаштардың бірі, белгілі қоғам қайраткері. Жаңа осында оқылған Елбасының көңіл айтуы — осы сөзімізге толық дәлел... Бұдан ары тындап тұрудан жалығып, көп адам теріс айналған шығар-ау!..

Мәссаған! Мына Баубекті қара! Туыстар атынан сол шығыпты қоштасу сөзін айтуға... Орамалын қолына алып, солқ-солқ жылап тұр иттің баласы:

— Ұстазым еді, ақылшым еді... Маған әкемнен де артық жақсылық жасаған, мені қатарға қосып, адам қылған осы Ғабдулмәлік марқұм еді... Мен екі дүниеде ұмытпаймын марқұмның маған істеген жақсылығын... Қош, аяулы қамқоршым: жатқан жерің жайлы болсын!

Жан қаралы жиын өтіп жатқан биік залды айнала ұшып жүрген-ді. Баубек сөйлеп тұрғанда бір-екі рет танауының алдынан жанаса сүйкеп өтті. Амал не, мына оқиғаға араласуға заттық негізі жоқ. Әйтпесе, екіжүзді, имансыз иттің мұрнын бет қылар еді... Ей, кірі жуылып тазармаған бес-баттам арсыз дүние, сол лас күйінде қалғаның ғой. Ендігі заман Баубектердікі...

Бұдан арғысы белгілі. Манағы қалың көпшіліктің бәрі болмағанмен жарым-жартысы Кеңсай зиратына барып, Ғабдулмәлікке топырақ салды. Ана жылы қайтыс болған бәйбішесіне шағындау құлпытас орнатылған екен. Жалған дүниеден де, жас тоқалдан да опа таппаған марқұм ақыры сол бұрынғы қосағына қосылып тыным тапты.

Марқұмның өлі денесі кара жерден орын тапқанымен, шыбын Жаны барар бағыты анықталмай, жеті күнге дейін осы манайда жүріп қалды. Бұл пәниден бақиға қарай бет алатын екі түрлі жол бар екен. Бірі — сібірлеп атқан тандай көздің жауын алып, алыстан нұр шашып тұрған, тек имандылар ғана баратын Бейіш жолы. Екіншісі — жол емес, алыстан-ақ адамның құтын қашырып, зәресін алатын кап-кара үңгір. Қасына жақындай бергенде-ақ күнәлі пендені жұмарлап жұтып жіберетін тозақтын қорқау қақпасы. Жан осы екі жолдың қайсысына бет аларын білмей, ғарыштан бұйрық күтіп, бөгіліп қалды. Оған себеп: уақыт ол жақта да қарбалас, тым тығыз болса керек. Олай болатыны, қазір жер бетінде жеті миллиардқа жуық адам бар. Әр секунд сайын бес-алты сәби дүниеге келсе, татар дәмі таусылған төрт-бес пенде бақиға аттанады екен. Соның бәрін топ-топқа бөліп, реттеп отыру періштелерге де оңай соқпаса керек. Ғабдулмәліктің күнәсі мен сауабын таразыға салып өлшегенде, күнәсі басымдау болды, әрине. Адамдарды алдап-арбап, артық дәулет жинағаны, халықтың қазынасына қол салып, арам жолмен байығаны, ғұшыр-зекет төлемегені, кедей-кембағалға қайыр-садақа бермегені... Тозақтың шартын толтырып-ақ тұр еді.

Ғабдулмәлікті мұндай ауыр жазадан бір-ақ нәрсе құтқарып қалды. Ол — кісі қолынан қаза тауып, шәйіт кеткені. Алаяқ ағайын мен опасыз әйелдің алдауына түскен бейуаздығы. Ұлы жаратушымыз аса әділ де қайырымды ғой. Ғабдулмәліктің кейбір пенделік күнәларын кешіріп, оны бірден тозаққа салмай, Тозақ пен Бейіштің арасындағы бейтарап мекеннен орын беріпті. Жан енді солай қарай бет алды.



Ертай
АШЫҚБАЕВ
БАБАТАЙ ӨЗЕНІ



Мешін жылы Бабатайда туғалы
Біздің бастан біраз өмір зулады.
Тіршілігім өлеңімнің өзіндей —
Бірде жақсы, бірде жаман шумағы.
Басталғанда қызығы мен думаны,
Айтар ма екен азды-көпті әңгіме
Кей жақсылар мына мен де туралы?

Мен — өзенмін. Тымық күні тыныштын,
Желді күні толқындарым тулады,
Желді күні қамыстарым шулады.
Жел тигізбей өсіруге жарарлық,
Қайдан табам кеудесі зор туманы?

Мен өзенмін балдырларым қалқыған,
Күн ысыда ауа жетпей алқынам,
Күн ысыда бу боп ұшам, тартылам,
Арнам толық кездерімде көп келіп,
Жамандайтын кісілер бар артынан.

Мына жатқан Бабатайдың өзені,
Мақтауға да, даттауға да төзеді.
Жағаға кеп су ішеді ысыда
Ақ қоянның алжуаздау көжесі.
Су ішкенде ақ қоянның көжесі
Өзен дәмін өте жақсы сезеді.
Өз өзенін ұқпағандар, қайтейін,
Басқа жердің шалшық суын кезеді,
Басқа жұрттың балшықтарын езеді.

...Мешін жылы Бабатайда туғалы
Осы да бір айтпай жүрген сөз еді.

АЛМАТЫ.
АБИТУРИЕНТ-72

1972 жылдың шілдесі еді,
Әділ заман тұсы еді бұл кешегі.
Оқудан құлап қалдым,
Емтиханның қиыспай мүлде есебі.

Табылмай жсауаптары сұрақтардың,
Құлап қалдым.
Алатау қыңқ етпеді, мені қайтсін,
Сылдырын мен де қайтем бұлақтардың.

Кері алдым беделсіздеу құжатымды,
Е, меілі,
көш емеспіз біз ақырғы.
Олжам сол — көрдім, шіркін:
...баева деген әлгі қыз ақынды.

Сол күннің енді, міне, кімде есебі?
Қызық заман тұсы еді бұл кешегі.
Өлең қадірлі, қыз аяулы, жігіт адал болған
1972 жылдың шілдесі еді...

КАЗАРМА. ҚАЗАҚ ПЕН
ҚАЛМАҚ

Өткен шақты ойлайтын ғұрып таптым
Доғарып саз-арманды.
... Қызық-ей, ешқандай да ұмытпаппын
Сұр түсті казармамды.

Старшина — жан әке, ардақты ана,
Біз — жеміс қатар тұрған бұтақтағы.
Сенің үлкен бабаң ба, қалмақ бала,
Кісілер әлгі біздің кітаптағы?

Мынау Иван кезіккен бала жастан,
Көп бізде ондай бала.
Бұлармен тым ертерек араласқам,
Ақтөбе — сондай қала.

Белорусь бар, әнеки, молдаван бар,
Мен бармын, мен — қазақпын.
Шекараның ар жағы —
оңбағандар,
Олардың көргендері —
шерлі азап күн.

Солай дейді капитан, ал, тыңдаймыз,
Біздің жақта Ай жарық, Күн арайлы.
Саяси сөз айтуға талпынбаймыз,
Бізден сөз сұрамайды.

Мені бауыр тартады өзбек ептеп,
Ол менің тоқтығымды құп санайды.
Беу, казарма —
бөлек үй,
өзге мектеп,
Мен болған ордаларға ұқсамайды.

Ұқсамайды өзіне ешкім мұнда,
Келмейді шегініп күн.
Ұмыттым, қаншама нұр кештім қырда,
Өзге емес,
мен ұмыттым.

Кету қайда дүниені шарлап дара,
Ән ғайып, той да ғайып.
...Кане, ұйықтап қалайық,
қалмақ бала,
Әлгі кітап жайында ойламайық!

КӨКТЕМ. ВЕСПРЕМ
ҚАЛАСЫ

Хат жазбағандарға өкпелілерді,
Жүргендерді қанша налып,
Жұбатқалы Веспремнің көктемі келді,
Қарсы алалық.

Көрелік мүлде басқа көктемді,
Тыңдайық анау құстарын.
Кейін айтармыз бастан өткенді,
Айтпаспыз кейбір тұстарын.

Бізден де бұрын мақтанғандардан
Үлгі жинасасқ, айып па?!
...Кете бер,
ызғар,
ақпаннан қалған,
Міне бер,
шуақ,
қайыққа.

Бейтаныс мына гүлдер де, тіпті су басқа,
Күн бұлт бүркенді. Ұялды.
Жолдас солдаттар, уәде етіңдер қумасқа
Ұстатпайтын қиялды.

Жарқырат анау қаптаған төс белгіңді,
Аумай қал С.Мұқанов жазған сарыала
шенді ұлықтан.
Шіркін, біздің бастан ұшпа бұлттай
көшкен күнді,
Кім ұққан?!

Кім ұққан мына Веспремнің мұң-наласын,
Ұға ма күндердің бір күнінде?
Өмір, ауық-ауық бұданасың,
Мұның не?

Біз, солдаттар, қайталайық білетін
жырымызды,
Әнімізді естіген.
...Ал, сіз, төге беріңіз халықаралық нұрыңызды,
Веспрем!

ЖАҢА ҚОНЫС

Беу, Алматы, қайтадан келіп тұрмын,
Ұнай ма бұл талабым?
Анау құстарыңмен елiктiрдiң,
Мен қайдан дәл мынадай гүл табамын?

Қызық дәурен ұсынып тұр кестесін,
Осындай ма барлық астаналар?
Лирик болмағанда енді не істесін
Жас балалар?!

Қайтсін дүние өзгермей?
Үлбірейді сән-бұта, нұр-шыбық.
Қыздардың тілінен тамған сөздердей —
Мына тіршілік.

Мен де қосылайын осыған,
Мынау — дәптерім бастамаған.
...Алматы, әрине, тосын ән,
Алматы, әрине, басқа ғалам.

Алматы — менсіз де болған қала, толған қала,
Безендірілген кітап.
Алматы — ұшқанға да, қонғанға да
Қарсылығы жоқ бұтақ.

Мен де... болайын, толайын,
Шаршадым жүрістерден жосын.

Әзірге қонайын,
...Ұшып кетермін сосын.

ЕЛУ АЛТЫНШЫ ЖЫЛЫ
ТУҒАНДАР

Жаңартындар жүректеріңді ескірген,
Жайнандар. Кәдімгідей туаңдар.
Кем емессіңдер ешкімнен,
Уа, елу алтыншы жылы туғандар!

Рас, өмір шаршатты,
Кезікті тірліктің түрлі лебі.

МЕН – ӨЗЕНМІН. ТЫМЫҚ

Көрдік қаншама бану-күнді, бал-шақты,
КазГУ-дің гүлдері үлбіреді.

Бай болдық қызыл-жасыл түрге енген,
Күн кештік маңдайымызды мұң тұтпай.
Уа, мына Шаһизада кімнен кем,
Кімнен кем әйтпесе Мылтықбай?!

Кем емес. Артық.
Болдық. Толдық.
Ұштық аспанда қалқып,
Қондық.

Келіңіз. Қоныңыз қасымызға,
Демімізге ерімейді нендей сыз?!
«Біз сендердей жасымызда...»
Әрине,
сенбейсіз.

Әрине,
әңгіеміз тыңдалмайды,
Жаз өтті, гүл — ғайып; қыс келді,
алма — ғайып.
Өмір, біз болмасасқ, кімді алдайды?
Жарайды,
алданайық.

Алданайық. Көрсетейік ырза көрік,
Өткен-кеткен өкініштерді
қазбаламаңдар, қумаңдар.
Жүрейік аңқау мырза болып,
Уа, елу алтыншы жылы туғандар!

Гүл қашан солады, жасауды қашан қар?
Оған көңіл бөлмеңдер.
Сөйтіп, ұзақ жасаңдар,
Мүмкін болса,
...өлмеңдер!

АЛМАТЫ – АҚТӨБЕ

Курстастарға

Сол кеткеннен, әйтеуір, шешпедім бел,
Көп сортақты біледі кешкенімді ел,
Біледі кейде жел боп ескенімді ел,
Енді сәл дес беріңдер.
...Алматыны... сол жылы... бұл менен де...
Алып қалып едіңдер... не істедіңдер?..
Күндіз кімдер жүреді біздей қалқып,
Біздей балқып жүреді кешке кімдер?
...Маң-маң басқан әнеу бір кербездердің
Көкейлерін неліктен теспедіңдер?
...Альбомда қандай сурет сақталыпты,
Түседі оңашада еске кімдер?

Мына жақта жүрегім жүз ұлыды,
Алматының тәтті еді... Күзі... Мұңы...
Көп еді аңқау аға, қызық іні,
Әрине, көркем еді... Қызы... Гүлі...
Алматының сол сәнін тартып алған —
Өмір деген ақылсыз бұзық ұры.
Солай ма, құрметті М.Талдыбаев,
Солай ма, қадірлі М.Ізімұлы?!

Ашылмайды, әйтеуір, күн қабағы,
Бұлақ бастан осылай бұлғанады,
Осылайша дүлдүл күн ұрланады.
Біз көрмеген біреулер тепсінеді,
Біз көрмеген біреулер бұлданады.
...Біздер кезген бақтарға кім барады?
Алматының мөп-мәлдір жылғалары
Жүрген жоқ па шілдеде құрғағалы?
Күм астында көміліп жатыр ма екен
Біздің шашпа қыздардың сырғалары?
...Сол кеткенде... сол жылы... бұл менен де...
Алып қалып едіңдер бұл қаланы...

Мұңайғаным болмаса күзде кей күн,
Мен сендерді аса көп іздемеймін.
Бір бөрікке сыймайтын бір басымда
Кесірлігі бар, сірә, жүз кедейдің,
...Ақтөбенің шаттығын үзбегей күн.
Мынау Күләй ханымның мойнындағы
Жоғалмайтын ақ моншақ тізбедеймін.
...Сондағы... алып қалған Алматыңыз...
Қайырлы бола берсін сізге деймін.

БІР ӨҢГІМЕ

Ұсынылған жоқ бізге де төр бірден,
Көп тірлікке өзімді өзім көндіргем.

Ойыл — мынау,
Қиыл — анау,
содан соң...
Алматыны көргім келді,
көрдім мен.

Ерте солып біздің жақта бүлдірген,
Бөлісуге жарамады құрбыммен.
Бақша — шағын,
көше — шолақ,
әрине,
Алматыда жүргім келді,
жүрдім мен.

Қызыл-жасыл гүлге толып кетті іргем,
Көп таныстым ылғи жаңа тек-түрмен.
Күндер болды көкірекке леп кірген,
Түндер болды аздап азап шектірген,
Шуақ анау,
көз жасымды кептірген.
Мен —
Ақтөбе өлкесінің өзені,
Алматыдан кеткім келді,
кеттім мен.

Алматыңыз сол еді,
Енді, міне, ертіп келіп көнені,
Аспан неге мазалайды,
о, мені,
Бұлттар неге ұсақ тамшы төгеді,
Жұлдыз неге бірте-бірте сөнеді?
Бір сынық мұң тұрткілейді,
төнеді,

Мен білмеймін,
не сұрайды ол менен?
...Ай, жөн еді Алматыны көрмеген,
Алматыға бармағаным жөн еді...

БӨЛМЕЛЕСТЕР

Есік ашық шыққанға, кіргенге де,
Бес азамат тұрамыз бір бөлмеде.
Қиялымыз сияқты бесеуміздің
Бес құрлықты айналып жүрген кеме..
Студент кезгі өленнен.

Бір, екі, үш, төрт... және мен... О, бөлмелес!
Өткен дәурен өздерің ғой, өңге емес.
...Поезд жүрді. Іш өртенді. Сөнді елес.
Қалды Алматы төсек қабын тартқылап,
Бөлме қалды енді біздер төрлемес.
Мұңайды ма көрікті таң, көрме-кеш,
Біздің көңіл енді неге шөлдемес?!
Еш жан енді дәурен кешіп біз болып,
Алматыны ешкім біз боп өңдемес,
Аяқталды заңды сапар, зор кеңес,
...Сол — біз едік, өңге емес. О, бөлмелес!

...Бізді басқа таң оятты... Күн батты...
Одан соң да... О, зырлапты, зырлапты...
Беу, қайда жүр күндеріміз қымбатты?!
...Бір, екі, үш, төрт... және мен... О, біздерді
Мынау өмір әркімдерге ұрлатты.
...Көптен бері кешпедік қой гүл-бақты,
Неге біздің тірлігіміз тым нақты,
Анау қыздар қолын неге бұлғапты?..
Бөлмемізге кірейікші... баяғы...
Іздейікші сол баяғы... жұмбақты...

Бір, екі, үш, төрт... және мен... О, бұл — бізбіз,
Қарсы алмай тұр неге сол бір құндыз қыз?..
Титықтапты түнгі сейіл, күндізгі із,
Оянындар, басқа емеспіз, бұл — бізбіз!
Орал, Көктем! Құшағыңа кіргіз, күз!
Үндемейсіз. Оу, кешегі жырмыз біз.
...Ай, біз, сірә, қайта ашылмас есікпіз,

www.qazaqadebieti.kz/

*Ай, біз енді жана алмайтын жұлдызбыз.
Біз — құрлыққа шыға алмайтын кемеміз,
Бір, екі, үш, төрт... және... шексіз мұңбыз біз.*

ТАҒЫ БІР ХАТ

*Ежелгі тәртібімді бұзбайын да,
Өлең жаздым,
Алматы,
Сіз жайында.
Сәлем айт терек-ұлға,
қыз-қайыңға!
Әр көшеңіз —*

КҮНІ ТЫНЫШПЫН...



*әуен ғой әлеуметтік,
Сіз бас шумақ болғанда,
біз — қайырма.
Маған ұқсап тұратын шуағыңды
тонайын ба,
тағы да сыздайын ба?
Бұлттарымды берейін,
Күз дайын ба?
Уайымда мені,
хат жазған осылайша,
Анау тілсіз Алатау-Құзды уайымда!..*

*Уа, міне, сіркірей бастады аспан!
...Жоқ.
Жазайын басқа хат.
Басқа дастан.
Бұл дастан —
біз кестеден тастамас пән.
Ұмытып қалсаңыздар,
қайталайын:
Мен есік ем,
әлгі қыз жасқана ашқан,
һәм өлең ем,
кәдімгі тасқа басқан.
Беу,
нұрлы кеш,
есіңе түсір мені,
Менен,
уа, аулаққа қашпа,
Жас Таң!
Боз бүркіт ем,
жүлде алған бас таластан.
...Қайда сол адал айдын,
аспалы бақ?
Мына тамшы иесі —
басқа бұлақ,
Басқа толқын —
мына жұрт Астана асқан.*

*Мен сендерді көп болды жыр қылғалы,
Әкімі жақсы қала тұрғындары,
Қиялым,
о, қанишама түнді ұрлады.
Бақшанда торғын гүлдер толықси ма,
Ақшамда қаниша күлкі сыңғырлады,
Көшеде дөңгелей ме нұрдың дәні?
Әлі келіп жатыр ма басқа жақтан,
Басқа жұрттың бейкүнә бұлғындары?
Уа, мен де бір адал қорықшы едім,
Бұлғын еді,
о, менің құрбым-дағы.
Ай, дүние-ай,
сайрай ма бұрынғыша
Қаланың қамкөңілдеу бұлбұлдары,
Қайталай ма баяғы бір мұңды әлі?
...Қаниша заман өтті,
о, одан бері,*

*Баяғыша сүймейді тоған мені,
Біздің көл одан бері мың құрғады,
Бұлғындар мен бұлбұлдар бұлдырлады.
...Арғы жағын айтпаймын.
Сау болыңыз,
беу, Алматы қаласы тұрғындары!*

ҚОНАҚТЫҢ СӨЗІ

Иманғали Тасмағамбетовке

*Бұл заманда қағаз, қалам тегін, беу,
Маған қалған бар шаруа — ерінбеу,
яки мына уақытқа желінбеу.*

ҚОНАҚТЫҢ СӨЗІ

Иманғали Тасмағамбетовке

ҚОНАҚТЫҢ СӨЗІ

Иманғали Тасмағамбетовке

ҚОНАҚТЫҢ СӨЗІ

Иманғали Тасмағамбетовке

ҚОНАҚТЫҢ СӨЗІ

Иманғали Тасмағамбетовке

ҚОНАҚТЫҢ СӨЗІ

Иманғали Тасмағамбетовке

ҚОНАҚТЫҢ СӨЗІ

Иманғали Тасмағамбетовке

ҚОНАҚТЫҢ СӨЗІ

*Өлең жазу түк емес қой,
бұл деген —
Алматыны басқарудан жеңілдеу.*

ҚОНАҚТЫҢ СӨЗІ

*Зерделеші өлеңімнің формасын,
уа, аздап артық туған жолдасым!
Мен — оп-оңай ерімейтін қорғасын.
Мына тұста,
торғай болып шыр еттім,
бағзы таныс бұтақтарға қонғасын,
ана тұста,
дірілдедім тоңғасын.*

*Менсінбедім жұпары жоқ гүлдерді,
Қыздарға сәл өкпеледім,
ол да шын.
Ай, қай жұрттың қабағына қарайын,
Алматыны басқармайтын болғасын.*

ҚОНАҚТЫҢ СӨЗІ

*Жұлдыздарды жатыр неге тонап тұн?
Бұлттар жүдеу...
Көргендерім мол-ақ тым,
Ақтөбеден келіп қалған қонақпын.
Мынау — КазГУ мен оқыған,
оған шаң,
о, жолатқым келмейді ғой,
жолатқым...
Жел соққанда құрақ болып желтіндім,
Бұлақ болып көшелерде көп ақтым.
Енді, міне, жарысқұмар тай емес,
Шағын арба сүйреп жүрген тоқ атпын.
Бұл қаланы иегерлік шамам жоқ,
игере алман,
ұғыңыздар,
қонақпын.*

*Алматыны жөндеп бер деп зорлама,
Алматыны өңдеп бер деп зорлама,
Мен емеспін —
ел басқарғыш зор дана.
Көп шаруа, о, иесіз қалмай ма,
Мен жыр жазып отырғанда толғана,
Тәуір өлең жаза алсам ғой онда да...
Бұл қаланы менен де көп сүйетін —
Иманғали әкіміңіз,
сол ғана.
Біздің үлес —
сөз алу ғой қомдана,
Бұл Алматы —
сирек мөрлі жолдама.
Ай, інішек,
адал ұста бөлмеңді,
Тура жолдан адаспаңыз,
молда аға!
Қою бұлттар,
Алатауды торлама,
Суық желдер,
соқпа, уа, долдана!*

ӨЛЕҢ — СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

*Мен,
әрине,
ұшқан құспын алысқа,
Менің төрім —
өсімдігі мол дала.
Мол аспанды меншіктеген шорамын,
Жұлдыздармен жолдаспын
һәм жорамын.
Сонда да, уа, Алматыға қонамын,
Алматыға тілектеспін сонда да...*

31 қаңтар 2008 жыл

АСТАНА. «АҚ ТІЛЕК» ТОЙХАНАСЫ

*Он алты жасымда жоғалтқан
моншақтарымды,*

*Беу, қайдан теріп алам?
Есіме салды сол шақтарымды —
Тұрғыбекұлы Серік ағам.*

*Мен жас қылыш ем, майырылмайтынмын,
Қайнатасыз ба, о, мейлі, пісіресіз бе?!
...Кетіп барады кейінге қайырылмайтын күн,
Астана,
түсінесіз бе?*

*Қараймын, аспан да мұңды,
Мен —
қыздар күтпейтін хаттаймын.
Теріп алғым келеді шашқандарымды,
Таппаймын.*

Астана үндемейді. Не десін?!
Мәлім емес оған менің соқпақтарым.
Өмір, тоқтамайтын кемесің,
Мені де тоқтатпадың.

*Мынау думан — мерзімдік аялдама,
Бет бұр, інім, көңілді тарапқа ана.
Мен —
көп беттік тым ұзақ баяндама,
Қайтесің, парақтама.*

*Қайтесің, алаңдама,
Емеспін мен жібек желкен, жас ұран.
...Мұңдар бар тиесілі маған ғана,
Тойханадан да жасырам!*

БАҚЫТ

*Ұрынғам жоқ ештеңеге,
бас аман,
Шоқ түскен жоқ сезімге.
...Мен де біраз шаруалар жасағам,
Кезінде.*

*Ешкімге де тиіспеймін, тынышпын,
Баяғымды кеш, құрбым.
...Мен шайқасқа жарамайтын қылышпын,
Ескірдім.*

*О, ескірді жолдастарым баяғы,
Біз жылайық, жыласақ.
Басы сайран дүниенің аяғы
Ойран екен,
рас-ақ.*

*Құстар анау бақ ішінде топтасқан,
Мынау жасыл жапырақ.
Айдың күні аمانында от басқан
Біз-дағы бір ақымақ.*

*Біз — өтірік аздап шындық аралас,
Біз — шаң қапқан жылқы-елес.
Бізге күліп қайтесің, о, қара ағаш,
Бұл тіпті де күлкі емес.*

*Сенімсіздеу қарап, әне, тас қала,
Кетті түнге шым батып.
...Не десең де,
уа, бізден басқаға
Бұйырған жоқ бұл бақыт.*

СИЯ

*...Годуновқа боярлардай өтімді,
Хан көтерген Мәскеудегі аз қауым,
Қадырғали Жалаири секілді
Жамиғаттың тауариғын жазбадым.
Жұматай Жақыпбаев*

*Шәр Мәскеу ме,
Хан Керман ба,
басқа ма,
шұбырған жұрт,*

*қыңыр көлік,
тас қала,
жел соғады ауық-ауық жасқана.
Уа, жұлдыздар,
неге сөніп қалдыңдар,
Үндемейсіз сіз неліктен,
Аспан, ә?!*
Уа,
қай жаққа жұқа бұлттар қашты ана,
ұнамай тұр,
уай,
мына баспана,
көкқарын кеш,
тұманбас тұн,
ғаріп таң
әлденеден жалыққан,
су ішіп тұр мұңсыз мәстек арықтан.
...Қадырғали биіңіз сонда қамыққан,
білдіңіз бе,
уа,
Арқадағы Астана!

*Мен —
тамишымын қалған сонда сиядан,
не жас құспын ұшқан ұлық ұядан,
жиі қонам бұлттарға,
жел-сағым боп жиі ағам.
...Әрі жүрсе —
қол басы,
бері жүрсе —
жол басы,
би ұлының теңдесі,
хан ұлының жолдасы,
қайран менің Қадырғали би ағам!
Олай шапса —
түгел найза,
түп қылыш,
былай шапса —
түмен-күмбір,
тұяқ-ән,
бұл да менің би ағам!
...Уа, қарсы ал,
Қазақ-Далам —
Үй-Анам!*

*Өтті, кетті тайқы тірлік,
тыйым күн,
Мен, мысалы,
түпнұсқасы биден қалған бұйымның,
олай ақтар —
дипломат жиынмын,
былай ақтар —
пәлсапалық түйінмін,
тарих жаздым —
тірілттім,
әскер ерттім —
бұйырдым,
жолақ-жолақ жол кештім,
Алатауға орнықтым,
көк Есілге құйылдым,
уа,
жоғалды қия қайғы,
қиыр мұң.
...Мен —
су жаңа шытырлаған теңгемін,
(рас, кейде тиынмын).
Көкбөрі шықсам —
күңгірмін,
Арғымақ шықсам —
үйірмін,
...Кеппеген сиясы мына мен
кешегі Жалайыр Қадырғали биіңнің!*

*Мен — сиямын,
сия болып қалғанмын,
Қасыма кел,
ай-хай, дүние,
арман күн,
Жақындама,
жат уайым,
жалған мұң.
Мен дегенің,
кешегі —
хан таңдаған тұлпармын,
би таңдаған тарланмын,
Түннен оздым,
Таң бардым,
жарық аспанның сәулесін
уысыма толтырып бір алғанмын.
... Ұзара бергей, уа, баба,
сөйтіп сіздерден мына қалған күн!*



**Светкали
НҰРЖАН,**

*ҚР Мемлекеттік
сыйлығының иегері*

Есенғали марқұм құрдасы
һәм қаламдасы Ертай
Ашықбаевқа ылғи да осылай
амандасатын. Онымен де
тұрмай «Ертай сұпы» деп те
атайтын. Мұны естігенде,
Ерекең кеңкілдеп бір күліп
алар-ды. Қарсы жауап
қайырмас. Құрдасының
осынау құрметіне де,
бағасына да рахат күлкісімен
келісім берер де қоя салар.
Бұл, бір қарағанда, көңілі
жошыған Ес-ағаң шайырдың
шалықты қалжыңы сияқты
көрінгенмен, осы екі
айтқанының да астарында
нәзік шындық бар-тын.

Себебі Ертай ақын алдына да, қа-
тарластарына да, кейінгілерге де аса
қадірлі болды. Оның себебі, ең әуелі,
табиғи бекзат талантында, тірі жанға
қиянаты жоқ сұпы-мінез, сыпа жүрісін-
де жатқан. Шынында да, ол намаз
оқымайтын тақуа, құлшылықсыз құсни
құлық иесі-тін. Көкірегіндегі көп қазы-
наны риясыз күлкісімен қымтап жүре
берер-ді. Қазына демекші, сонау бо-
занда ойнаған бота-дәуренімізде өзіміз
құрмет тұтатын ақындар — тоғанақ-
тарына махаббат пен мейірім, сырлы
өнер мен сиқырлы даналық теңдеген
құба нарлар сықылды елестеуші еді-ау.
Олардың әрбірінің қылығын, айтқан
әзілдеріне шейін аңызға айналдырып
алушы едік.

1981 жылы ҚазМУ-ге оқуға түстік.
Біз барғанда көгілжім гүлге тұншыққан
Алматы енді басталған Есенғалидың
«ертегілеріне», әлі басылмаған Шәкиза-
даның «шаңына» Жұматайдың жұмбақ
жымиысымен қарап тұрған таңғажай-
ып бір шақ-тын. Ал «басқан ізі артында
білінбейтін» Ертай ақын туралы ең
алғаш маған мағұлмат жеткізген әбжіл
досым Бауыржан Омаров-тын. Сол
жылы студент ақындардың шығарма-
ларынан құрастырылған «Темірқанат»
атты жинақ шығыпты. Алғашында
қолымызға құрағыта алған ол кітапты
ұзатпай-ақ тоздырып үлгердік. Ондағы
әрбір ақынға Бауыржан екеуміз «сой-
қан» баға береміз. Кейбіріне «үкім»
де шығарып тастайтын болсақ керек.
Бірақ екеуміз де Ертайдың өлеңдеріне
келгенде, әлдебір нәғайып ықылас-
пен, тіпті құпия мінезатпен үңілуші
ек. Оның сырын мизам жібіндей нәзік
иірімдерден, гүл қауызындағы шықтай
тұнық құнардан, құмырдың көмей-
індегі үндей тылсым сырлардан іздеу
керек шығар...

Қош, ұзамай студент атандық,
төртінші курсқа көшкен Ертай ағамыз-
бен де таныстық. Танысқаның не,
қасынан екі елі айрылмас «көлеңкесі-
не» айналдық. Бір қызығы, каралай

қағынып ұрынарға қара таппай, бойы-
на дүлей күштері сыймай буырқанып
жүретін қиыққұлақтардың өздері
Ертайдың алдында мінез көрсете бер-
мейтін. Тағы бір қызығы, Ерекеңнің
курстастары — кілең сақа жігіттер
бізді туған інілеріндей ерекше елжіреп
қарсы алатын. Армяндарша гүжілдеп
сөйлейтін Аманғали Абуяндар «ай-
налайындап» тұратын. «Тапаншалы
Талдыбаев», Жолдасбек Аксақалов,
Темір Құсайынов, Жомарт Игіма-
нов, Бөгенбек Аймаханов, Мырзабек
Бакытов, Мақсот Ізімов... О-о, мен

ақыры қанаңа сыймай, ішкі әлемінді
астан-кестен қылатын. Осы орайда
бір жайт ойыма оралып отыр. Кейінгі
ұрпақ түсінбеуі мүмкін, бірақ алдыңғы
буындар өз алдына, біздің жастық та со-
циалистік реализмнің тар шеңберінен,
советтік цензураның зәр-шеңгелінен
шыққаны бүгінде таңсық емес. Мен
білгенде, асау Фаризаның өзі қызмет
барысында осы темір жүйеден екі
рет соккы алғанын білемін. Бірде өзі
басқаратын «Пионер» (қазіргі «Ақжел-
кен») журналына Жарасқан Әбдірә-
шевтің топтамасын жарияламай ма.

«АСА ҚАДІРЛІ, ЕРТАЙ

бұлардың қайсысымен «сыра ішіс-
педім — сыр ашыспадым» десеңші.
Бой үйретіп алғаннан кейінгі не бір
еркеліктеріміздің өзін заңдылықтай
қабылдап, ертесін «есіміз кіргенде»
каркылдай күліп еске түсіріп отырар-
ды. Тіпті күллі КазГУ-городоктың «әзі-
рейіліндей», бірде-бір шетін әрекетті
назарынан шет қалдырмайтын ОКД
Құрманханның өзі «Ертайдың інілері»
деп, «озан-ән», оданы «өлеңдерімізді»
елемей қоя салатын. Екі жыл соңына
ергенде мен Ертайды екі, жо-ок, үш
жерден көрген жоқпын, бірі — төбе-
лестен, екінші — жатақханаларда сенбі
сайын өтетін дискотекалардан. Сон-
дай-ақ поэзия кештерінде оң қолын
сұлу сермеп қойып:

*Сол болар ұлы ерлігім,
Лапылдап әлі жанамыз.
Миллионермін мен бүгін,
Байлығым сенсің, қара қыз, —*

деп мөлдіретіп өлең оқитын ағамызды
самсаған сұлу қыздардың да жанынан
көрмеп едік дегенге куәлік ете аларым
хақ. Әйтпесе, сұңғақ бойлы, ақсұр
жүзді, мөлт қара шашты әйбәт ақынға
ғашық болған қыздардың баршылық
екенін жақсы білемін. Біздің курстың
серісі Бауыржан Үсенин Ерағаның
курстасы «Көктем қызына» ғашық
болып: «Көктем кепті-ау, көктем
кепті-ау, саған ұқсас қызғалдағы» деп,
аһ ұрып ән шығарып, лап ұрып жыр
шығарып жүргенде, Ерағам ол қызды
қалжың өлеңіне арқау қылғанынан
да хабарым бар. Ал Ертайға арзу қыз-
дар журналистика ғана емес, біздің
филология факультетінде де жетіп
артылатын. Олар да қызға жоламайтын
құпия ақынға деген аяулы сезімдерін
көкірегіндегі жалт пен көзіндегі мөлтке
қымтап жылдардың мұнарына сіңіп
жоғалды-ау. «Қыз» дегеннен шығады,
кейін бәріміз қатысқан бір телехабар-
дан соң Ғафу, Тұманбай, Сәкен Имана-
сов көкелеріміз Тыныштықбек, Ертай,
үшеумізді «қызға қырындамайтын жаңа
типті ақындар» деп те бағалап еді-ау...

Жо-жок, кешірерсіздер, менің
Ертай ағам соншалықты сыпайы көрін-
генмен, өле жуастардың сойынан емес-
тін. Жырлары нәзік болғанмен, өлімін
артқан әлжуаздықтан, көз жасын бұл-
даған жылаймандықтан ада. Ұшықты
ирония да, усойқы сарказм да ақын
жазған жырлардың тамырында тепсініп
жатар-ды. Қапелімде жұп-жұмсақ
жұтылып кеткенімен, «ішке түскесін»
уыты бірте-бірте санаңа жайылып,

Оның ішінде «Көше тәртібі» атты өлең
де жарыққа шығады. Жыр мағынасы:
әуелде ауылдан шыққан, қалаға «көше
тәртібін» білмей келген әке кішкене
баласына, мәселен, Рүстемге жол жүру
ережелерін үйретіп келе жатады.

*«Тізгінді кейде тарт, ұлым,
Ағаттық қылсаң, арты мұң.
Біз болсақ келдік қалаға,
Білместен көше тәртібін», —*
деп мұнаяды.

*«Бұрыштан шыға келетін таксилер-
ден», «апайтөс автобустардан», «бір-
мойын трамвайлардан»* сақтандырады.
Келесі бір шумақ былай өрілген ғой:

*«Беделді көлік, ол да бар,
Алдымен солар жолды алар.
Қағып та кете жаздады,
Қайқиған қара «Волгалар».*

Міне, осы жерден ЦК өздерін
«танып қойып» аттан салса керек.
Неге екенін қайдам, советтік цензура
тәркілеген сол шумақ ақынның кейінгі
кітаптарына енбей қалды біржола...

Фариза апам тағы бір ерлік жасап,
Ертай ақын топтамасындағы «итті жұ-
татын инедей» астары бар қалалық құс-
тар туралы жырын жариялап жібереді.
Лирикалық кейіпкер «қырандардың
ұясын көрмек боп Алатаудың қасына
келеді». Сөйтсе... ол ұяны мүлде басқа
құстар мекендеп алыпты. Сол өлеңнің,
әсіресе:

*...Байғыз отыр заводтың тұрбасын-
да,
Көкек отыр антенна сырғасында.
Орын болмай қалды деп, шың басында,
Отырғызып қояды кіл қасына —
Сауысқандай сұмпайы сырласын да,
Жапалақтай жарымес құрдасын да!*

— деп келетін шумағы тағы да ЦК-ның
көзін көзілдірігінен шығарып жібе-
ре жаздапты! Міне, осынау бейкүнә
жырлардың өзі Фариза апайдың екі рет
«выговор» алуына жетіп жатқан.

Әшейінде:

*...Брежнев, асылзадам, құрметтім,
Сізді... және Қонаевты үлгі еттім.
Өкілімін ду қол соққан дүрмектің,
Мен — күріштің қасындағы күр-
мекпін.*

*Жиналыста көбеңсиді көңілім,
Маған назар аудармайды көп інім.
...Жарыссөзде айта салар ерлігі
Емге де жоқ, ай-хай, менің өмірім!* —
деп келетін, бір қарағанда, мон-
танылау көрінетін жырларының өзін-
де бойыңа біртіндеп даритын улы
шындықтар жасырынып жататын
Ертай ақын, негізі, шындық шырылдап

жатқан жерде шыдап тұра алмайтын-
дардың сойынан. Ондай кезде оны
мүлде танымай қаларың хақ. Бірде еке-
уміз «Әл-Фарабидің» бойынан 66-авто-
бусқа міндік. Әдеттегідей, көліктің іші
самсаған сары орыс. Байқамай аяғын
басып кетсем керек, бір әйел шаптығып
қоя бергені. Сол кездегі қалыптасқан
«өмір салты» бойынша, қарап тұрмай
қалғандары да қосыла шабалап бақты.
Құдды, тауық-кетектеріне бұралқы ит
кіріп кеткендей! Қазаққа деген барша
жеккөрініштері жүздерінде шаңытып

тұр. Сол кезде Ертай кіріссін! Ай, тусан,
ту, Көктем-3-ке жеткенше әлгілердің
шаңын су сепкендей басты-ау!..

Сөйтіп жүргенде студенттік жыл-
дардың да шаңы су сепкендей басылды.
Біздің:

*Бастады маңнан топ тарқай,
Саусаққа салдық сақина.*

*Ақтөбе жаққа кетті Ертай,
Бауыржан болса... — бақиға, —*

деп өкситініміз, көксейтініміз сол
бұлағай балғын шақ, тұмадай мөлдір
шақ...

Ерекең оқу бітіргесін Ақтөбеге
тартты.

*Осы жерде қалып назым, өкпем де,
Бір күні мен Алматыдан кеткенде —
Жылай қалсам вагоныма мінерде,
Мастықтан деп ойлайды ғой*

көп пенде, —
дегізген «Алматыда қалған қызға»
да қайрылмады. Облыстық газетке
жұмысқа тұрды. Ағалық камкорлықты
қараңыз, алғашқы жалақысын алған
бойда маған 25 сом ақша салып жі-
беріпті. О кезде қыруар қаражат. Мен
оны Жұматай-қағанға көрсетейін.
Сонда ғой оның: «Ноян, Ертайға қай-
ыра телеграмма сал. Оған: «Не понял.
Повторите, пожалуйста» деп жаз» деп
күлдіретіні...

Кейін мен де елге кеттім. Жылына
бір рет Аралға, қайыңжұртқа, барып
тұру парыз. Менің бағыма, дәл сол ке-
зде бұрын Қандыағашта қаңтарылып 12
сағат тұратын Алматы жақтан келетін
пойыз ережесін өзгертіп, Ақтөбеге
аялдайтын болған. Аралдан қайтар
жолда Ертай мен Әлімбай Ізбаев
ағаларым, Серік Бермағамбетов пен
Бердібай Кемалов құрдастарым күтіп
тұрады. Бірден билеттерімізді алады да,
жыртып-жыртып қоқысқа лактырады.
Содан Ақтөбедегі «үшкүндік сайран»
басталар! Ерекеңнің Алматыда «қызға
жүзіп жүріп» тең таппай, Ақтөбеде қос
менді ару Күләйға жолыққаны қандай
абырой болған десейші, қашан барсаң
да жүрегінің ыстығы кірпігін дымдап
тұратын қайынапамның дастарқаны,
түзу кеңестің, қызулы елестің дуымен
шалқып жататын. Айтпақшы, Күләй-
мен жұмыстас бір қыз оның Ертайдың
жұбайы екенін білмей, ақынға өлердей
ғашық екенін айтып жылайтыны, оны
қайынапамның қайтіп жұбатырын
білмей қиналатыны да бір қилы кеп
еді-ау...


Осынау неше жылға созылған сәнді
шақ, ыстық қауышу, кимас қоштасулар
сағыныш болып қана қалды көңілде.
Бүгінде әдебиетте, ғылымда, журналис-

тикада өзіндік іздері бар ағеден Әлімбай да, сырлас Серік те, бауырмал Бердібай да жалғанның жүзін жауып әлдеқайда асығыс кетіп қалды...

Ертай ақын көптеген «ауылға кеткен» замандастары құсап газеттің шаңына көміліп қалмады. Ол «балалар әдебиеті» атты жауапкершілігі зор, орындалысы қиын жанрға бет бұрды. «Жаксы баға», «Ашық сабак» кітаптарынан бастау алған іргелі із-

негізінен, ақындар туралы жазылғанын меңземедем. Жалпы, әрбір эссенің құсни жырдай оқылатын табиғатын айтқаным еді. «Ізделетін Ізтай», «Тосын Токаш», «Мұқағалидың шекпені», «Жүмекен ішкен шайдың шипасы», «Сағидың сыры», «Өтежан кешкен өрттің бояуы», «Есенбай әуендерінің әлемі», «Жұматайдың Кенежирені», «Нармаханнның накыштары», «Мейірханның жүректану ілімі», «Есенқұлдың шындығы», «Ғаламға ғашық Әбубәкір», «Ғалымның салбурыны», «Табылдың

АҚАТҰЛЫ!»



деніс «Туған күн» атты өлендер мен жұмбақтардан, жаңылтпаштар мен санамақтардан, ертегі мен тілашардан тұратын үлкен томға айналды. Ал лирикалары жыл аралатып кітап болып шығып жатты. Сонау «Темірканат» пен «Бастаудан» басталған, «Қос мен», «Ұя», «Ғашықтар мектебі», «Қантардағы құс», «Қобыландының қонысы», «Шырақ пен шуақ», «Өлең мен өмір», «Туған күн», «Әскерден келген ұл» атты жинақтары ақын шығармашылығының өлеңнен өлеңге, кітаптан кітапқа шырқаған шабытты шағын әйгілейді.

Арасында поэзияның көлемді жанрларына да қалам сілтеді. Оның «Қобыландының қонысы» поэмасы ақынның ғана емес, күллі қазақ жырының табысы десек, артық бағалау болмас. Тақырыпқа мүлде басқа қырынан келген, бағзы мен бүгінді беттестіріп отырып суреттеген ақын талантына тәнті боласың. Поэмадан сонау сәби шағыңнан етене батырлық жырдың түпкі ақиқаттан бастау алып, ертеңгі шындықпен қауыштыратын астарларын енді танып, «мұны мен бұрын қалай байқамағанмын» деп айыққандарың анық.

Ал ақынның поэтикалық эсселері — мүлде бөлек әлем. Мен мұнда «поэтикалық эссе» деген атауды тегін алып отырғам жоқ. Бұл туындылардың,

әні», т.б. Міне, тақырыптарының өзі өлеңше сөйлеп тұрған осынау мақалалар нәзік штрихтарымен, сәтті детальдарымен, нақты түйіндерімен, тілдік құнарымен, ойлау жүйесінің аса көркемдігімен жүректі баурап алады.

Батыста сонау XVI-ғасырда Мишель де Монтень бастап берген «эссе» жанры басында пәлсапалық трактаттар сыпатында болғанмен, кейін өз ажарын талай түрлендіргені белгілі. Ертай ақынның да алдыңғы ағалары, өз замандастары хақындағы үшбу еңбектері — ергізге жерде қалмас сұлу дүниелер.

Ақын шығармашылығын құрайтын құнарлы бір сала — аудармалары. Оның Джон Китс (1795—1821), Уильям Йейтс (1865—1939), Стефан Георге (1868—1933), Герман Гессе (1877—1962), Хуан Рамон Хименес (1881—1958), Ярослав Сейферт (1901—1986), Пауль Целан (1920—1970), Збигнев Херберт (1924—1998) сынды әйгілі батыс ақындарының шығармаларын төл тілімізде сөйлетуі — туған әдебиетіміздің олжасы. Не нәрсеге де жүрек ымбалымен, жауапкершілікпен баратын Ерағамның бұл аудармалары тәржіма туындылары аталуға әбден тұражақ. Әсіресе 25-ақ жыл ғұмыр кешіп, адамзаттың көркем ой сарайында ойып өрнегін қалдырып кеткен ағылшын ақыны Китс пен испанның ұлы лиригі Хименес поэзиясын

зор махаббатпен аударғаны көрініп-ақ тұр.

Мысалы, Китс:

*Қарап едім шығып, міне, қыратқа,
Көзім тойды тымық әлем-тұраққа,
Табиғатқа тың сурет боп құйылып,
Сансыз гүлдер бас шұғып тұр иіліп,
Ормандағы алаңқайды құп-құрғақ
Астамсынбас ажарымен тұтқындап.
Бұл т тар ж а т ыр ж а й ылуды
ұмытқан,*

Ақ қойлардай жүнін жаңа қырыққан, — деп қазақ тілінде жыр оқыса, өз ақынындай қабылдамайсың ба, оқырман?..

Енді Хименесті тыңдайық:
*Поэзия! Келген кезде таңсәрі
Таңғы шықтың тамып түскен аңсары,*

Күмбез аспан қимастықпен қалдырған

*Ең ақырғы таңғы самал балдырған,
Жаңа жұлдыз, емес сурет жаттанды,*

Ең алғашқы аппақ гүлдер ақ таңғы!
Осынау таңғы шықтай мөлдіреген жырларды оқып отырғанда, ақын өзімен табиғаты туыс, рухтастарды ғана аударуы керек екен-ау деген ой келеді. Сонда ғана жырдың шырайы кіріп, телтума емес, төлтумаға айналып кетер сойды...

Хас таланттың қай-қайсысы да батыс пәлсапашылары айтатындай «tabula rasa» болып тумайды, яки дүниеге енгенде «ақыл-санадан тақыр таза, тәжірибеден жырдай болып келіп, барлық білім-білігін өмір тәжірибесінен» алмайды! Оған ата-жұртының, ана-жұртының сонау түп-бастаудан нәр алған қуат-күші дариды және жамбасына жұккан топырақ та игі әсерін тигізеді. Бұл айтқандарымды бүгінгі ғылым да мойындап болғандай.

Күллі дүние демі жаман дертке тұншыққан 2021-дің жазында «тыныс ашып қайтайық» деген ниетпен бір топ білмекке құмар маңғыстаулық жігіттерді бастап «Алтын Орда — Үш қиян» атты экспедицияға шықтым. Сол сапарда Ертайдың сан жырлаған Бабатайы мен Қайыңдысына да соқтым. Избасарұлы Жиеналы қазіреттің, ақынның ата-анасы Акат Ашықбайұлы мен Шайзада Қасенқызының бастарына арнайы барып Құран бағыштадым. Жиеналы қазірет — қазақтың небір марғаскаларымен, оның ішінде менің де аталарыммен бірге Бұқарадағы «әулиелер ұстаханасы» атанған «Көкілташ» медіресесінде білім алып, «он екі пәнді құтарып» шыққан ғұлама. Ахун-ишаны бакидағы, ақын-илхамы шаһардағы, өзені алқынып, көлі тартылып қалған бір кездегі нулы-шулы қоныс қорысқа айналып құлазып жатыр. Өзеннің өзегі мен құмның көмейінен Қызыл Тұрдалыұлы әншінің «Елдерім-ай, ерлерім-ай» деп еңіреп салған әні естілердей...

Ертайдың «Жарыссөз» атты жырында:

Жазу, сызу — маған қонған бақ, талап,

Дерсіз, бәлкім: «Ал не жаздың, мақтан-ақ».

*Әттең, әкем халық жауы болмапты,
Жазар едім бір поэма... ақтап ап... —* деп, «слишком скромничать» ететіні бар. Әйтпесе, қазақтың барлық «түкті қошқарлары» сықылды, бұл тұқымның да Совет өкіметінен көрген

теперіштерінің шет-шегі жоқ. Атасы Ашықбай «Халық жауы» атанып, суық жақта он жыл тоң қопарған. Нағашы атасы Қасен дін ұстағаны үшін 37-нің қасапханасында опат тапқан. Сөзіміздің басында келтірген, Есенғалидың Ертай досына «сұпы» атын таңып жүргені бекер емес екен.

Ашықбаевты сомдап шығарған тағы бір ұстахана — алдындағы арынды ағалары мен жанындағы дарынды тұрғыластары десек, қате болмас. Ағаларынан үйренсе, қатарларымен жарыса жүріп шындалғаны анық. Оның жырларынан сал Қуандықтың құпия наздарын, ізгу Ізтайдың іздерін, сырбаз Сағидың сиқырлы саздарын, өр Өтежанның өзгеше өрнегін, тұмадай Есенбайдың бұлақ-сынғырын естіп қалып жатсаңыз, топырақтан табысқан, тереннен туысқан тамырластық деңіз де қойыңыз. Ал Есенғали, Ақсұңқарұлы, Ұлықбек, Байбота, Шәкизада, Мәдилердің үн-сарындарымен сәйкестік тапсаңыз — жұтқан өксігі, тұтқан көксеуі бір замандастардың ортақ кеңістіктегі қауышулары деп қабылдаңыз, сонда қателеспейсіз...

Асылы, ғалымдар бастау-тегін тым шүнейттен шығаратын, қазақ шежіресінде алты әлімнің бірі саналатын ақкетелер біздің адай елімен бәсеке-байрағы ортақ жұрт. Жапсарлас жайлаған — жырғалып, қатарлас көшкен — ырғалып.

Әйгілі Шернияз Жарылғасұлы адайдың атышулы Абыл ақынымен үш рет шарпысыпты; Тәжібай қаһарлы Қалниязбен тіресіпті; Жаскелең болса, жорық жырауы Қалниязбен де, Нұрыммен де айкасыпты; Бітеген «қайыртпай кеткен Қашағанның» өзінен «дәметіп» көрген. Осы дулы дүбірлерде қанша ділмар тактақтар жақ сауыспады, қанша күйпаз-шанақтар үн тауыспады?! Бәрі де бір-бір аңыз болып бізге жалғасты. Ал біз, сол дүрлердің тікелей ұрпағы Ертай екеуміз айтыспадық та, шарпыспадық та, ағалы-інілі қалпымызда біріміз алпыстан астық, біріміз жетпіске жеттік...

Өзі айтпақшы:
*Сыйласам да қанша көп алаш ұлын,
Бар, әрине, бөлекше жарасымым —
Есенбай Дүйсенбайдың інісімін,
Светқали Нұржанның ағасымын,* — деп, ағалыққа ақау, інілікке індет жұқтырмай өте шыққанға не жетсін?!

Поэзия атты мұхитқа талайлар қайығы мен кемесін салған. Талайын құрдым жұтты, талайы тасқа соғылып талқан болды, талайы бағытынан жаңылып қаңғып кетті. Ал менің Ертай ағамның ақ желкені дауыл соқса шайқалмай, толқын ұрса тайсалмай, тұман түссе жоғалмай, мұнар басса, адаспай өз Құбыласына қарай маңып барады. Оның кемесі — махаббаттың дарағынан жасалған, желкені — мейірімнің ақ жібегінен тігілген. Сондықтан оның алдынан шыққан шаңқан шындардың өзі даракша жапырағын жаяды, көксіл жартастардың өзі желкенше самалын желпиді.

Бүгінгі жетпіс жастың желкенін керген ағамызға айтарымыз бір ғана тілек: сапарың үзілмесін, аса қадірлі Ертай Ақатұлы!

*Маңғыстау облысы,
Көздіойық қонысы*



Аязби АҚБЕРГЕНҰЛЫ,
Халықаралық ақпараттық
технологиялар
университетінің профессоры

Ақпараттық қоғам үрдісі басты қозғаушы күш ретінде цифрландыруға даңғыл жол ашты. Ол өз кезегінде жасанды интеллект технологияларының жедел дамуымен ұласып, қоғамдық қатынастардың өзгеруіне және ара салмағына шешуші ықпал етуде. Қазіргі уақытта Қазақстан Орталық Азия кеңістігінде цифрландыру бойынша көшбасшы мемлекеттердің бірі ретінде танылып үлгерді. Соңғы жылдары елде тек мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру ғана емес, сонымен қатар Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізу де қарқынды дамып келеді және осы салада заңды құқықтық нормаларды бірізге келтіріп, рәсімдеген аз ғана мемлекеттердің бірі болып табылады.

2026 жыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланғаннан кейін бұл бағыттағы жұмыстар күшейтілетіні және нәтиже беретіндігі еш күман туғызбайды. Осыған орай, жеке-леген сұрақтардың туындайтындығы да орынды. Қазақстан цифрлық технологияның «енгізу» кезеңінен «терең тұтыну» кезеңіне өтті десек, оның басымдықтары қайсы? Мақсатқа жетудегі ақпараттың рөлі қандай, ол дәріптейтін құндылықтар мен мағынаның мәні неде? Осы үрдістегі қоғам мен жеке адамның мақсат-мүдделері қалай тоғысады? Осы сұрақтар төңірегінде сараптама жасау үшін қалыптасқан, ғылыми жүйеленген стратегиялық коммуникациялар тұрғысынан талдау жасаудың реті келіп тұр.

Ақпарат кеңістігінде, яғни коммуникациялық алаңда негізгі үш топтың ықпалы басым екенін жақсы білеміз. Осы басты қозғаушы күштер: мемлекет, яғни саяси құрылымдар; қаржы-экономикалық сектор және қоғамдық күштер, оның басты тұлғасы — жеке адам. Біз акцентті осы үшінші топтың іс-әрекеттері мен мақсат-мүдделеріне түсірсек деп отырмыз. Алдымен, қысқа шолу.

Мемлекеттік деңгей. Қазақстан «шикізат» емес, «цифрлық өнім» экспорттаушы елге айналуы көздеп отыр. 2025 жылы IT-қызметтер экспорты 1 млрд АҚШ долларына жетті, мемлекеттік қызметтердің 54 миллионнан астамы eGov Mobile арқылы көрсетілген. Онлайн қызмет, құжаттар мен анықтамалардың цифрлық көшірмесі заңмен қорғалған. ЖИ тек тренд емес, ел экономикасының тиімділігін арттыратын негізгі құралға айналууда. Alem.ai халықаралық ЖИ орталығы іске қосылып, екі суперкомпьютер кластері (қуаты 3,6 эксафлопс) жұмыс істеп тұр. Мемлекеттік шешімдерді деректерге (Big Data) сүйене отырып қабылдау жүйесі «Smart Data Ukimet» енгізілді, яғни ол арқылы ЖИ мемлекеттік басқаруды жақсартуға, шығындарды оптимизациялау және халықтың мұқтаждығын болжау мүмкіндіктеріне қол жеткізеді. 2024 жылы

қабылданған Жасанды интеллекттің дамытудың 2024—2029 жылдарға арналған стратегиясының басым бағыттары ретінде мұнай-газ, ауыл шаруашылығы, логистика салалары көрсетіліп, нақты межелері белгіленген. Қазақ тілінің ерекшеліктерін, мәдени және этикалық нормаларын түсінетін ұлттық ЖИ моделі Қазақ тіліндегі үлкен тілдік модель (Kaz-LLM) жасау қолға алынды. Елімізде «Әділетті Қазақстан» идеологиясына негізделген «Еститін мемлекет» тұжырымдамасы пәрменділігін көрсетіп келеді, билік — қоғам — жеке адам арасындағы қарым-қатынастар, соның қатарында

видеоойындар (38%) деп көрсетеді, ал сәулет, сән және дизайн (24%) екінші орында. Кино, музыка мен контент өндірісі 15 пайыздық үлеске ие. Креативті субъектілер саны 50 мыңнан асады және олардың 70%-ы — жеке кәсіпкерлер.

Цифрлық орта һәм кеңістік осындай сан салалы болғанымен, олардың тоғысатын да жері бір, ол — адам, жеке тұлға. Қоғамтанушылар бүгінгі күннің басты тұлғасы да, байлығы да адам деген тұжырымды ұсынып жүр. Осы орайда «Қазақ қоғамының басты капиталы — адам» деген тұжырымдама төңірегінде жекелеген ой-пікірлерімді ортаға

кездесіп қалады.

Жасанды интеллект — технология ғана, ол машиналық оқып-үйренуге негізделген мағлұматтар базасымен байланысты жаңа шешімдерді ұсынатын құрал деп бағалаймыз. Қазақ тілінде калька аудармасы кең қолданылып жүр. Дегенмен, осы аударма дәл деп айта алмаймын. Технология үлкен мағлұматтар қорынан деректі алып, сіз жүктеген, үйреткен көздерді қайта екшеп, тазартып түрлендіріп, жаңа нәтиже беретіндігін ескерсек, терминді «құрастырушы зерде» деп қабылдағанда әлдеқайда дәлірек болар еді. Сондықтан да «жасанды интел-


САНАҒА СЕРПІН БЕРЕР ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

ақпаратпен бөлісу жақсара түсуде. Бұл жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға жол ашатын қадамдардың бір парасы ғана.

Қаржы — экономикалық, инфрақұрылымдық деңгей. Соңғы жылдары елдің инфрақұрылымына жұмсалған қаржы өз тиімділігін көрсетуде, логистикалық хабқа айналдық, байтақ жеріміз тоғыз жолдың маңызды тораптарының бірі ретінде даму динамикасын көрсетуде. «Astana Hub» халықаралық IT-стартаптар технопаркі еліміздегі инновациялардың орталығына айналды. Қазақстандық финтех өзінің «Super-App» қолданбаларымен жекелеген дамыған елдердің алдына шықты, қаржы саласында үздік үлгіні қалыптастырды. Алматыда жұмыс істеп жатқан «Higgsfield AI» сияқты креативті индустрияға бағытталған инновациялық стартап өмірге келді және ол бейне-генерация саласында әлемдегі алпауыттарға нақты бәсекелес болып, жаңа ортада табысқа жетуге еш кедергі мен шекара жоқ екенін дәлелдеп берді. Инвесторлар назар аударып, қаржы салатын бағыттардың қатарында қазба байлықтар, өндіріспен қатар туризм, банк және IT мен дата-орталықтар аталууда. 5G сияқты байланыс технологиялары басымдыққа ие болып, ақпарат кез-келген нүктеге жедел жететін болды. IT мамандарын даярлайтын оқу орындарының қатары өсті, цифрлық сауаттылықты дамытуға арналған орталықтардың жұмысы жанданды.

Тұрмыстық деңгей (Lifestyle). Цифрландыру әр отбасына, тұрмыс сапасына да шешуші ықпал етуде. Қаржы мен қызмет көрсету саласында QR-код арқылы аударымдар жаппай қолданысқа енді, тұтынушы үшін де, кәсіпкер үшін де қолайлы жағдайларды қалыптастырды. Жүріп тұру, жолға билет алу, затты жеткізу, тағам алғызу сияқты іс-әрекеттердің барлығы қысқа уақытта цифрлық әмиян арқылы жүзеге асатын болды. Тіпті тұтынуған электр жарығы, ауыз су мен газ үшін акы төлеу де цифрға көшкен, қашықтан ақпарат жинайтын ақылды есептегіштер жаппай енгізілуде. Ауылдағы ата-әжесі оқудағы немересімен бейнеқоңырау арқылы күнделікті тілдесетін жағдайға жеттік.

Шығармашылық өндіріс. Аталған деңгейлердің үшеуіне де қатысы бар, дегенмен ел болашағы үшін маңызы зор салалардың бірі креатив болып табылады. Қазақстан экономикасындағы креативті индустрияның үлесі қазір 1%-ды құрайды және бұл сектор 150 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Ресми статистика ең үлкен үлеске ие IT және



салудың реті келіп тұр.

Таяуда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған жаңа Конституцияның 1-бабында «Мемлекеттің ең жоғары құндылығы — адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» екені нақты көрсетілсе, 3 бабтың 2 тармағында «Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп танытындығы» тұжырымдалған. Жаңа Конституцияның басты философиясы — мемлекеттің функцияларын адам құқықтары мен бостандықтарына қызмет етуге бағыттау. Егер бұрынғы жүйеде мемлекеттік мүдде бірінші орында тұрса, қазіргі бағыт «Адам — Қоғам — Мемлекет» иерархиясына негізделген. Осы биік мұраттарға жетуге жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану бүгінгі күннің кезек күттірмес міндеттерінің бірі.

Бүгінгі цифрлық құралдар, соның ішінде Жасанды интеллект — тек технология ғана, яғни адамға қызмет етуші аралық дәнекер. Данагөй әлеуметтанушы Маршалл Маклюэн оны өткен ғасырдың 60-жылдары «медиа» деп сипаттап берген еді. «Адам ойлап тапқан, тұрмысына енгізген заттардың бәрі коммуникация һәм медиа, яғни табиғат (жаратылыс) пен адам арасындағы дәнекер, адамның сыртқа кеңеюінің көрінісі», — дейді данышпан ғалым. Жаңа технологиялардың пайда болуымен медиа орта да өзгереді, адамдардың күнделікті іс-әрекеттері, дағдысы мен талғамы да жетіледі, тіпті ойлау жүйесі де жаңа сапаға ие болады. Міне, сол айтқандай, Жасанды интеллект бәрін жаулап алады, адам еңбегін ығыстырады, тіпті шектен тыс қабілетке ие болып, жүгенсіз кету қаупі бар деп байбалам салушылар да арақидік

лект» атауымен қатар синоним ретінде «жасалған зерде» сөзін қатар қолдануды ұсынған болар едім. Тіл мамандары уақыт өте келе біреуін ресми термин ретінде бекітіп берер.

Сәуегей Маршалл Маклюэн технологияның адамдар қолданатын жай ғана өнертабыс емес, ол **адамдардың жаңадан жаратылу құралы** екеніне назар аударады. Жаңа ақпараттық технологиялар есігімізден кіріп, төрімізге озып тұр! Ендеше, оны жатынбай, өз ырқымызға көндіріп, дұрыс қолданып, табысты іс пен қарқынға жаратқанымыз жөн. Жасанды интеллект — технология ғана, қалай қолданасын, нәтиже соған байланысты. Өткір пышақты дұрыс ұстамасаң қолыңды жарақаттап алуың мүмкін! Беймәлім құралдар да сол сияқты, үйрен, зертте, жаңа машықтарды, өз әдіс-тәсіліңді қалыптастыр.

Міне, осы арада шығармашылық өндіріс (creative industry) деген ұғым алдыңғы қатарға шығады. Жер асты байлықтарын қазып алып, тазартып, өңдеп, зат жасау емес, адамның ақыл-ойын, қиялының жүйріктігін, іскерлігін қолданып та жаңа өнім жасауға болатындығын, табысқа жетудің бір жолы екендігін уақыт дәлелдеп беріп келеді. Қазақстан да креативті индустрияның дамуын қолдап, арнайы заң қабылдады, экономикалық алғышарттарын қалыптастырды, жеңілдіктерді қарастырды, басқа да кен мүмкіндіктерге жол ашты. Ендігі жерде оның дамып, жетілуі адамдардың, жеке тұлғалардың қолында. Әлеуметтанушылар цифрлық трансформациялардың басты қозғаушы күші — цифрлық белсенді азаматтық қоғам деп тұжырымдайды.

(Жалғасы келесі санда)



— *Қазына Аймағамбетқызы, келе жатқан 90 жылдық мерейтойыңызбен және жаңа кітабыңыздың жарық көруімен құттықтай отырып, сізге мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін. Сіз 60 жылға жуық ғұмырыңызды жаратылыстану ғылымына, жоғары және жалпы білім беру саласына арнап, 100-ден астам оқулық пен оқу-әдістемелік құралдарын жаздыңыз. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру саласына да сүбелі еңбегіңізді сіңірдіңіз. Таяуда «Өмір өткелдері» атты ғұмырбаяндық кітабыңыз жарық көріп отыр. Білгіміз келетіні, осы көркем прозаға қалам тартуға не түрткі болды?*

— Өмір жолымды оқырмандарға таныстырмақ болған ниетіне ризашылығымды білдіремін. Менің көңілімді қатты толқытатын, әсер ететін әрекеттер жадымда жатталып тұратын. Сол туралы жазғым келетін. Алғаш рет «Төркінім» деген әңгіме жаздым. Өз жеріме төркіндеп барғанда ел-жұртымның құшақ жая қарсы алған ақжарқын ниетін көрдім. Бірақ әлі де болса өзгертуді керек ететін ауыл тұрмысы мен мәдениетінің ақсап тұрғаны мені толғандырып, соны қағаз бетіне түсірдім. Сол кездегі Орталық комитеттің органы болған «Мәдениет және тұрмыс» журналына шыққан материал қаралмай қалмайды екен. Ауылыма біреуі Ырғыздың суына байланысты, екіншісі жерді көгалдандыру мәселесімен екі комиссия барды. Мақаланың ықпалымен сол кезден бастап Ырғызда ағаштар отырғызылды. Қазір ауыл тұрғындары мен балалар қыдыратын жасыл саябақ бар.

Бірде мұғалімдер жайында «Сенің мұғалімің қандай еді?» деген рубрика шыққан кезде өзім оқыған бастауыш мектебім жайлы жазған мақалам жарық көрді. Бастауыш мектептің бірінші класына соғыс кезып тұрған кезде — 1943 жылы бардым. Мектебімізді ағартушы Ы.Алтынсарин салдырған еді. Ұзақ жылдан бері жөндеу көрмеген, керегесі мен едені жарықшақтанып жарылып кеткен ескі еді. Әрине, мұндай кемшіліктер ол кездерде көптеген елді мекендерде кездесетін. Мақаламда сол кезеңдегі мұғалімдер мен оқушылардың қарым-қатынасы, тәрбие мәселесі, бойындағы барын берген ұстаздарым жайлы қалам тарттым.

Анамның қамқорлығы мен тәрбиесінің арқасында, қыз бала болғасын, отбасы тұрмыс-тіршілігінің сан қырын аңғарып өстік. Есейе келе, әлі де болса ел ішінде ана мен қыздың, келін мен ененің ортасында кездесетін, көзге көрінбейтін көптеген қиыншылықты байқадым. Ойлана келіп осыны «Анамның әңгімесі» деген атпен өзімнің елімдегі болған жағдай сияқты етіп жаздым. Алайда образды соншалықты дәл бергенім сондай, жұбайым Әлім бірден түсініп: «Байка, мені де жазып қойма», — деген еді өзілдеп.

Кейде жакын дос болып кеткен адамдармен қарым-қатынасымызда, көңіліме ерекше еткен оқиғалар болса, соны да қағазға түсіруге тырыстым. Мысалы, «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы, көрнекті журналист Ұзақ Бағаев туралы да әңгіме жаздым. Осылайша, ғылыми еңбектермен қатар көркем шығармаға да үйір бола бастадым.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, белгілі ғалым, «Құрмет» ордені мен жоғары оқу орындарының «Үздік оқытушысы» атағының алғашқы иегерлерінің бірі Қазына Аймағамбетова 2027 жылы 90 жасқа толады. Сонымен қатар ғалымның «Өмір өткелдері» атты ғұмырбаяндық кітабының жарық көруі оқырмандар арасында да айтулы оқиғаға айналды. Мерейтой алдында ұлағатты ұстазбен кездесіп, әдеби көркем шығарманы жазуға қалай келгені жайлы, ондағы көтерілген мәселелер, жалпы ғылым мен білім жолындағы еңбегі туралы сұхбат алудың орайы келді.

Қазына АЙМАҒАМБЕТОВА, ғалым, ұстаз:

БІЛГЕНІҢМЕН БӨЛІСУ — БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

— *Қазір адами құндылықтардың «құнсызданған» ғасырында өмір сүріп жатқандаймыз. Сіздің кітабыңыздың кейіпкерлері — шынайы өмірден алынған қарапайым жандар. Өмір жолыңызда қандай адамдарды өзіңізге үлгі тұттыңыз, олардың қандай қасиеттерін дәріптер едіңіз?*

— Негізі маған мықты тәрбие-тәлім берген, жігерімді жаныған әкем деп есептеймін. Әкем жастайымнан мені қасынан тастамай ертіп жүрді. Мен кәдімгі атқосшы бала болып, 25-30 шақырым жердегі Ырғызда сойылатын мал дайындау мекемесіне баратынымыз. Сол жерге бару үшін әкем менің демалысқа шыққанымды тосып отыратын. Қысқы, көктемгі оқушылар демалысы кезінде міндетті түрде мал айдаймыз, жазғы демалысымды сол жұмыстың соңында жүріп өткіземін. Қыс болса, өзі терең әрі әдемі «күйме шана» деген болады. Әкем оған міндетті түрде қос ат жегеді. Сол кезде еркек балаша отырып, делбелеп ат айдауды үйрендім. Жаз болса екі аяқты әдемі тарантасына отырамын. Барған жерімде арбаны доғарып, атты жайлап, қаңтарып қоятынмын. Сегіз-тоғыз жасымда соның бәрін өзім істей бердім, өйткені әкем соған үйретті. Маған әкемнің: «Сен осындай боласын» деген көтермелеу сөзі көп әсер етті. Ешқашан «қыз баласың, сен былай тұр, олай жасама» деп қақпаламады. Ол кісі төрде отырса, мен жанында отыратынмын. «Менің бұл балам ерекше болады, халықтың алдында сөйлейтін болады» деп мені жұрт алдында ылғи көтермелеп отыратын. Осыдан келіп, үлкен өмірге қадам басқанда «мен төмен болмауым керек, өмірден өз орнымды алуым керек» деген ой көкірегінде күмбірлеп, бастаған ісіне қозғау салып тұрады екен. Шешем — өте ақылды, жұрт арасында қолы ашық, мырза атанған адам. Кітабымда анамды қазақтың нағыз саликалы бәйбішесі ретінде сипаттадым.

— *Көркем туындыңызда жаратылыстану ғылымдарына ерекше сүйіспеншілігіңіз туралы жазған екенсіз. Алайда педагогтердің барлығы ғалым бола бермейді. Сіздің ғылым жолын таңдауыңызға не себеп болды? Осы жолдағы алғашқы қадамдарыңыз, ғылыми қалыптасуыңызға әсер еткен ұстаздарыңыз жайлы айтып берсеңіз.*

— Мен өзімді ғылымда жолы болған адам деп есептеймін. Қарапайым да қазақы тәрбиелі отбасынан шықтым. Ата-анамнан «Сен ертен ғалым боласың, ғылыммен айналысасын» дегенді естіген жоқпын. Тіпті «аспирант» деген сөзді жоғары оқу орнына түскенде бірінші рет естігенмін. Менің «жолым болды» дегенім, Абай атындағы педагогикалық институтты бітіргеннен кейін бірден Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтына жұмысқа тұрдым. Осы ғылым ордасында бұрыннан істеп келе жатқан атақты академик Әбдіхамит Ібниязұлы Сембаев бастаған ғалымдар болды. Солардың барлығы өте бір керемет зиялы адамдар еді. Мысалы, Сүлейменов деген ағамызға бірінші жазған мақаламды қорқа-қорқа көрсеткенімде, әуелі қып-қызыл қып қателерін шығарып, сөйлемнің келіспейтін жерлерін түзеп бергенде әбден ұялып едім. «Ұялма, қызым, ғылыми стиль деген болады, осыдан үйренесің», — дей отырып көрсетті. Кейін біртіндеп дағдыланып, жазып, үйреніп кеттім.

Менімен бір кабинетте отыратын Ажар деген апай болды, өзі менен он-он бес жас үлкен адам. Көп жыл мектептерде сабақ беріп, зерттеу жұмысын жүргізіп, ғылыми еңбектері жарық көрген. Ол апайым да жанына шақырып: «Мына жері осылай болуы керек», — деп түзеттіретін.

Ең керемет қолдаушым профессор, биология ғылымының докторы Борис Васильевич Муханов деген институт директорының орынбасары болды. Мен 1961 жылы жұмысқа қабылданып, істеп жүрдім. Алты-жеті жылдан кейін 1968 жылы кабинетіне шақырды. Бардым. Жасым әлі отызға тола қоймаған шағым. «Қазына, бастауыш кластарға «Табиғаттану» деген пән жаңадан енгізіліп жатыр, сен автор боласың» дегенде қорқып кеттім. «Борис Васильевич, мен оны қалай жазам?» «Ештеңе етпейді, мен саған кеңес беремін. Бұрынғы шыққан оқулықтарды алып таныс. Мәскеуге В.И.Ленин атындағы кітапханаға іссапарға жібереміз», — деді. Осылайша, маған туған бауырымдай қарым-қатынас жасап, демеу көрсетті.

Біздің кезімізде тәжірибелі, білімді ғалымдар білгені кейінгі жастарға үйретіп, күрделі мәселелерді жалықпай отырып түсіндіретін. Қазіргі кезде байқап қаламыз, білімді адамдар жас ғалымдар мен мамандарға тым жоғарыдан қарайтындай. Құндылық — білмегенді білдіру, сезбегенді сездіру, өзінің жинақтаған тәжірибесін жаңадан өсіп келе жатқан жас маманға үйрету. Осы құндылықтар біздің кезімізде де болды. Мен осындай қолдаудың арқасында табысқа жеттім деп ойлаймын. Егер «Құдайға шүкір, күйеуім бар, бала-шағам бар, осы жетеді» десем, қатардағы мұғалімнің бірі болып қалар едім. Мені алға сүйреген — біліммен қоса, жігер мен намысым деп ойлаймын.

— *Ұзақ жыл Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде доцент, кафедра меңгерушісі, факультет деканы қызметтерін атқардыңыз. Осы жылдарда білім саласын реформалауға да қатысқаныңыздың шет жағасын білеміз. Өзіңіз білім саласын жаңғыртуға қандай үлес қостым деп ойлайсыз?*

— Қызмет барысында ғылыммен тікелей айналысқанымда кездескен қиындықтарды айтып жеткізе алмаймын, бірақ ғылымға қосқан үлесім де, енгізген жаңалықтарым да аз емес. Соның біріншісі, бастауыш кластарға арнап жазылған жаңа буын оқулықтарының алғашқы авторларының бірі болдым. Жоғарыда айтып өттім, еліміздің бастауыш кластарында бұрын «Табиғаттану» пәнін аударма оқулықпен оқытатынбыз. Енді жағдайдың өзгеруіне байланысты бастауыш мектептің 2,3,4-сыныптарына арналған алғашқы оқулықтарымызды құрастыруға кірістік. Содан кейін баспадан шыққан оқулықтарымды бүкіл Қазақстанның қазақ, орыс, ұйғыр мектептері 50 жылға жуық уақыт пайдаланды.

Ғылыми-зерттеу институтында істегенімнің пайдасы әрбір жазылатын дүниеге ғылыми тұрғыдан баға беруге қалыптастырды. Кейін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына жұмысқа келгеннен соң алты жүзге жуық ауылдан келіп студент атанған қыздар тұратын жатақханаға көңіл аударма бастадым және

жиырма төрт студентті жарты жүктемемен қызметке алдым. Бұл болашақ мамандарды жауапкершілікке баулудың амалы еді. Келесі жаңалығым, декан болғаннан кейін педагогикалық училищені бітіріп келген қыздар үшін үш жылдық оқудың негізін салуым болды. Бірде комиссияға педучилишенің маманды өте жақсы дайындайтынын, олардың күнделікті сабақ жоспарын жасайтынын, институт педагогика теориясын көп оқытса, педучилишенің практика жағына озық тұрғанын дәлелдеп бердім. Келген

комиссия ұсынысымды қолдап, коллегияға қарауға құжат дайындатты. Бірақ кейбір коллегия мүшелері «Екі жыл деген не сұмдық? Үш жыл жарайды» деп, педучилишеден кейін үш жылдық оқу мерзімі бекітілді. Осы жаңалық менің ұсынысыммен алғаш рет Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында жүзеге асырылды. Қазіргі күнде бүкіл Қазақстандағы педагогикалық жоғары оқу орындары осы үлгімен жұмыс істейді.

Білім саласына тағы бір енгізген өзгерісім сараланған диплом беру болды. Мұғалімдерден құрылған комиссия үздік оқытындарды үшінші курстан бастап педагогикалық училищеге жіберетін болып шешті. Олардың алдына жеке міндеттер қойдық. Нәтижесінде, үздік бітіргендерге «мектепке дейінгі ұйым әдіскері, педучилище оқытушысы», жақсы оқытындарға «мектепке дейінгі ұйым әдіскері және тәрбиеші» біліктілігін бердік. Кафедрада үздік оқытын, ғылыми жұмысқа бейім студенттерді іріктеп алып, практикалық сабақтар бергіздім. Сосын бірте-бірте тақырып ұсынып, жетекшілер тағайындап, өзім дайындап, үш жылда ғылыми жұмыстарын қорғап шықты. Алты жылдың ішінде кафедрадағы сабақ беретін оқытушылардың ғылыми дәрежесінің деңгейі 95%-ға жетті. Ол кездері енгізген жаңалықтарыма патент алу дегенді білмеппін. Алайда осы ендірген еңбектерімнің арқасында есімімді Қазақстанның «Алтын кітабын» жазды.

— *Отбасыңыз бен қызметіңізді қатар алып жүрдіңіз, ғылым мен білім саласында еңбек етіп, ұлағатты өмір сүріп келесіз. Өткен өміріңізге көз жүгіртіп көрсеңіз, ең маңызды кезеңдеріңіз қай тұс болды? Ұстанатын өмірлік ұстанымыңыз қандай? Қазіргі жастарша айтсақ, бақытты өмірдің формуласы бар ма?*

— Адам өмірінің әр кезеңі өзінше жақсы. Мысалы, ең керемет кезеңімнің бірі — балалық шағым. Студент кезім де қызықты өтті. Өйткені жаңа орта, үлкен қала... басқа деңгейдегі тәрбиені көрдім. Адамның отбасын құрған кезеңі, қалай айттайын, қиындық деп айтуға болмайды, бірақ өмірдің ең күрделі тұсы екен. Себебі жаңа жерге келіп, бейтаныс адамдармен тіл табысып, жаңа туыстардың көңілін тауып, келін ретінде сыйысып, бір үйдің отын тұтатып, дастарқанына ие болу оңай дүние емес. Менің күйеуім де ғылым кандидаты еді. Қайын атам өте құрметті адам болды. Кезінде Ы.Алтынсариннен оқыған азаматтардан білім алған. 1937 жылы «Құрмет белгісі» орденін М.И.Калининнің қолынан алған. Қазір ол кісінің атында Торғай жерінің Амангелді ауданында 12 жылдық мектеп бар.

«Қарағым, жақсылық жасағаннан жан болмайсың, қолыңнан келсе, жақсылық жаса. Бірақ біреуге жақсылық жасау үшін әуелі өзің адал болуың керек» дейтін әкемнің сөзі өмірлік ұстанымыма айналды. Бала-шағаммен қоса шәкірт тәрбиеледім, соларға жол көрсеттім, олардың жетістіктеріне қуандым. Мүмкін, шынайы бақытым осы болар...

Сұхбаттасқан
Салтанат МОЛЖОТҚЫЗЫ,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің PhD докторы



ҒЫЛЫМ КҮНІНДЕГІ ҚОС ҚУАНЫШ

12 сәуір – Ғылым күні қарсаңында ғылымның әр саласында жемісті қызмет атқарып жүрген ғалымдардың еңбегі еленіп, бірқатарына мемлекеттік және ведомстволық мәртебелі марапаттар ұсынылды

Атаулы күндегі басты қуаныштардың бірі Мемлект басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен шығыстану ғылымына қосқан елеулі үлестері және филология саласының қытайтану бағытын терең зерделеп, қазақ тарихына қатысты тың деректерді жинақтауға, мәдени құндылықтарымызды насихаттауға, екі ел арасындағы тарихи байланысты нығайтуға сіңірген айрықша еңбектері үшін Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, акын Дүкен Мәсімханұлына III дәрежелі «Барыс» орденімен, сондай-ақ ғалым, филолог Айнұр Әбиденқызына «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы табыс етілді.



● 23 СӘУІР – ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Астанадағы Президенттік орталықта ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен «Ұлттық кітап» республикалық байқауы жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бекітілген «Ұлттық кітап күні» аясында ұйымдастырылды.



Салтанатты жиын Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаевтың құттықтау сөзімен ашылды.

«Мемлекет басшысы әрдайым қоғамда кітап оқу мәдениетін дамытуға ерекше мән береді. 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Президент «Кітап оқитын ұлт» тұжырымдамасын ұсынған еді. Аталған тұжырымдама негізінде былтырдан бастап 23 сәуір — «Ұлттық кітап күні» болып белгіленді», — деді Арман Қырықбаев.

Сондай-ақ Президент көмекшісі алдағы екі аптада Мемлекет басшысы кітап оқу мәдениетін кеңінен насихаттауға және зияткер ұлт қалыптастыруға бағытталған арнайы Жарлыққа қол қоятынын жеткізді.

Іс-шараға Парламент депутаттары, белгілі акын-жазушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ кітапхана басшылары қатысты.

«Ұлттық кітап» республикалық байқауы отандық авторларды қолдауға, баспа ісін дамытуға және қазақ әдебиетінің, руха-

ниятының дамуына бағытталған. Биыл байқауға 32 баспадан 155 өтінім түсті. Қатысушылар соңғы екі жылда жарық көрген отандық авторлардың шығармаларын ұсынды.

Жеңімпаздар тоғыз номинация бойынша анықталды. Олардың қатарында «Балаларға арналған үздік кітап», «Үздік комикс», «Нон-фикшн бағытындағы үздік кітап», «Детектив жанрындағы үздік кітап», «Сатира жанрындағы үздік кітап», «Үздік иллюстрациялық кітап», «Үздік аударма кітап», «Фантастика жанрындағы үздік кітап» және «Үздік баспа» бар. Сонымен қатар «Жыл кітабы» аталымы бойынша жеңімпаз есімі белгілі болды. Бұл марапат Абай Құнанбайұлының кара сөздері негізінде жазылған «Ұрпаққа өсиет» кітабы үшін Гүлмира Амандыковаға табысталды. Барлық жеңімпазға ақшалай сыйлықтар берілді.

Салтанатты рәсім аясында еліміздің түкпір-түкпірінен келген кітапханашылар мен баспа саласының өкілдері «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен және «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

ЖАСТАР МҮДДЕСІН КӨЗДЕГЕН ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА ЖОБАСЫ

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығында жастар ортасындағы негізгі өзгерістер мен мемлекеттік жастар саясаты саласында талдау жүргізудің жаңа бағыттарына арналған «Қазақстан жастары – 2026» Ұлттық баяндамасының құрылымын зерделеу мақсатында сараптамалық жиын өтті.



Мемлекеттік органдар, сарапшылар қауымдастығы, зерттеу орталықтары, халықаралық ұйымдар, үкіметтік емес сектор мен жастар бірлестіктерінің өкілдері қатысқан басқосуда бекітілгендей, құжатты әзірлеуде, ең алдымен, Мемлекет басшысы айқындаған Қазақстан Республикасының ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары аясында белгіленген нарративтер ескеріледі. Мамандардың пікіріне сүйенсек, жастарға қазіргі заманның үрдістері ықпал етпей қоймайды. Жиында бұл ахуал да қозғалып, демографиялық жағдай мен жаһандық жаңашылдықтар да талқыға түсті. «Жастар саясаты – 2026» Ұлттық баяндамасы – Мемлекет жастарының қажеттіліктері мен сұранысын, мүддесін айшықтауға бағытталған құжат. Осы жылғы баяндамада заман талабына орай креативті экономика,

киберқауіпсіздік пен жастардың мәдени құндылықтары басты назарда болмақ. Сауалнамаға әр өңірден 2 мыңға жуық жас қатысады деп болжайды мамандар.

«Мұндағы ең басты мақсатымыз – мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, жастармен қалай жұмыс істеу керегін, өмірлер арасында жастарға қатысты қандай тенденциялар мен динамикалар барын анықтап, проблемаларды дұрыс шешудің жолдарын қарастыру, сол негізде ұсыныстарымызды жіберу», — дейді «Жастар» ғылыми зерттеу орталығының директоры Гүлісхан Нахбаева.

Жалпы, «Қазақстан жастары» Ұлттық баяндамасы 2013 жылдан бері «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы тарапынан жыл сайын дайындалып келеді. Биыл бұл құжаттың 14-Ұлттық баяндамасы әзірленіп жатыр.

ЖАЗУШЫ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Жуырда Ұлттық кітап күні Қазақстан Жазушылар одағының кітапханасында Мемлекеттік сыйлықтың иегері Кәдірбек Сегізбаевтың 85 жасқа толу мерейтойы қарсаңында жазушының шығармашылығына арналған кездесу кеші өтті.

Кездесуге Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен педагогикалық колледж студенттері қатысты.

Студент жастарға Қазақстанның халық жазушысы Бексұлтан Нұржекеұлы мен ғылым докторы, профессор акын Зуфар Сейітжанов жазушының шығармашылығы туралы кеңінен әңгімелеп берді.

Кеш соңында жазушы Кәдірбек Сегізбаев өзінің шығармашылығы мен өмір жолына шолу жасап, студенттердің сұрақтарына жауап қайтарды.

Өз тілшіміз

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Электрондық еңбек биржасында мүгедектігі бар адамдарға жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілердің тізбесі жарияланды. Бұл жылы мүгедектігі бар адамдар үшін 16 мыңнан астам жұмыс орны квоталанды. Еңбек министрлігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, 2026 жылы квота 2,6 мың жұмыс берушіге белгіленген және 16,7 мың жұмыс орнын көздейді. Бұл – мүгедек азаматтар үшін жұмыс табудың, тұрақты табыс табудың және өздерінің кәсіби әлеуетін іске асырудың нақты мүмкіндіктері.

Квоталауға қатысатын жұмыс берушілердің тізбесі аудандар мен қалалар бөлінісінде электрондық еңбек биржасында жарияланды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев қазіргі уақытта елімізде шамамен 752 мың мүгедектігі бар адам тұратынын айтқан болатын. «Бүгінгі күні елімізде шамамен 752 мың мүгедектігі бар адам тұрады. Бұл жалпы халық санының 3,7%-ы құрай-

ды. Оның ішінде шамамен 56%-ы еңбекке қабілетті жастағы адамдар, 29%-ы — зейнеткерлер, 15%-ы — балалар. Биыл мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жиынтық шығыстар 1,1 трлн теңгені құрайды», — деді Асқарбек Ертаев Үкімет отырысында. Инклюзивті қоғамды оңтайландыру, мүмкіндігі шектеулі жандарды жан-жақты қамтамасыз ету бүгінгі уақыттың басты талабы болып тұр.

МӘЖІЛІСТЕ ИНКЛЮЗИВТІ САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

21 сәуірде облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Үкімет отырысынан кейін инклюзивті саясатты іске асыру шаралары және бірқатар өзекті мәселелерге қатысты мәжіліс өткізді. Аталған мәжіліске селекторлық режим арқылы қатысып, мәжілістен кейін күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктедік.

Бүгінде ауданда мүгедектігі бар 3383 азамат тіркелген. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасы қабылданғанын айтып, тұжырымдама ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер сапасын арттыру және кедергісіз орта құруға бағытталғанын жеткіздік.

Осыған сәйкес ауданда ерекше қажеттіліктері бар адамдардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етумен қатар, инклюзивті білімге қолжетімділігін арттыру, тұрғын үй жағдайын жақсарту,

мәдени және спорттық іс-шараларға қатысуына жағдай жасау, кедергісіз орта қалыптастыру бағытында тиісті сала басшыларына қатаң тапсырмалар жүктелді.

Мәжілістің күн тәртібінде көктемгі әскерге шақыру науқанының ұйымдастырылуы мәселесін де қарадық. Қазіргі таңда белгіленген жоспардың орындалуы төмен деңгейде екенін айтып, бірқатар ауылдық округтерден жұмыс мүлде жүргізілмегенін қатаң сынға алдық. Жауапты тұлғаларға жастарды әскерге шақыру жұмыстарын күшейтіп, көрсеткіштерді қысқа мерзімде орындауды тапсырдық.

Жиында ауданның санитарлық тазалығы мәселесіне қатысты аудан орталығы мен елді мекендердегі тазалық жұмыстары бойынша кемшіліктерді атап көрсетіп, анықталған кемшіліктерді қысқа мерзімде жою жөнінде тапсырмалар бердік.

Жиын қорытындысымен мәжілісте берілген әрбір тапсырманың орындалуы тұрақты бақылауда болатынын ескерттік.

Алмасбек ЕСМАХАНОВ

ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ ҮШІН АУЫР ҚАЗА

Қазақстан Жазушылар одағының Төрағасы, құрметті Мереке Құлкенов мырза!

Түркі әлемінің ұлы ойшылы, көрнекті ақын Мұхтар Шахановтың мәңгілік сапарға аттанғаны туралы хабарды қатты қайғырып қабылдадым.

Шаханов тек Қазақстан халқының ғана емес, бүкіл түркі дүниесінің ортақ ар-ожданы, асқақ үні еді. Халқының рухани тамырынан нәр алған ол өз шығармалары арқылы түркі бірлігі мұратына және бауырлас халықтар арасында жібек көпір орнатуға қызмет етті. Мұндай алып бәйтеректің өмірден өтуі – әдебиет әлемі үшін орны толмас үлкен қаза.

Түркия Жазушылар одағы ретінде марқұм қалдырған бай әдеби мұра мен берік идеялар келешек ұрпаққа бағыт-бағдар болады деген сеніміміз мол.

Осы ауыр қазаға байланысты өзіңіз арқылы марқұмның отбасына, Қазақстан Жазушылар одағына, бауырлас қазақ халқына және бүкіл түркі жұртына көңіл айтып, сабыр, күш-қайрат тілеймін.

Мұхаммет Енес Кала,

Түркия Жазушылар одағының Бас төрағасы, доктор, профессор

ТАТАР ОҚЫРМАНЫНА ДА АСА ЖАҚЫН ЕДІ

Құрметті қазақ қаламдастар!

Қазақ және барша түркі халықтарының атақты ақыны, көрнекті қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың дүниеден өтуі бізді, сіздердің татар бауырларыңыздың да жанын ауыртып, қайғыға салды. Татарстанның да әдеби әлемінде жарығы сөнгендей болды.

Мұхтар аға татар оқырманына да жақын, кең танылған сүйікті қаламгер еді. Түркі бірлігі рухымен суарылған оның шығармашылығы бізді қалай жігерлендірсе, келер ұрпақ үшін де рухани күш-қуат көзі болып қала бермек.

Біз сізді ұмытпаймыз, ұстаз! Жаныңыз жәннаттың төрінде болсын!

Ркайль ЗӘЙДУЛЛА,

Татарстан Жазушылар одағының Төрағасы

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫНА АЙНАЛҒАН ТҰЛҒА

Құрметті Мереке Әбдешұлы, қадірлі қаламдас бауырлар!

Башқұртстан жазушыларының атынан қазақ халқының көрнекті перзенті, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шахановтың дүниеден өтуіне байланысты сіздерге қайғырып көңіл айтамыз.

Мұхтар Шахановтың өмірден өтуі — тек қазақ әдебиеті үшін ғана емес, посткеңестік кеңістіктегі көпұлтты әдебиет үшін де орны толмас ауыр қаза. Оның шығармашылығы мәдениеттерді жалғаған көпірге айналды, ал дауысы азаматтық батылдық пен рухани тереңдіктің символы болды. Мен ақынмен жеке таныс едім, бүгінде Астанада өткен халықаралық форумдағы бірге өткізген күндерді жылылықпен еске аламын.

Мұхтар Шаханов өз шығармашылығында поэтикалық сұлулықты, философиялық тереңдікті және азаматтық қайсар ұстанымды шебер ұштастыра білді. Оның шығармалары оқырман мен қаламгер әріптестердің бірнеше буынын шабыттандырып, сөз құдіретін және суреткердің қоғам алдындағы жауапкершілігін еске салып отырды.

Осы ауыр күндері сіздердің қайғыларыңызды бөлісе отырып, Қазақстан жазушыларына шынайы көңіл айтамыз. Мұхтар Шахановтың жарқын бейнесі оның кітаптарында, оқырмандардың жүрегінде және жалпы түркі әдебиетінің тарихында мәңгі сақталады.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Айгиз БАЙМҰХАМЕТОВ,

Башқұртстан Республикасы Жазушылар одағының Төрағасы

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ СҮЙІКТІ ҚАЛАМГЕРЛЕРІНІҢ БІРІ ЕДІ

Құрметті Мереке Әбдешұлы!

Қазақ халқы ежелден өзбек халқымен қандас әрі бауырлас ел болып, бір-біріне деген ақ көңіл, адал ниетпен өмір сүріп келеді. Әлішер Науаи мен Абай хазіреттердің ұстаз-шәкірттік байланысы бүкіл әлемге аңыз болып тараған. Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов пен Айбек, Әбділда Тәжібаев пен Миртемир, Абдулла Орипов пен Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов сияқты ұлы қаламгерлердің достығы екі халық бауырластығының мәңгілік символына айналды.

Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті қаламгер және қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың дүниеден өтуіне байланысты туысқан қазақ халқына, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелеріне, қазақ қаламгерлеріне, сондай-ақ Мұхтар Шахановтың отбасы мен балаларына, достары мен бауырларына Өзбекстан Жазушылар одағы және өзбек қаламгерлері атынан қайғырып көңіл айтамыз.

Мұхтар аға өзбек жазушыларының, Өзбекстанның шынайы досы әрі қадірлі тұлғасы еді. Оның өлеңдері мен прозалық шығармалары өзбек тіліне аударылып, оқырмандар арасында кең таралған. Әсіресе ұлы қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовпен бірге жазған «Құз басындағы аңшының зары» атты философиялық шығармасы Орталық Азия елдерінде ғана емес, бүкіл әлемде үлкен даңққа бөленді.

Мұхтар аға артында бай әдеби мұра қалдырды. Өзінің 85 жылдық өнегелі өмірі мен шығармашылығы барысында халқымыздың сүйікті қаламгерлерінің біріне айналған Мұхтар Шахановтың шығармаларын өзбек тіліне аудару және Өзбекстанда кеңінен насихаттау жұмыстары бұдан кейін де жалғаса береді.

Мұхтар ағаның ақыреті жарық, жаны жәннатта болсын.

Сирожиддин САЙИИД,

Өзбекстан Жазушылар одағының Төрағасы

КҮЛЛІ ТҮРКІ ӘЛЕМІ ҮШІН ДЕ ОРНЫ ТОЛМАС ЖОҒАЛТУ

Ұлы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Қазақстанның Халық жазушысы, Қырғызстанның халық ақыны, көрнекті қоғам қайраткері, дипломат және Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шахановтың дүниеден өткені туралы суыт хабарды біз терең қайғымен қабылдадық. 1959 жылы жарық көрген «Сырдария» өлеңімен әдебиетке келген Мұхтар Шахановтың «Бақыт», «Ай туып келеді», «Бүркіттер биікте қонады», «Сенім патшалығы», «Сүймегенді күтпе», «Ғасырлар жүрегінен», «Жартас басындағы аңшының зары», «Өркениет қателігі», «Шыңғыс хан өзімен бірге алып кеткен құпия», «Мейірімсіз жадтың ғарыштық формуласы» және басқа да көптеген өлеңдері мен поэмалары, пьесалары мен көркем публицистикалық еңбектері қазақ әдебиетінің асыл қазынасына айналды. Мұхтар Шаханов қазақ халқының зор құрметі мен сүйіспеншілігіне тек құнды әдеби шығармаларымен ғана емес, өзінің шынайы азаматтық ұстанымымен де ие болды. Оның шығармалары әлемнің 50-ден астам тіліне аударылып, жарық көрді. 1960-жылдары журналист ретінде еңбек жолын бастаған Мұхтар Шаханов кейіннен аса маңызды мемлекеттік және үкіметтік қызметтер атқарып, депутат болды, Қазақстанды көптеген ықпалды ұйымдарда таныстырып, дипломатиялық қызмет атқарды. Шығармашылық қызметі мен сан қырлы жемісті еңбегі үшін ол Қазақстанның ең жоғары мемлекеттік наградаларымен, сондай-ақ көптеген елдер мен беделді халықаралық ұйымдардың марапаттарымен наградталды.

Мұхтар Шаханов Әзербайжанның да жақын досы еді. Бұл ауыр қаза — бауырлас қазақ халқы мен оның әдебиеті үшін ғана емес, Әзербайжан үшін де, күллі түркі әлемі үшін де орны толмас жоғалту. Қазақ тілі бар кезде оның шығармалары оқылып, сүйіспеншілікке бөлене береді. Әзербайжан Жазушылар одағы ұлы қаламгердің отбасына, Қазақстан Жазушылар одағына және бүкіл қазақ әдеби қауымына терең көңіл айтады. Оның жарқын бейнесі әзербайжандық достары мен оқырмандарының жүрегінде мәңгі сақталады. Қайғыларыңызға ортақпыз.

Жаны жәннатта болсын!

Әзербайжан Жазушылар одағының хатшылығы

БИІК АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫМЕН ЕРЕКШЕЛЕНДІ

Жазушылар одақтарының халықаралық қауымдастығы көрнекті сөз шебері, белгілі жазушы және қайраткер Мұхтар Шахановтың мезгілсіз дүниеден өткені туралы қаралы хабарды терең күйзеліспен қабылдады.

Мұхтар Шаханов әрдайым адалдық пен ашықтық қағидаттарына берік болды, қоғамның күрделі мәселелеріне үн қосып, ел мен халық тағдыры туралы терең ойларын батыл жеткізе білді. Ол тек өзіне тән биік азаматтық ұстанымымен көпшілікке үлгі көрсетті. Сондықтан оның шығармалары Қазақстанның рухани мәдениетінің құнды қазынасына айналып қана қоймай, ұлттық әдебиетті көркем бейнелермен, өзіндік жарқын сюжеттермен байытты. Сонымен бірге қоғамдық-саяси ойдың дамуына, ұлттық сананың қалыптасуына және жастардың азаматтық рухта тәрбиеленуіне үлкен үлес қосты. Оның жарқын бейнесі қазақ халқы мен қалың оқырманының жүрегінде мәңгі сақталады.

«ЖОХҚ» халықаралық ұйымының мүшелері атынан марқұмның отбасына, әріптестеріне және осы тамаша адамды танып-білу бақыты бұйырған барша жандарға қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз. Оның жарқын рухы жаныңызды жылытып, осы ауыр қаза кезінде де үміт пен оптимизм рухын сақтауға көмектессін. Сіздерге осы орны толмас қазаға төтеп беру үшін сабыр, қайрат және рухани күш тілейміз.

Юрий КОНОПЛЯННИКОВ,
«ЖОХҚ» атқару комитетінің Төрағасы

КӨҢІЛГЕ ҚОНА КЕТКЕН

(Мұхтар Шахановқа)

Демедім сұм ажалдан құтқара алам,
Озыпсың бұл өмірден — Мұхтар ағам.
Азаматы сен едің қазағымның,
Бойына қасиеті жұққан адам.

Көңілге қона кеткен батыл ойың,
Көтерді қазағынның абыройын.
Кеудені қарып өткен өкініш сол,
Тойланбай 85 жас қалды тойың.

Айттың да айтарыңды дер кезінде,
Жарқылдап жүрдің дәйім ел көзінде.
Жаксы ағалар жайында сыр шертуші ең,
Айналдың естелікке енді өзін де.

Сөзіңе ұйыттың да жұрттың бәрін,
Атандың жас шағыннан ұтқыр дарын.
Аламан жарыстарда оза шауып,
Ешкімге дес бермеді жыр тұлпарын.

Ауыр дерт кімді болсын жеңбей тынбас,
Көз жұмдың арманына жетпей тұтас.
Қабырғалы қазағың бар кезінде,
Өр данқын аласарып кетпейді рас!

Мінуар ӘКІМХАНОВ



Серікбай ӘБІЛМӘЖІН

Серікбай Әбілмәжін 1984 жылы Қытай Халық Республикасының Алтай аймағында дүниеге келген. 2008 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия факультетін тамамдаған. 2015 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті филология бөлімінің магистратурасын бітірген. Бурабай ауданының мектептерінде мұғалім, Бурабай аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры, аудандық «Бурабай» газетінің редакторы болып қызмет атқарған.

Жазушылар одағының мүшесі, ақын Серікбай Әбілмәжіннің өлеңдері «Сарыарқа самалы» ұжымдық жыр жинағына, «Жыр маржаны» атты қазақ поэзиясының он-томдық антологиясына енген. 2014 жылы «Хантәңірі» баспасынан «Үркертөлғақ» атты жыр жинағы, 2021 жылы «Фолиант» баспасынан «Сарша тамыз» қатарлы жыр жинағы жарық көрген.

Марқұмның туған-туыстары мен жақындарына, қаламдас әріптестеріне қайғыра көңіл айтамыз.

Қазақстан Жазушылар одағы Баскармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті әдебиет сыншысы, академик Рымғали Нұрғалидың жары, тарих ғылымдарының кандидаты, ұлағатты ұстаз

Латипа АХМЕТОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты, марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыға ортақтасып көңіл айтады.

Тарихи-мәдени мұра – құнды қазына

Тарихи-мәдени мұра – ұлтымыздың өткенінен сыр шертетін құнды қазына. Ол халықтың рухани байлығы, ұлттық бірегейлігінің негізі және ұрпақтар сабақтастығын жалғастырушы күш ретінде маңызды рөл атқарады.

Тарихи мұра – материалдық мұра, материалдық емес мұра болып екіге бөлінеді. Материалдық мұраға: көне қалашықтар, қорғандар, ғибадатханалар, археологиялық қазбалар (мысалы, *Тайқазан*, *Алтын адам*) жатады. Материалдық емес мұраға: ауыз әдебиеті, музыка, салт-дәстүрлер, қолөнер, ұлттық ойындар жатады.

Қазақстан – бай тарихи-мәдени мұраға ие ел. Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы елдегі көптеген тарихи ескерткіштердің сақталуына себеп болды. Қазақстанда 10-нан астам нысан ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енген, ал 12 мыңнан астамы республикалық маңызы бар ескерткіштер ретінде арнайы қорғалады.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 30-дан астам қалашық пен қоныста ғылыми-реставрациялық жұмыстар жүргізіліп, мыңдаған құжаттар мен жәдігерлер анықталды. Мәселен, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – ЮНЕСКО-ның мәдени мұра тізіміне енген ерекше сәулет



ескерткіші. Отырар қалашығы – ортағасырлық өркениеттің ірі орталығы ретінде танылған тарихи орын. Беғазы-Дәндібай мәдениеті – ерте темір дәуірінен қалған археологиялық құндылықтардың бірі.

Бұл мұралар ұлттың өзіндік ерекшеліктерін сақтап, ұлттық сана мен мәдени бірегейлікті қалыптастыруда айрықша қызмет атқарады.

Туризмді дамыту басты назарда

Елімізде туризм белсенді түрде дамып келеді. Әсіресе экотуризмге, мәдени іс-шараларға және цифрландыруға баса назар аударылып отыр. Бұған Алматыда өткен 24-KITF 2026 халықаралық көрмесі дәлел бола алады.



(*Көлсай көлдері*, *Қайыңды*) және іскерлік туризмнің өсуі жатады.

Туристерді тарту үшін бүкіл ел бойынша 55 ауқымды мәдени-туристік іс-шара жоспарланған. Бар қиындықтарға қарамастан, қызмет көрсету сапасын жақсартуға және Цифрландыру жылы аясында цифрлық қызметтерді дамытуға назар аударылуда.

Бүгінгі таңда Қазақстан экономикалық, логистикалық, сондай-ақ туристік хаб мәртебесін бекітті. Ел халықаралық коммуникацияларды сәтті жүзеге асырып қана қоймай, ішкі

инфрақұрылымды, қызмет көрсету сапасын арттырып, халықаралық ілгерілетуді дамытып, туристік салаға инвестицияларды тартады. Динамикалық әлемдік жағдайларда Қазақстан тұрақтылық пен сенімділікті көрсетіп, туристік бизнес қауымдастығы мен іскерлік ынтымақтастық үшін тәуелсіз алаң ретінде көрінуде.

АЙЫМ АЛТЫН МЕДАЛЬМЕН ОРАЛДЫ

Таэквондодан Ташкентте өткен жастар арасындағы Әлем чемпионатына 120 елден 1000-ға жуық спортшы қатысты. Он алты жастағы қазақ қызы Айым Серікбаева Қазақстанға тарихи алтын медаль сыйлады.

Бұл 20 жыл күткен алтын медаль еді. Сондай ақ Айым Ташкенттегі әлем чемпионатында қыздар арасында «Үздік спортшы» атанды. Алты күн бойы аққан тер лайықты бағасын алды. Ал Ерасыл Ерзат, Ислам Медетбай, Алидар Абдукаримов және Әділет Шералы қола жүлдені місе тұтты. Осылайша, Қазақстан құрамасы 5 медаль еншіледі. Спортшыларымыз әлем біріншілігіне үлкен дайындықпен келген қарсыластарының өнерін көріп, өз тәжірибелерін шыңдауға да мүмкіндік алды.

Жуырда Әлем чемпионатында жүлде алған қыз-жігіттер елге оралды. Енді Сенегал Дакар қаласында жасөспірімдер арасында олимпиадалық ойындар өтеді. Спортшылардың тыңғылықты дайындықтар жүргізіп ол жақтан да олжалы оралатындықтарына сенімдері мол.



ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН МАРАФОН



Өткен аптаның соңында Алматыда 44 елден 10 мыңнан астам қатысушының басын қосқан тоғызыншы Алматы жартылай марафоны өтті.

Жартылай марафон биыл тоғызыншы рет өткізіліп отыр. Жүгірушілердің көпшілігі Қазақстанның тұрғындары, бірақ бастапқы географиясы кеңейіп келеді. Бұл тоғыз жыл бойы өткізіліп келе жатқан жартылай марафонды Корпоративтік қор ұйымдастырып келеді. Биыл «Бірінші болу батылдығы» атты жартылай марафонға халықаралық қатысушылардың саны рекордтық көрсеткішке жетті. Дәстүрге айналған марафон Қазақстандағы ірі жүгіру шаралары маусымының басталғанынан хабардар етеді.

Биылғы жылы жарысқа 821 шетелдік қатысушы (жалпы санының шамамен 8 пайыз) Алматыға арнайы жарысқа келді.

Үздік үштіктің сапына Ресей (346), Қырғызстан (146) және Өзбекстан (81) кірді. Халықаралық қатысушылардың қатарында Қытай (37), АҚШ (32), Ұлыбритания (28), Украина (21) және Беларусь (18) өкілдері де болды.

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҮРЖЕКЕ Бексұлтан,
НҮРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректор:
Айнаш ӘЛДИБЕК

Меншікті тілшілер:
Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы
Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы
Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ
Ақтөбе облысы
Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ
Атырау облысы
Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА
Батыс Қазақстан облысы
Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН
Жамбыл облысы
Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ
Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ
Қостанай облысы
Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ
Қызылорда облысы
Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА
Маңғыстау облысы
Сағындық РЗАХМЕТ
Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ
Түркістан облысы
Айдар СЕЙДӘЗІМ
Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ
Шымкент қаласы
Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

Кезекші: Мөлдір
РАЙЫМБЕКОВА

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:

8 (727) 272-88-17

e-mail:
kazakh_adebiety25@mail.ru

Мекенжайымыз:
050009, Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй. 3-қабат.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды. Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген. Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223 «В». Офсеттік басылым. Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.